

**«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай ауданы білім бөлімінің Нұржан Наушабаев атындағы
мектеп-гимназиясы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Тобыл қаласы

«28» наурыз 2024 жыл

Мазмұны

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ БӨЛІМДЕРІ	БЕТІ
Бөлім 1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы	3
Бөлім 2. Кадрлық құрамға талдау	
1) тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер	4-5
2) қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагогтер және олардың оқу жүктемелері туралы мәліметтер	6
3) мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер	6-7
4) кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер	7-11
5) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың 11-14соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер	11-14
6) кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер	14-16
Бөлім 3. Білім алушылар контингенті	
1) деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер	16
2) сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер	16
3) білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:	17-25
Бөлім 4. Оқу- әдістемелік жұмыс	
1) білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі	25-29
2) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру	29
3) білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру	29-68
4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру	68-74
5) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері	74-77
6) білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру	77-80
7) ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру	80-95
8) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы оқу	95-96

9) "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсының іске асыру	96
Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:	96-108
10) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы:	
11) инвариантты және вариативті (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) компоненттерін құрайтын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ белгілеген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы	108-111
12) сыныптарды топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып	111-115
Оқу мерзіміне өлшемшарттар:	115-116
13) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау	
14) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау	116-117
Бөлім 5. Оқу-материалдық активтер	
1) Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.):	117
2) Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (кабинеттер, лекциялық аудиториялар, практикалық дәрістерге арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және дене шынықтыру залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы (өткізу пункттері, санитарлық тораптар (унитаз, жуынатын раковиналар), білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы):	117-142
3) Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер (<i>шкафтардың болуы туралы талдау жазылады</i>)	143
6) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер	143-144
7) Білім беру ұйымдарының жабдықтарымен және жиһаздарымен, оқу-зертханалық жабдықтармен және техникалық оқыту құралдарымен жарақтандырылуы туралы мәліметтер	144
8) Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер	144
Бөлім 6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры	
1) Оқу және көркем әдебиеттің кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер	145-150
2) Интернет желісіне қосылған компьютерлердің (шағын жинақты мектептерді қоспағанда) компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер	151
Бөлім 7. Білім алушылардың білімін бағалау	
1) ЖІП үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері)	151-159
2) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу 161-165 жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау	159-163
3) ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына	163-165

сәйкес оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау (дамудың бұзылуын және әлеуметтік бейімделуді түзету)	
4) 4, 9-сынып оқушыларының тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім берудің күтілетін нәтижелерін және білім беретін оқу бағдарламаларын игерудің жетістіктерін айқындау бойынша оқыту нәтижелерін бағалау	165
8. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы: Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау	165-176
9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары:	176
10. Қорытындылар мен ұсыныстар	177-178

1-Бөлім. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Мектептің құрылған жылы: - 1995 жыл

Мектептің бас ғимаратының арнайы салынып берілген жылы – 2005 жылы

Жобалық сыйымдылығы: 680 оқушы.

2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

Білім беру ұйымының толық атауы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің Нұржан Наушабаев атындағы мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Ұйымның заңды мекен- жайы және нақты орналасқан жері:	Заңды мекен-жайы: Индекс 111100, Қазақстан Республикасы. Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Тобыл қаласы. Водник 27/2.
Заңды тұлғаның байланыс деректері:	Телефон 8-(71455) 2-03-70 Электрондық почта – Naush@edu.kz Ресми сайты: https://naush-school.edu.kz
Заңды тұлғаның байланыс деректері:	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің Нұржан Наушабаев атындағы мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектеп директоры Алимова Айткуль Едресовна мектеп директорылығы қызметіне Қостанай ауданы білім бөлімінің басшысының 2018 ж 14 тамыздағы № 242 бұйрығымен тағайындалған.
Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің Нұржан Наушабаев атындағы мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 12 қазандағы № 440 қаулысымен бекітілген, ҚР Әділет Министрлігінің Әділет департаментінде 24.10.2023 ж. тіркелген Жарғы негізінде әрекет етеді.
Рұқсат беру құжаттары:	Лицензия –№ KZ00LAA00035897 22.11.2023 жыл. «Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қостанай облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі

Материалдарға сілтеме:

<https://drive.google.com/drive/folders/1XfmR049uqGAPXZ-HwMnL7DU8YhtzbiI?usp=sharing>

2-Бөлім. Кадрлық құрамға талдау:

1) *тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде арнаулы орта білімді педагогтер туралы мәліметтер:*

Нұржан Наушабаев атындағы мектеп-гимназияда соңғы үш оқу жылында штаттағы мұғалімдер саны өзгеріп отырды.

Оқу жылы	Барлық педагогтар саны	Білімі %		
		магистр	жоғары	Арнайы орта
2021-2022	83	9,6	96,4	3,6
2022-2023	77	11,6	96,2	3,8
2023-2024	72	11	95,8	4,2

2021-2022 оқу жылындағы педагог саны - 83.

Білім беру мекемесінің мемлекеттік аттестаттаудан өту сәтінде тұрақты педагогикалық қызметкердің жалпы саны 83, жоғары білімдісі педагог 96,4%-ды; 3 педагог (3,6%) арнайы орта білімі бар педагогтар, магистранттардың үлесі 9,6%. (8 педагог).

Мектеп-гимназия бойынша:

1-4 сынып мұғалімдер саны – 32, оның ішінде жоғары педагогикалық білімі бар педагогтар саны - 29 (90,6%), арнайы орта білімі бар педагогтар саны - 3 (9,4%).

5-9 сынып мұғалімдер саны – 58, оның ішінде жоғары педагогикалық білімі бар педагогтар саны - 58 (100%).

10-11 сынып мұғалімдер саны – 27, оның ішінде жоғары педагогикалық білімі бар педагогтар саны - 27 (100%).

2022-2023 оқу жылындағы педагог саны - 77,

Білім беру мекемесінің мемлекеттік аттестаттаудан өту сәтінде тұрақты педагогикалық қызметкердің жоғары білімдісі 77 педагог 96,2%-ды; 3 педагог (3,8%) арнайы орта білімі бар педагогтар, магистранттардың үлесі 11,6 %. (9 педагог).

Оның ішінде: 1-4 сынып мұғалімдер саны – 37, оның ішінде жоғары педагогикалық білімі бар педагогтар саны - 34 (91,8%), арнайы орта білімі бар педагогтар саны - 3 (8,1%).

5-9 сынып мұғалімдер саны – 53, оның ішінде жоғары педагогикалық білімі бар педагогтар саны – 53 (100%).

10-11 сынып мұғалімдер саны – 27, оның ішінде жоғары педагогикалық білімі бар педагогтар саны - 27 (100%).

2023- 2024 оқу жылында педагог саны – 72.

Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің саны - 69 педагог 95,8% құрайды, арнайы орта білімі бар педагогтар - 3 педагог (4,2%), магистранттардың үлесі - 8 педагог (11 %).

1-4 сынып мұғалімдер саны – 25, олар жоғары педагогикалық білімі бар педагогтар саны - 22 (88 %), арнайы орта білімі бар педагогтар саны - 3 (12 %).

5-9 сынып мұғалімдер саны – 48, оның ішінде жоғары педагогикалық білімі бар педагогтар саны - 47 (100%).

10-11 сынып мұғалімдер саны – 21, оның ішінде жоғары педагогикалық білімі бар педагогтар саны - 20 (100%).

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарын сыныптау (классификатор) мен кодтауды белгілейтін білімнің яғни қайта даярлау курстарының сертификатын алған 5 педагог. *Олар:*

1. Ескаирова Марал Сейткановна - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Информатика жаратылыстану бакалавр 2013 жылы аяқтаған. "Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау (Информатика, робототехника және жобалау) білім беру бағдарламасымен педагогикалық қайта даярлау курсынан өткен. Сертификат 10.10.2023ж №66
2. Жақсыбай Ерсұлтан Махмұдұлы - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университет, Педагогика ғылымдарының магистранты 17.06.2020ж. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті – филология маманы, 2018 жылы аяқтаған. "Тіл және әдебиет мұғалімдерін даярлау (қазақ тілі мен әдебиеті) білім беру бағдарламасы педагогикалық қайта даярлау курсы 10.10.2023ж №51 сертификаты бар.

2023-2024 оқу жылында жұмысқа қабылданған үш жас маманның да өз дипломдарымен қоса, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарын сыныптау (классификатор) мен кодтауды белгілейтін білімнің қайта даярлау курстарының сертификатын алған;
Олар:

1. Истаева (Ахметкалиева) Жанна Рашидовна-А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті физика пәні білім беру бағдарламасы. Жаратылыстану бакалавры дипломымен 2023 жылы аяқтаған. "Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау (физика) білім беру бағдарламасы бойынша педагогикалық қайта даярлау курсы өткен 31.07.2023ж №43 сертификаты бар. Физикадан 0,5 жүктеме. Тәлімгер тағайындалған.
2. Сапарғали Көркем Бейбітқызы-А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023 ж математика бакалавры дипломына қоса "Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау (математика) білім беру бағдарламасы бойынша педагогикалық қайта даярлау курсы өткен 31.07.2023ж №402 сертификаты. Физикадан 1 бірлік жүктеме. Тәлімгер тағайындалған.
3. Төкен Айгерім Нұртайқызы- А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті физика пәні білім беру бағдарламасы жаратылыстану бакалавры . 2023ж, "Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау (физика) БББ педагогикалық қайта даярлау курсы өткен 31.07.2023ж №46 сертификаты бар. Физикадан 0,5 жүктеме. Тәлімгер тағайындалған.

Арнайы орта білімді -3 педагог:

- 1-Кадирбай Айданак Алмухановна Ы. Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік - гуманитарлық колледжінің «шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі» 2019 жылы аяқтаған. Еңбек өтілі-5 жыл. Педагог- модератор. (31.08.2019ж №221 бұйрық)
- 2-Мырзахмет Лунара Маратовна Ы. Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік - гуманитарлық колледжінің «шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі» 2018 жылы аяқтаған. Аталған мектеп-гимназияда жұмыс жасағанына 1жыл 2 ай. (01.12.2022 №299 бұйрық)
- 3-Бакитжанова Венера-"Зерек колледжі" жеке мекемесі. 2021 ж. "Бастауыш білім беру" мамандығы бойынша аяқтаған. Жас маман. (01.09.2021ж №83 бұйрықпен)

Үш жыл ішінде мұғалімдер санының өзгеруі педагог қызметкерлердің жұмыстан кетуі мен азаюының негізгі себептері: Үш педагогтың зейнеткерлікке кетуі, екі педагогтың облысымыздың басқа аудандарына мектеп басшысы қызметіне ауысуы, 2022-2023 оқу жылы мен 2023-2024 оқу жылдарындағы кеткен екі мектеп директорының орынбасарларының орнына өз ұжымымыздың педагогтарының сайлануы, екі тәрбиешінің мектеп интернатының жабылуына байланысты өз еріктерімен басқа жұмысқа ауысуы, 2021-2023 жылдар аралығында 12 мұғалімнің декреттік демалыста болуына байланысты уақытша бос лауазымдық орынға педагогтардың алынуы себеп болды.

Биылғы оқу жылында 5 педагог бала күтіміне байланысты демалыста отыр. Олар: бастауыш сынып мұғалімі- Мухамедғали Н.М(бұйрық №213.27.12.2021ж), педагог-психолог-Тюлекенова Д.А (бұйрық №32 а 17.06.2021ж), орыс тілі мен әдебиеті пәнінен -Бақытжан Қ.А (бұйрық №82

30.03.2022ж), Кадиршинова А.М (бұйрық № 314 20.12.2022ж), математикадан-Каримова А.Р. (бұйрық №25 22.01.2024ж).

2) қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін пән мұғалімдері:

1. Абиьлкасимова Айгуль Бектурсыновна – жоғары білімді, еңбек өтілі-33 жыл. Орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі. Оқу жүктемесі 6 сыныптарда 5 сағат және үйден оқыту бойынша 1 сағат. Санаты: педагог -модератор.

2. Тапелова Дидар Жусуповна– жоғары білімді, жалпы еңбек өтілі- 6 жыл. Орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі. Негізгі жұмысы аудандық білім бөлімінің әдіскері. Пәні бойынша соңғы 5 жылда сабақ бермеген. Биылғы оқу жылынан бастап, мектеп-гимназияға орыс тілі және әдебиеті пәні бойынша жұмысқа қабылданды. Педагог-тағылымдамашы. Оқу жүктемесі 5-сыныптарда 6 сағат.

3. Габдуллина Асель Жаслановна жоғары білімді, магистр. Хореограф. Санаты: педагог-модератор. (Қосымша білім беру педагогы 0,5 жүктемемен)

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінен гимназия сыныптарына жекелеген курс өткізетін ғылыми кеңесшілер

1. Утегенова Бибикуль Мазановна орыс тілі және әдебиеті пәні бойынша . Педагогика мамандығы бойынша доцент. Жүктемесі 10 сағат.

2. Шалғымбеков Айбек Батырханович тарих пәні бойынша. Тарих ғылымдарының кандидаты. Педагог- зерттеуші. Жүктемесі 14,1 сағат.

3. Шалғымбекова Кенжегуль Сапышевна бастауыш сыныптар, қазақ тілі мен әдебиеті бойынша. Педагогика ғылымдарының кандидаты. Педагог-модератор. Жүктемесі 12 сағат.

Туісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі 96% болғандықтан «4» деген баллмен бағалаймыз

3) мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер:

Басшы мен басшылар орынбасарларын аттестаттау қорытындылары

Оқу жылдары	Басшы – көшбасшы санаты-мен	Басшы орынбасарлары саны	Аттестацияд ан өткендер	Аттестация (беру/растау)			өте алмаған	%
				бірінші	екінші	үшінші		
2021-2022	1	5	3	0	0	0	0	66,6
2022-2023	1	5	4	0	1	0	0	83,3
2023-2024	1	5	Ұзартылды 3	1	2	0	0	66,6

Бірінші рет 2020- 2021оқу жылында мектеп басшысы Алимова Айткуль Едресовна 25.01.2021 жылы №56 бұйрығымен «бірінші біліктілік санаттағы басшысы» санатын алды, кезекті санат алу уақыты 25.01.2024 жылы болса да, мектеп басшысы өз жетістіктеріне орай кезектен тыс екінші рет «басшы- көшбасшы» санатын растады.(21.07.2023 жылы №458 бұйрық)

2020-2021 оқу жылында мектеп директорының ғылыми – әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Саржанова Нурзия Молдабаевна бірінші біліктілік санаттағы басшының орынбасары, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Байбатырова Айзада Турлыгуловна екінші біліктілік санаттағы басшының орынбасары, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Рахимова Гаухар Уразалыевна екінші біліктілік санаттағы басшының орынбасары санатын иеленді. (24.12.2020 жылы №579 бұйрық) Қорытындысында басшы және орынбасарларының кадрлық сапасы- 66,6%.

Аттестация уақыты министрлік тарапынан келген хат (№2-15-3/5835.03.10.2023) негізінде директордың орынбасарлары Байбатырова А.Т, Саржанова Н.М, Рахимова Г.У аттестациядан өту уақыттары 24.12.2023 жылы болғанымен 2024 жылдың маусымына дейін ұзартылды (20.12.2023 жылы №314 бұйрық)

2022-2023 оқу жылында басшы және орынбасарларының кадрлық сапасы 83,3% ға өсті. Себебі, директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Аяндина Айман Серікбайқызы екінші біліктілік санаттағы басшының орынбасарлығына аттестацияланды.

2023-2024 оқу жылындағы басшылардағы кадр сапасының түсу себебі, екінші біліктілік санаттағы басшының орынбасары Аяндина Айман Серікбайқызы Әуликөл ауданына мектеп директоры қызметіне кетуі себепті, орнына санатсыз орынбасар Жанбыршина А.С тағайындалды.(26.09.2023ж №224) Аттестация уақыты болған жоқ. Оның жұмыс өтілі 0.4 ай.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Кожина Ф.К тағайындалды (01.03.2024ж № 61) Аттестация уақыты болған жоқ.

Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі 100% болғандықтан «5» деген баллмен бағаланды.

4) кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер:

Педагог қызметкерлерді 3 жылдағы аттестаттау қорытындылары.

Оқу жылы	барлығы	Санаттары								Кадр сапасы %
		педагог-шебер	педагог-зерттеуші	педагог-сарапшы	педагог-модератор	жоғары	бірінші	екінші	педагог	
2021-2022	83	1	20	20	12	4	7	1	18	56,6
2022-2023	77	1	19	17	18	0	4	1	17	55,8
2023-2024	72	1	20	13	18	1	3	1	15	52,7

Соңғы үш жылдағы мектептің педагог кадрларының сапалық және сандық құрамын талдау педагогикалық ұжымның мектепті дамыту үшін кәсіби құзыреттіліктің жеткілікті деңгейде. Себебі 2021-2022 оқу жылында мектеп- гимназияның кадр сапасы -56,6% , 2022-2023 оқу жылында -55,8%, 2023-2024 жылы педагогтардың 52,7 % -ы педагог-шеберлер, зерттеушілер, сарапшылар, жоғары, бірінші санаттағы педагогтар болып табылады.

Кадр сапасының өзгерісін педагогтардың соңғы оқу жылдарында Астана, Алматы, Қостанай қалаларына қоныс аударуы, басқа аудандарға мектеп басшысы (2 педагог) болып жұмысқа ауысу, зейнеткерлікке шыққан зерттеушілер мен сарапшы әріптестер орнына 2 жыл қатарынан жас мамандар мен санатсыз басқа салаларда жұмыс жасаған кадрлардың жұмысқа қабылдануы да әсер етуде

Мектепте аттестатталатын педагог қызметкерлерге әкімшілік тарапынан әдістемелік қолдау көрсетіледі.

Бұйрықтар уақытылы шығарылады, куәліктер беріледі, тіркеу жүргізіледі. Педагог қызметкерлерді аттестаттау жөніндегі мәселелер мен ұсынымдар педагогикалық кеңесте, директор жанындағы кеңестерде, әдістемелік кеңестерде қаралады, мектеп ішіндегі бақылау жоспарына енгізіледі.

2021-2022 оқу жылында аттестаттаудан өтудің перспективалық жоспарына сай мектеп – гимназия бойынша 14 педагог өтініш берді оның **төртеуі** кезектен тысқа берген.

14 педагогтың екеуі педагог-зерттеушіге, бесеуі педагог-сарапшыға, жетеуі педагог-модераторға берді. Бірақ педагогикадан аздаған ғана баллдардың жетпей қалуынан 7 педагог ПББ өте алмады, 2 педагог (Тюлекенова Д.А, Муталипова С.Б) бала күтімі демалысына кетті, 1 педагог (Байзақова Г.Д) ПББ өткенімен портфолиодан өте алмады. Нәрікбаева К.А. (кезектен тыс) педагог-зерттеушіге, Байгазина Г.Т (кезектен тыс), Кадирбай А.Ә , Каримова Ә.Р педагог-модератор санатына өтті.

2021-2022 оқу жылының бастауыш сыныптарындағы 32 педагогтың ішіндегі жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің **бастауыш білім беру деңгейіндегі** педагогтердің жалпы санынан кадр сапасының үлесі- 40,6%.

5-9 сыныптарға сабақ беретін жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің **негізгі орта беру деңгейіндегі** педагогтердің жалпы санынан үлесі-63,79%

10-11 сынып тар бойынша жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің жалпы **орта білім беру деңгейіндегі** педагогтердің жалпы санынан үлесі-74,07%

2022-2023 оқу жылында біліктілік санаттарын алу /растау үшін мектеп – гимназияның перспективалық жоспарына сай 19 педагог өтініш берді. Осы 19 педагогтың біреуі қолданыстағы педагог-шебер (Алимова А.Е.), 2 педагог қолданыстағы педагог-зерттеуші (Байхасынова А.К, Сайтгараева М.Ж.) 1 педагог (Байбатырова А.Т) қолданыстағы «жоғары» біліктілік санатын, зейнеткерлік жасына сай ұзартуға өтініш берді. 4 педагог педагог- зерттеушінің біреуі Байзақова Г.Д өтініш берген педагог- зерттеуші санатын алды, екінші Байгенжина Г.Т балы жетпегендіктен педагог-сарапшыға төмен санат алды. Зерттеушіге берген Дарбаева Қ.Ж, Ахмет Г.Т өтініш берген санатына балы жетпегендіктен қолданыстағы санаттары бір деңгейге төмендетілді. Шунгулова Р.А педагог- сарапшы санатын 30 жыл өтілімен растады. Еримбетова Г.Т, Кадиршинова А.М, Бақытжан Қ.А декреттік демалысқа кетуіне байланысты аттестацияға өтініш жазбады. Педагог – модератор санатына өтініш жазған 7 педагогтың екеуі (Сейтова Г.Н, Байдильдина Р.К) ПББ – дан өтпеді. Қалған 5 педагог (Жақсыбай Е.М, Исхакова А.А, Кужахметов А.М, Туребекова Ж.А, Мырзатаева С.С) педагог- модератор санатын алды.

2022-2023 оқу жылының бастауыш сыныптарындағы 32 педагогтың ішіндегі жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің **бастауыш білім беру деңгейіндегі** педагогтердің жалпы санынан үлесі-48,65%

5-9 сыныптар педагогтарының ішінде жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің **негізгі орта беру деңгейіндегі** педагогтердің жалпы санынан үлесі-60,38%

10-11 сынып педагогтары ішінде жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің жалпы **орта білім беру деңгейіндегі** педагогтердің жалпы санынан үлесі-62,96%

2023-2024 оқу жылы зейнеткерлік жасқа бір-үш жыл қалуына байланысты өз өтініштеріне сай Алимова А.Е шебер санаты, Байхасынова А.К педагог-зерттеуші, Сайтгараева М.Ж педагог-зерттеуші, Байбатырова А.Т «жоғары» біліктілік санаттары 01.09. 2023ж №170 бұйрықпен ұзартылды. 20.12.2023ж №315 бұйрықпен : Саржанова Н.М. педагог- зерттеуші санаты ұзартылды 01.09.2023 ж №171 бұйрықпен бала күтімінен кейін жұмысқа шығуына байланысты Муталипова С.Б бірінші біліктілік санаты, Рахимова Г.У бірінші біліктілік санаты ұзартылды және Еримбетова Г.Т педагог- модератор санаты ұзартылды.

Аттестациялау ережесінің өзгеруіне сай ҚР оқу ағарту министрлігінің 2023ж 03 қазандағы №2-15-3/5835 хаты негізінде 20.12.2023ж №314 бұйрықтың 2- қосымшасымен санаттары уақытша ұзартылған педагогтер: Осер Динаның педагог- сарапшы, Дулыбай Ә.А педагог- сарапшы санаты ұзартылды.

Директордың орынбасарлары: Саржанова Н.М бірінші біліктілік санаты, Байбатырова А.Т екінші біліктілік санаты, Рахимова Г.У-екінші біліктілік санаты, ҚР оқу ағарту министрлігінің 2023ж 03 қазандағы №2-15-3/5835 хаты негізінде 20.12.2023ж №314 бұйрықпен 1- қосымшамен ұзартылды.

12.12.2023 ж № 311 бұйрықпен Кожина Ф.К педагог-сарапшы санаты ұзартылды. ,
 02.10.2023ж №249 Саржанова Г.С, бірінші біліктілік санаты ұзартылды.
 2024ж сәуір айынан бастап санат алу/растау аттестацияға ПББ тапсыруға перспективалық жоспарға сай 10 педагог модераторлыққа, 10 педагог сарапшыға, 10 педагог зерттеушіге тіркеледі деп жоспарлануда.

Мектеп – гимназиядағы зейнеткерлік жасына, бала күтіміне және жаңа аттестациялық ережеге сай уақытша тоқтатылуға (мораториинге) орай аттестациялық мерзімі ұзартылған педагогтар туралы мәліметтер кестесі:

Оқу жылы	Аты - жөні	Себебі	Бұйрық
2023-2024	1.Муталипова С.С 2.Еримбетова Г.Т 3.Рахимова Г.У	Бала күтімімен ұзартылды	01.09.2023 №171 (1-қосымша)
№2-15-3/5835. 03.10.2023ж ҚР оқу-ағарту министрлігінің хатына сай ұзартылғандар			
2023-2024	4.Алимова А.Е 5.Байхасынова А.К 6.Сайтгараева М.Ж 7. Байбатырова А.Т	Шебер санаты зейнеткерлік жасына сай қолдану мерзімі ұзартылған Зерттеуші санаты зейнеткерлік жасына сай қолдану мерзімі ұзартылған	01.09.2023 ж №170
	8.Саржанова Г.С	Бала күтімімен ұзартылды	02.10.2023ж №249
	10.Саржанова Н.М	Зейнеткерлікке байланысты педагог-зерттеуші санаты ұзартылды	20.12.2023 ж №315
	9.Кожина Ф.К	Педагог-сарапшы санаты ұзартылды (мораториге сай)	12.12.2023ж №311
	11.Өсер Дина	Педагог-сарапшы санаты ұзартылды (мораториге сай)	20.12.2023 ж №314 (2-қосымша)
	12.Дулыбай Ә.А	Педагог-сарапшы санаты ұзартылды (мораториге сай)	
	13.Саржанова Н.М	Басшы орынбасарының бірінші біліктілік санаты ұзартылды (мораториге сай)	20.12.2023 ж №314 (1-қосымша)
	14.Байбатырова А.Т	Басшы орынбасарының екінші біліктілік санаты ұзартылды (мораториге сай)	
	15. Рахимова Г.У	Басшы орынбасарының екінші біліктілік санаты ұзартылды (мораториге сай)	

Жалпы алғанда 2023-2024 оқу жылында педагог-шебер - 1 педагог, (1,3 %), «жоғары» біліктілік санатты-1 (1,3 %), «бірінші» санаттағы педагогтардың саны -3 педагог (4,1 %), педагог-зерттеуші -20 педагог, (28 %), педагог-сарапшы -13 педагог (18 %), «екінші» санаттағы педагогтардың саны - 1 педагог (1,3 %), модераторлар саны -18 педагог (25%) құрайды, санаты жоқ педагогтардың үлесі 15 - ол жалпы педагогтар санының-20,8% құрайды.

Олар:

- Сапарғали К.Б математика пәнінен жас маман болып 01.09.2023ж №164 бұйрықпен қабылданды.
- Истаева Ж. Р- физика пәнінен 0,5 жүктемемен жас маман болып 01.09.2023ж №182 бұйрықпен қабылданды.
- Төкен А.Н. - физика пәнінен 0,5 жүктеме жас маман болып 01.09.2023ж №181 бұйрықпен жұмысқа қабылданды. Осы үш маманның да Жұмыс өтілдері- 0,7 ай.

4. Бақытжанова Венера жалпы еңбек өтілі-28 жыл басқа салада жұмыс жасаған. Мектеп-гимназияға жас маман болып (01.09.2021ж № 83 бұйрықпен) қабылданды, қазіргі еңбек өтілі – 2 жыл 7 ай, Перспективалық жоспар бойынша 2024 жылы маусым айына өтініш жазады.

5. Бекешова А.А декреттік демалыс орнына уақытша жас маман болып қабылданды (01.09.2021ж № 85 бұйрық) қазіргі еңбек өтілі- 2 жыл 7 ай, перспективалық жоспар бойынша 2024 жылы маусым айына өтініш жазады.

6. Торбаев А.К басқа салаларда жұмыс жасаған өтілі – 17 жыл, Педагогикалық өтілі осы мектеп-гимназияда-2 жыл 5 ай;(08.09.2021ж №105 бұйрық) АӘТД ұйымдастырушысы болып қабылданған. №19 бұйрықпен 17.01.2024 жылы қосымша білім беру педагогы лауазымына ауыстырылды.

7. Бушенеева Э.Б жалпы еңбек өтілі- 9 жыл 7ай жыл басқа салада жұмыс жасаған. Осы мектеп- гимназияда еңбек өтілі- 1жыл 7ай; (31.08.2022ж № 182 бұйрық) перспективалық жоспар бойынша 2024 жылы маусым айына өтініш жазады.

8. Мырзахмет Л.М. Жалпы жұмыс өтілі-5 жыл 6 ай.(01.12.2022 №299 бұйрық) қабылданған. Мектеп- гимназиядағы педагогикалық еңбек өтілі- 1 жыл 7 ай. Перспективалық жоспар бойынша 2024 жылы маусым айына өтініш жазады.

9. Рахметова Күлпара Мырзабаевнаның жалпы педагогикалық жұмыс өтілі- 36 жыл. 2019 жылдан бастап өзін-өзі тану мұғалімі болып педагог – сарапшы санатымен жұмыс жасаған. (15.08. 2022ж №168) жылдан бастап өзін –өзі тану пәні оқу бағдарламасынан алынып тастауына байланысты дипломдағы мамандығына сай бастауыш сынып мұғалімдігіне ауыстырылған. Қазіргі уақытта осы аталған мектеп-гимназияда бастауыш сыныпта 1 жыл 7 ай жұмыс жасауда. Перспективалық жоспар бойынша 2024 жылы маусым айына өтініш жазады.

10. Макенов Н.М. Көркем еңбек пәні мұғалімі. Еңбек өтілі- 5жыл (01.09.2018ж №155 бұйрық). Нурсултан Мылтыкбаевич 17.09.2020 жылы және 28.10.2021 жыл екі рет педагог-модераторлыққа ПББ тапсыруға барған, бірақ жинаған баллдары жетпеуіне сай осы санатқа өте алмаған. Перспективалық жоспар бойынша педагог- модератор санатына 2024 жылы маусым айына өтініш жазады.

11. Ескаирова М.С жалпы жұмыс өтілі – 4 жыл. (02.09.2019 жыл №221 бұйрық) «Педагог-модератор» санатына портфолиосы өтпей қалуына байланысты аттестациядан өте алмады. Перспективалық жоспар бойынша 2024 жылы маусым айына өтініш жазады.

12. Сейтова Г.Н. жалпы жұмыс өтілі – 32жыл. Осы мектепте екінші санатты педагог болып 15 жыл жұмыс жасаған. «Педагог- модератор» санатына 06.04.2023 жылы ПББ тапсырып, өте алмаған. Перспективалық жоспар бойынша 2024 жылы маусым айына өтініш жазады.

13. Какенова Мереке Мираспековна жалпы жұмыс өтілі-31 жыл әр салада. Оның ішінде 9 жыл педагогикалық өтілі болған. Мамандығы экология мұғалімі. 2023-2024 оқу жылында аталған мектеп- гимназияның интернат үйінің жабылуына сай, интернат медбикесі қызметінің қысқаруына байланысты зейнеткерлік жасқа бір жыл қалғандықтан, екінші дипломындағы экология пәні мұғалімі мамандығына сәйкес қосымша білім беру педагогы бойынша -0,5 жүктеме, «арнайы топ» бойынша-0,5 жүктеме сағатпен 01.09.2023 жылы №160 бұйрықпен лауазымдық міндетіне ауыстырылды. 2009 жылдан бері педагог болып жұмыс жасамаған. Осыған сай педагогикалық жұмыста-0,6 ай.

14. Сауранбаева Аяулым Сериковна- АӘТД ұйымдастырушысы жалпы жұмыс өтілі- 14 жыл. Мектепке қабылданған уақыты (15.02.2024 жыл №51 бұйрық). Перспективалық жоспар бойынша 2024 жылы маусым айына өтініш жазады.

15. Абибуллаева Карлыгаш Сулейменовна-Бастауыш сынып мұғалімі.Санатсыз. Бала күтіміндегі мұғалім орнынындағы бос лауазымға уақытша алынған. Жас маман. 15.09.203ж. №209 бұйрық.

Соңғы үш жылдағы мектептің педагог кадрларының сапалық және сандық құрамын талдау барысында аталған жыл бойынша біліктілік арттыру бойынша уақытынан асып кеткен және себепсіз біліктілік санатын арттыру уақыттарын өткізіп алған педагогтар жоқ.

Мектеп-гимназия педагогтарының сапалық құрамын зерделеу олардың құзыреттілігінің жеткілікті деңгейі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді: педагогтердің 96%-ы жоғары педагогикалық білімі бар, магистранттардың үлесі 11 % құрайды.

Қорыта келе 2023-2024 оқу жылының бастауыш сыныптарындағы 25 педагогтың жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің **бастауыш білім беру деңгейіндегі** педагогтердің жалпы санынан үлесі-48% .

5-9 сыныптарға сабақ беретін 48 педагогта жоғары санатты және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің **негізгі орта білім беру деңгейіндегі** педагогтердің жалпы санынан үлесі кадр сапасы- 58,3%.

10-11 сыныптарға сабақ беретін 21 педагог жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің жалпы **орта білім беру деңгейіндегі** педагогтердің жалпы санынан үлесі- 80,9 % құрап кемінде 5 жылда бір рет педагогтардың *біліктілік санатын арттыру /растау жұмысы (5 балл) нәтижені көрсетті.*

5) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы үш жылдағы аудандық және/немесе облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер:

Мектептің штаттық кестесіне сәйкес педагогикалық құраммен жасақталған. Мектептің педагогикалық ұжымы тәжірибелі, жұмыс қабілеті жоғары, шығармашыл, жұмыс өтілі мол, кәсіби шеберлігі жоғары педагогтардан тұрады. Мектепте білім сапасын қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар толығынан жасалған.

Педагогтарды оқыту, дағдыландыру үшін әртүрлі оқыту әдістемелерін меңгертуде «Педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің дамуының оқу сапасына әсері» әдістемелік тақырыбына сай педагогтарды әдістемелік қолдау жұмыстары: семинар, коучинг, тренинг, нетворкинг, конференциялар ұйымдастырылуда. Облыстық, республикалық деңгейде педагогикалық сайыстарға қатысу арқылы ой бөлісіп, тәжірибе таратуда. Облыстық, республикалық көлемдегі сайыстардан жеңімпаздарымыз бар.

2023-2024 оқу жылында 46 мұғалім біліктілік арттыру курстарынан өтіп, республика деңгейінде тәжірибелерімізбен алмаса бастадық. Мысалы желтоқсан айында өткен «Білім берудегі құндылықтар» ұстаздар іс – әрекеті республикалық сайысынан 1- орынды, «Педагогикалық идеялар» сайысынан республикадан 3- орынды иелендік.

Мектеп-гимназия Қостанай облысы бойынша «Наурызым ауданы әкімдігі білім бөлімінің Қожа ауылының Наурызым жалпы білім беретін мектебімен қамқор мектеп желісіндегі жұмысты, Қостанай ауданы бойынша 2021 жылдан бастап (01.09.2021 ж №661 бұйрық) Қостанай ауданы бойынша «Владимировка» негізгі орта білім беру КММ және «Озерная» негізгі орта білім беру КММ –леріне жетекші мектеп болып «Табысты мектеп – ел болашағының кепілі тақырыбында бірге жұмыс жасап келеді. Жетекші мектеп қызметінің мақсаты «Сабақты зерттеу» (AR) тәсілін енгізу арқылы сапалы педагогикалық және оқу қызметінің деңгейін арттыру болып табылады.

Міндеттер анықталды:

- білім беру мазмұнын меңгертудегі табыстылық жолдарын меңгеру мәселелерімен жұмыс істеу үшін мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығының тиімді жұмыс жүйесін құру;
- сабақты зерттеу тәсілін енгізу бойынша мұғалімдерге қолдау көрсету;
- зерттеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал ету;
- серіктес, қамқор мектептер педагогтарының өз практикасын зерттеу мәселелерінде жүйелі негізде қолдауды жүзеге асыру;
- Педагогикалық қоғамдастықта мектеп педагогтарының кәсіби қызметіндегі сапалық өзгерістерді трансляциялау.

Серіктес мектептермен жұмыс істеудегі перспективадан мектеп ішіндегі жұмысты және мектептердің желілік қоғамдастығындағы жұмысты жоспарлаудың бірлесе келісілген тәсілдерінен көреміз; педагогтердің қабілеттерін ашу және кәсіби өсу үшін табысқа жету жағдайын жасауда; әріптес мектептер ұжымдарының қажеттіліктеріне және жетекші мектеп мұғалімдерінің мүмкіндіктеріне негізделген жұмысты жоспарлауда, неғұрлым қызықты педагогикалық тәжірибені,

зерттеулер мен идеяларды қорыту және танымал етуде осы 3 жыл аралығында үш облыстық, бес аудандық семинар өткізілді. Тәжірибе таратылды. Ресми бару, біздің мектепке келу, коучинг, тренинг жұмыстары жүргізілді.

Нәтижесінде Қостанай облыстық білім басқармасының «Оқу әдістемелік кеңес комиссиясының 31.03.2023ж №3 хаттамасымен Сабақты зерттеу ACTION RESERCH (AR) әдісін мектеп тәжірибесіне енгізу. Мұғалімге көмекші әдістемесіне авторлық құқық берілді.

2021 – 2022 оқу жылында ауданық оқу –әдістемелік сараптамалық кеңес шешімімен мектептің жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру бойынша 5 – сыныптың жаратылыстану пәні бойынша, русский язык и литература пәні бойынша 4 мұғалімінің жұмысы облыстық оқу әдістемелік кеңеске жолдама алып;

05.05.2021жыл №4 хаттамамен Оспанова Ж.А Дидактический материал по русскому языку и литературе для учащихся 8-9 классов по подготовке олимпиадам, 05.05.2021 жыл №4 хаттамамен Саржанова Г.С, Каратаева К.С «Жаратылыстанудан 5 сынып мұғалімдері мен оқушыларына жиынтық бағалау тапсырмалары үшін көмекші құралдар», Әбдісальқова Қ. А «Дәрілік өсімдіктер» авторлық құқын алды.

2022 – 2023 оқу жылында ауданық оқу –әдістемелік сараптамалық кеңес шешімімен мектептің «2- сыныптың қазақ тілі пәнінен қалыптастырушы бағалауға сараланған тапсырмалар жинағы», «Математика 4 сынып мұғалімдеріне арналған факультатив курс бағдарламасының ҚМЖ», «Сабақты зерттеу ACTION RESERCH (AR) әдісін мектеп тәжірибесіне енгізу. Мұғалімге көмекші әдістеме» жұмыстарымен 6 оқытушы авторлық құқын қорғады. (15.12.2022ж №10 хаттама) Сайтгараева М.Ж. Жумобаева Ә.О 2- сыныптың қазақ тілі пәнінен қалыптастырушы бағалауға сараланған тапсырмалар жинағы. (24.02.2023ж. №2 хаттама) Байзақова Г.Д, Молдағалиева Л Математика 4 сынып мұғалімдеріне арналған факультатив курс бағдарламасының ҚМЖ. (31.03.2023ж №3 хаттама) Алимова А.Е, Саржанова Н.М Сабақты зерттеу ACTION RESERCH (AR) әдісін мектеп тәжірибесіне енгізу. (07.12.2023 ж №7 хаттама) Ибраева Г.Т, Бүркітбаева А.М. Мұғалімге көмекші әдістеме, «9 – сыныпқа арналған қазақ тілі бойынша сөйлеу мәдениеті және шешендік өнер».

2021 – 2023 оқу жылдары бойынша 12 автор, 6 авторлық жұмыс бар.

Қостанай облыстық білім басқармасының «Оқу- әдістемелік кеңесінің» шешімімен «Ұлағат» клубының мүшелігіне Сейтмағанбетова Ш.Ж, Ахмет Г.Т –ң озат тәжірибесі облыстық деңгейдегі тәжірибе таратуға енгізілді. (27.01.2023 жылғы № 1 хаттама)

2021 – 2024 оқу жылдары бойынша педагогтардың педагогикалық еңбектері грамоталармен, алғыс хаттармен марапатталып отырғандарын растау туралы кесте.

№	Атаулары	Аты - жөні. 2021-2022 оқу жылы	Аты - жөні. 2022-2023 оқу жылы	Аты - жөні. 2023-2024 оқу жылы
1	Оқу ағарту министрлігінің Құрмет грамотасы	Байбатырова А.Т		
2	Оқу ағарту министрлігінің Алғыс хаты	Байхасынова А.К. Ергалиева М.Т.		Ергалиева М.Т.
3	Ы.Алтынсарин медалы	Саржанова Н.М		
4	Облыс әкімінің Құрмет грамотасы	Абишев А.Ә		
5	Облыстық білім басқармасының грамотасы		Әбдісальқ Қ.А Жанбыршина А.С Кожаниязова Г.М	Кулахметова К.Р

6	Облыстық білім басқармасының Алғыс хаты	Сейтмаганбетова Ш.Ж. Нуржанова С.Т. Оспанова Ж.А. Кулахметова К.Р	Байхасынова А.К. Сайтгараева М.Ж. Жанайдаров О.К Жабагин Р.А Каратаева К.С Саржанова Н.М Байбатырова А.Т	Рахимова Г.У.
7	«Қостанай дарыны» грамотасы, алғыс хаты	Жаппасбаева Б.Б.		Жаппасбаева Б.Б. Абишев А.Э. Байбатырова А.Т. Кожаниязова Г.М. Сапарағали К.Б. Кулахметова К.Р.
8	Педагогтар арасынан өз пәні бойынша жеңімпаздар	Жанайдаров О.К Кипшакбаева Г.Ж. Жабагин Р.А Рахимова Г.У.	Нуржанова С.Т. Кипшакбаева Г.Ж. Кужахметов А.М. Абишев А.Э	Педстарт Адаева Ж.Е. Шунгулова Р.А. Туребекова Ж.А Байзакова Г.Д. Ибраева Ж.Б Нарикбаева К.А Сеитова Г.Н. Жаппасбаева Б.Б. Сайтгараева М.Ж. Рахметова К.М. Дарбаева К.Ж. Турсынова Е.К. Бакитжанова В. «Алтын тұғыр» аудандық Жаппасбаева Б.Б. Жабагин Р.А Алимова Н.Е
9	Аудан әкімінің Құрмет грамотасы	Жангалиева Д	Кулахметова К.Р Байзакова Г.Д.	Хакимова С.Ж
10	Аудандық білім бөлімінің педагогқа грамотасы	Жангабулова Ж. Каратаева К.С	Ергалиева М.Т. Туребекова Ж.А Шунгулова Р.А. Нарикбаева К.А Рахметова К.М. Каратаева К.С(2)	1.Байхасынова А.К. Туребекова Ж.А Байзакова Г.Д. Ибраева Ж.Б Сеитова Г.Н. Жаппасбаева Б.Б. Кипшакбаева Г.Ж. Жабагин Р.А. Рахимова Г.У. Сейтмаганбетова Ш.Ж.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығына сай Н.Наушабаев мектеп – гимназиясы оқушылары мен педагогтарының жарыс” жеңімпаздары туралы мәліметтерге тоқталар болсақ, мектеп

педагогтары, 3 оқу жылында 156 педагог(оның ішінде бірнеше педагог қайталанған) 530-ға тарта оқушыны жеңімпаз етіп дайындаған, және осыған қоса педагогтар өз шығармашылықтың арттыру мен озық тәжірибелер тарату мақсатында әртүрлі тақырыптағы аудандық, облыстық, республикалық сайыстарға қатынасып жеңімпаз атанған. Осы мәліметті кадрлар туралы бөлімде қосымша берілген кестеден көруге болады

Талдау нәтижесі: ҚР – ның Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы 3 жыл ішінде аудандық, облыстық байқаулар мен байқаулардың кезеңдерінің жеңімпаздарын және республикалық конкурстар мен байқаулардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған мұғалімдер туралы мәліметтерге сүйене отырып мектеп –гимназия педагогтарының оқушылар шығармашылығы мен танымын арттыруда 95,6 % аудандық, облыстық, республикалық деңгейде жеңімпаздар дайындау жұмысына белсене қатынасқан. Осыған сай бұл жұмыс та өз деңгейінде жүргізілген тағы да алдындағы қорытынды да айтқандай республикалық деңгейдегі жеңімпаздарды дайындаудың тиімді жолдарын қарастыру арқылы мектеп жұмысының табысты болуына жобалық жұмыстарды жүргізіледі.

б) кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер:

Осы үш оқу жылын есепке ала отырып 2023- 2024 оқу жылында мектеп басшысы Алимова А. Е, «Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент» тақырыбынан 430 академиялық сағат курсы 69-ы 80 сағаттық , біреуі 160 сағаттық, 6 педагог 120 сағаттық біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Мектеп басшыларын даярлау курсынан мектеп директоры- 1(Алимова А.Е), 5 орынбасар (Саржанова Н.М, Байбатырова А.Т, Жанбыршина А.С, Рахимова Г.Р,) өтіп әкімшіліктің курстан өту көрсеткіші 2023-2024 оқу жылында 100%-ды құрады. Тек 01.03.2024ж №61 бұйрықпен қабылданған Кожина Ф.К. алдағы басшы орынбасарлары курсының қажеттігіне сай перспективалық жоспарына кіріктірілді.

Әр жылғы курстан өту перспективті жоспар арқылы айқындалып отырады. Төмендегі кесте бойынша әр жылдағы біліктілік курсынан оның ішінде тек ПШО мен «Өрлеу» БА орталығынан курстан өткендер санын ғана кестеден көруге болады.

Жылдар	2022 жыл (қаңтар- желтоқсан)	2023 жыл (қаңтар- желтоқсан)	2024 жыл (қаңтар- желтоқсан)
Жалпы педагог саны	83 педагог	77 педагог	72 педагог
Біліктілікті арттыру курсынан өткен педагогтар саны	30	45	46
Басшы және орынбасарларының курстан өтуі	1	4	0

Мектеп педагогтары «Білім туралы» ҚР Заңының 37 б.4 т. және «Педагог мәртебесі туралы» ҚР заңының 18 б. т. сәйкес тиісті бейіні бойынша педагогтердің және білім беру ұйымдарының басшы кадрларының кемінде үш жылда бір рет, кемінде 36 сағатты құрайтын біліктілігін арттыру талабына 100% педагог сәйкес келеді.

Біліктілікті арттыру курстарынан өткен әріптестер курстан алған білімдерін әдістемелік онкүндер аясында мектеп ұжымымен, аудан, облыс көлеміндегі семинар - практикум, коучинг, шебер сынып барысында өткізу арқылы, тәжірибе алмасады.

Мектеп 2018-2023 жж. арналған «Табысты мектеп- ел болашағы» атты Даму тұжырымдамасы негізінде ғылыми-әдістемелік қызметті аяқтады. Тұжырымдамасы іске асыру аясында мектеп миссиясы ретінде «*Білім алушыларды оқытуда, тәрбиелеуде, дамытуда іс- әрекетті зерттеу арқылы оқыту мен оқудың сапасын арттыру*» тақырыбы тандалды. Жеткен жетістіктер мен табыстарымыз өте жоғары. Оны төменде көрсетілген мәліметтерден байқауға болады. Білім деңгейі мен тәрбие бағыттары бойынша республика, облыстық, аудандық жетістіктеріміз мол. Осы жетістіктеріміз облыстық деңгейде тәжірибе ретінде таратылып, таныстырылды.

2023-2024 оқу жылынан бастап «4К+5асыл істі лидерлер» мектебі даму бағдарламасын 4 басымдылықпен таңдап алдық. Негізгі миссия «Еңбекқор, талапты, терең ойлайтын, қанағатшыл,

әр кезде рахым жасай алатын, білімді, тәрбиелі орта неізінде білім сапасын арттыру».

Пән сабақтарында осы бес құндылықты басымдылыққа ала отырып оқыту мен тәрбиелеу үшін мектебіміз республикалық деңгейде «Білім-Инновация» лицейі (бұдан әрі БИЛ) және «Білім-Инновация Лицейі» Халықаралық қоғамдық қоры құндылықтарға негізделген білім беру мен серіктестікте жұмыс жасау арқылы осы тақырыпқа мектебіміздің 48 педагогын құндылықтар бойынша біліктілік арттыру курстарына өткіздік, әкімшілік те 100 % өтті. Педагогикалық идеялар сайысына «Сырғалым» клубының құндылықтары бойынша шығып облыстан 1-орын, республикадан 3-орын алдық. БИЛ ұйымдастырған республикалық сайысқа қатынасып 1-орынға тігілген түрлі-түсті қағаз басатын техника жеңіп алдық. Бірінші жылғы жобамыздың тиімді құрылымы және жетістіктерімізбен таныстыру, бір жылдық жұмысты қорытындылау мақсатында аудан, облыс білім мекемелері басшылары мен орынбасарларына арналған екі семинар өткізілді. Зерттеулеріміздің нәтижелерін, ұйымдастырған іс – шараларымызды <https://t.me/QundylyqNaushabay> телеграмм каналы арқылы құндылықтармен кіріктіре оқытуды республика көлеміне тарату мақсатында жарнамалаудамыз.

2023-2024 оқу жж. Даму тұжырымдамасының іс-тәжірибелік кезеңдері болып табылады, қазірдің өзінде жетістіктеріміз айтарлықтай Даму бағдарламасы тақырыбы, қызметі облыс директорлары алдында семинар арқылы таратылды. Оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттыру үшін педагогтар соңғы 3 жылда жеке әдістемелік тақырыптарын зерттеп, іс-тәжірибесінде технологиялар мен әдіс-тәсілдерді белсенді қолданып оның жетістіктері бойынша республикалық, халықаралық педагогикалық оқуларда оқылып, жазылып таратылуда.

Кәсіби білімді жетілдіруге, заманауи педагогикалық ғылымның жетістіктерін, өзекті және жаңашыл тәжірибені зерделеуге педагогтардың біліктілігін арттыру курстары ықпал етеді. Біздің педагогтар курстық қайта даярлаудан "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ, ҚР ОАМ РҚББ оқу-әдістемелік орталығы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес АҚ, «Интеллектуалдық білім» зияткерлік орталығы, «Республикалық медицина академиясы», ҚР ҰҚП Атамекен Ұлттық –ғылыми практи. дене тәрбиесі орталығы, Республикалық қосымша білім беру оқу – әдістемелік орталығы, Қостанай қаласының «Инновациялық білім беру зияткерлік орталығы», «Start» академиялық орталығы және т.б. базасында өтеді.

Мектепте педагог қызметкерлердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары бар, оларға сәйкес педагогтарды әртүрлі деңгейдегі курстарда оқыту жүзеге асырылады, мониторинг жүргізіледі.

Қостанай облысы білім басқармасы, Қостанай ауданы білім бөлімінің келісісімен 2020-2021 оқу жылында «ҚР Нұр - Сұлтан қаласы "AGZHAN" ғылыми - білім беру орталығының ұйымдастыруымен "Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары" білім беру бағдарламасы бойынша педагогтар мен тәрбиешілерді оқыту курсы» мектеп – гимназиямыздың 50 мұғалімі оқыды.

"Білім центр" Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту" білім беру бағдарламасы бойынша 44 сағаттық курстан 14 мұғалім өтті.

OnlineМектеп платформасында 68 педагог «Педагогтардың цифрлық құзыреттілігін дамыту» курстарынан өтті, қараша-желтоқсан айларында жаратылыстану-математика бағытындағы 7 педагог Bilimzentr Pisa бойынша курстарынан өтті.

2023-24 оқу жылында педагогтің пән бойынша 46 педагог (53,9%) білім жетілдіру курстарынан өтсе, «Цифрлық сауаттылық негіздері және ААЖ- да жұмыс істеу» тақырыбы бойынша 72 сағаттық курстан мектеп мұғалімдерінің 90 % - ы өтті.

Курстарда оқыған мұғалімдердің тәжірибесін тарату мақсатында курстан кейінгі қызмет қадағаланады.

Талдау нәтижесі: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығының (жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 08.08.23№183) білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 2 қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарға сәйкес үш жылда бір рет сиретпей (оның ішінде

басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтардың үлесі 100 % құрағандықтан, «5 балл» деп бағалаймыз

3-Бөлім. БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ:

1) Деңгейлер бойынша оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер.

Соңғы үш жылға оқушылар қозғалысы статистикалық форма негізінде төмендегі кестеде көрсетілген (алымында оқушы саны, бөлімінде қыздар саны):

Оқу жылы	Оқу жылының басы	Келгені	Кеткені	Оқу жылының аяғы
2021-2022	772/396	32/18	30/17	773/397
2022-2023	768/380	20/5	23/8	765/377
2023-2024	756/378	30/15	20/6	765/387

Бала саны жыл сайын өзгеріп отырады. Көбіне балалар саны тұрақты.

Оқу жылдары	Оқу жылының басы	Оқу жылының соңы
1-4 бастауыш сыныптар		
2021-2022	329	322
2022-2023	335	335
2023-2024	323	328
5-9 сыныптар		
2021-2022	369	375
2022-2023	365	363
2023-2024	357	363
10-11 сыныптар		
2021-2022	74	76
2022-2023	68	67
2023-2024	75	74

2) Сыныптың толықтығы туралы

«Қостанай ауданы білім бөлімінің Нұржан Наушабаев атындағы мектеп-гимназиясы» КММ 2021-2022 оқу жылын - 772 білім алушымен бастады.

2021-2022 оқу жылындағы сыныптардың толымдылығы

Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие бағытында оқушыларымыз өз өнерлерін аудан, тіпті облыс деңгейінде көрсетіп жүр. Мәселен, Айкенов Алишер мен Байдаулет Айзара «А.Байтұрсыновтың туғанына 150-жыл толуына орай ақынның шығармашылығына арналған «Ұлы мұра» атты марафон аясында облыстық қашықтық олимпиадасына қатысып, жүлделі ІІ-орын иеленсе, Қайрат Ақару, Баймусин Избасар 3-орынның иегері атанды. Сонымен қатар Елимбаева Зарина ІІ Республикалық білім орталығының ұйымдастыруымен өткен «Суретшілер әлемі» атты конкурста 1-орынды қанжығалады.

8-бағыт: Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын арттыру үшін мектепте футбол, теннис, тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы, қазақша күрес, баскетбол, волейбол, шаңғы түрлерінен спорт секциялары жүргізіледі.

«Денсаулық – ел байлығы» тақырыбында Денсаулық күні, «Туың мәңгі желбіресін-Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында салауатты өмір салтын қалыптастыратын 30 қадам бірыңғай іс-қимыл акциясы кең көлемде өткізілді. Аудандық деңгейде өткізілген мұғалімдер арасындағы волейбол жарысынан мектебіміздің ұстаздары жүлделі ІІ орынға ие болды. Оқушыларымыздың да салауатты өмір салтына қосып жатқан үлесі зор. Аудандық деңгейдегі өткізілген «Қазақ күресінен» Ақылбай Бекнұр- ІІІ орын, «Қазақ күресі» жалпы командалық – ІІ орын, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30- жылдығына арналған Әуликөл ауданы мектептерінің шашка турнирінде Ташетов Айбар-ІІІ орын, дойбы бойынша турнирінде Қамбар Жәнібек пен Исақова Гульнур- 3 орын, қыздар арасындағы волейбол ойынында ІІ орын және ерекше көзге түсіп, «Үздік қабылдаушы» атағына ие болған- Есназарова Анелья, «Үздік ойыншы» - Мағзумхан Мадина, «Үздік қорғаушы» - Тоқбаева Мадина болып танылды.

Облыс бойынша өзінің ептілігін, шапшандығын дәлелдеп жүрген спортшымыз Ерлан Айдос «Бала барысында» -І орын, дзюдо күресінен І орынды жеңіп алды. Негізгі оқу үдерісімен салыстырғанда, мұнда білім беру функциясы қалған екеуіне көмекші болып табылады және ең алдымен әлеуметтік дағдыларды оқытуға бағытталған. Тәрбиелік және дамытушылық функциялар моральдық-адамгершілік мәдениетті, рухани мұраттарды қалыптастыру, әр жеке баланың жеке (интеллектуалды, шығармашылық, психологиялық және эмоционалды) қасиеттерін анықтау және дамыту. Мектептің тәрбие жұмысының негізгі бағыттарының бағдарламасын іске асыру олардың ерекшеліктерін (физикалық, интеллектуалдық, психологиялық) ескере отырып, барлық жас топтары бойынша бір мезгілде жүзеге асырылады.

Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыруды әлеуметтік педагогтың, педагог-психологтың, сынып жетекшілерінің, аға тәлімгердің тікелей қатысуымен және мектепті бірлесіп басқару органының қатысуымен тәрбие жұмысына жетекшілік ететін директордың орынбасары басқарады.

Тәрбие жұмысы жалпы мектептік істерді ұйымдастыруда, сынып ұжымдарының өмірінде, қалада, ауданда және облыста өткізілетін түрлі акцияларға, жобаларға қатысуында, директор жанындағы кеңестерде, сынып жетекшілер отырыстарында, сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік отырыстарында тәрбие қызметі мәселелерін талқылауда, түрлі сауалнамалар мен сауалнамалар жүргізуде іске асырылады.

Әр сынып сынып жетекшісінде мектеп әкімшілігімен келісілген және бекітілген тәрбие жұмысының жоспары жасалды, онда тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері жалпы мектептегі тәрбие жұмысының барлық бағыттарын қамтиды.

Қазіргі мектептегі тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі оқушының жеке басының әлеуметтік азаматтық және рухани дамуында үлкен маңызы бар ұлтаралық қатынастардың патриотизмі мен мәдениетін қалыптастыру. Басым жалпыұлттық патриоттық идея ретінде патриоттық жобалар пайдаланылады "Туған жер", "Рухани жаңғыру" бағдарламасы. Ұлттық тәрбиенің мақсаты өзіне тән құндылықтары, көзқарастары, қызметі мен мінез-құлқының уәждері бар Қазақстан азаматы мен патриотының жеке басын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Бұл мақсат білім алушылардың оқу сабақтары мен сабақтан тыс өмірін біріктіре отырып, бүкіл педагогикалық процесті қамтиды. Мақсатқа жету келесі міндеттерді шешу арқылы мүмкін болады:

- жаңа ақпараттық технологиялар негізінде азаматтық-патриоттық тәрбиенің нысандары мен әдістерін дамыту;

- оқушылардың жауапкершілігін, азаматтық белсенділігін, өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысын қалыптастыру;

- толеранттылыққа тәрбиелеу;

- азаматтық борыш сезімін қалыптастыру;

- Отанға деген сүйіспеншілік сезімін, оның тарихын, мәдениетін, дәстүрлерін, қоғамдық өмір нормаларын құрметтеуді қалыптастыру;

мемлекеттік рәміздерге (Әнұран, Ту, Елтаңба) құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Оқушылардың жеке басын қалыптастыру мен дамытуда мектеп "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыруда жетекші рөл атқарады. Мектеп "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі, оған "тәрбие және білім" кіші бағдарламасының базалық бағыттары бойынша іс-шаралар кіреді, оған "өлкетану", бағыты кіреді.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде мынадай маңызды іс-шаралар өткізіледі:

- "Болашаққа бағдар-Рухани жаңғыру" ақпараттық сағаты;

- "Рухани жаңғыру-ұрпақ тәрбиесі басталады" дөңгелек үстелі, "Менің елімнің атаулы күндері"; "Мен патриотпын";

- "Қазақстан рәміздері", "Туған өлке-барлығының негізі" сынып сағаттары;

- "Қазақстан-біздің ортақ үйіміз", "Қазақстанның рухани мұрасы";

- "Туған жерім" тақырыптық кітап көрмесін ұйымдастыру;

- "Туған жер" жобасы аясында туған қаламыздағы мұражайға экскурсиялық сапар;

- "Оқуға құштар мектеп" жобасын ұйымдастыру.

Патриотизм өз жеріне, ауылына, кіші Отанына деген сүйіспеншіліктен басталады.

Мектептегі оқушылардың азаматтық-патриоттық тәрбиесі қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келеді және жалпы тәрбие процесінің негізгі бөлігі болып табылады.

Оқу жылының басында осы бағытта жұмыс жоспары әр топ бойынша құрылып, тексеріліп, бекітілді. Оқу жылының басында «Рухани жаңғыру» бұрышын жасап, безендіріліп, әр топта «Оқуға құштар мектеп» бұрышы жасалынды. Қыркүйек айынан бастап барлық атқарылған істердің нәтижесі мектебіміздің әлеуметтік желісіне жарияланып отырды.

Сонымен қатар, облыстық басылымға Р.Жусупбекованың «Ыбырай ізбасарлары» және Б.Кишкинтаеваның «Басты құндылық - рухани тәрбие» тақырыптарында мақалалары жарияланды.

Атқарылып жатқан барлық іс шаралар үнемі әлеуметтік желілерге жарияланып отырды. «Еңбек елдің мұраты» бағытында - 8 іс-шара, «Өркендеу»- 6, «Үнем -қоғам қуаты»-6, «Тарихтың кино өнері» -3, «Ұлы даланың Ұлы есімдері»-10, «Дәстүр мен ғұрып»-16, «Өлкетану»- 4, «Әжемнің ертегілері»-3, «Балалар әлемі» -5, «Оқуға құштар мектеп» бағытындағы жұмыстар.

Мектебімізде Қостанай ауданының ұйымдастыруымен облыстық деңгейде

«Ұлы даланың Ұлы есімдері» арнайы жобасы бойынша Ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсариннің 180- жылдық мерейтойы шеңберінде қазақ күресінен ашық турнир және «Поэзия, менің жүрегімде»

атты поэзия кеші өткізілді. Кештің қатысушылары Ыбырайдың өлеңдерін жатқа айтып, көрермендерді тәнті етті.

М. Мақатаевтың 90-жылдығына, М.Хакімжанованың 115-жылдығына арналған 8- 10 сынып оқушылар арасында «Сөз құдыреті» көркем сөз байқауы болып өтті. «Нұржантану» факультативінің жетекшісі: Ибраева Г.Т Нұржан Наушабаевтың туындыларын мектеп оқушыларына жатқа оқып, айту өнерін қолға алды. Алдағы уақыттарда да жалғасын табады.

«Дәстүр және ғұрып. Өркендеу» арнайы жобасы былтырғы жылдан бастап жұмыс жасап келеді. Мақсаты: жас ұрпақтың бойында отбасылық құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту. Іс-шара бағдарламасы бойынша ақ жаулықты әжелеріміз қыз балаларға орамалдың қасиеті туралы, аяулыаналарымыз ақ бидайдың шығу тарихы жөнінде айтып, қыздарымызға қамыр илеуді, жайсаң жеңгелеріміз шашты және бетті дұрыс күту жолдарын түсіндіріп, шаш өруді үйретті. «Қолөнерден сыр ұққан шеберлер» тақырыбында қол өнер көрмесі ұйымдастырылды. Наурыз мерекесіне орай барлық сыныптар арасында «Наурыз кәдесі» шеберлік сағаты ұйымдастырылды. Білім алушылар өз қолдарымен ұлттық орнаменті бар сыйлықтар жасады. Әлеуметтік желіге бейнеролик орналастырды. Бастауыш сынып ата –аналар арасында ұмытылып бара жатқан ұлттық тағамдарымызды дәріптеу мақсатында: «Өрметас», «Үлпершек», «Қарын бөртпе», «Бұжы», «Жаужүрек», «Қарын көмбе» және басқа да бірегей тағам түрлерін аспаздарды тарта отырып, жандандырып, бейнероликтер дайындалды.

«Үнем –қоғам қуаты» арнайы жобасы шеңберінде Балалардың түйсiгiнде үнем туралы түсiнiктердi қалыптастыру мақсатында, «Қағазды үнемдей бiлейiк» тақырыбында жиын өттi. Жиын барысында балалардың кiтапқа деген қызығушылығын оянып, оқулықты күтiп ұстау қажеттiгiн түсiндi. Және мектепшiлiк макулатура жинау сайысы ұйымдастырылып, белсене қатысқан сыныптар облыстық деңгейде ақшалай сыйлықтарды иелендi. Мектебiмiздiң мәжiлiс залында оқушыларға энергияны, қағазды, суды үнемдеу туралы бейнероликтер көрсетiлiп, тазалыққа, үнемдiлiкке тәрбиелейтiн iс-шаралар өткiзiлiп отырылды. Барлық өткiзiлген жұмыстар аудандық бiлiм бөлiмiне жiберiлiп, ақпаратандырылды.

«Қазақстанның сакралды географиясы» «Өлкетану» арнайы жобасы. Қостанай қаласында орналасқан Ыбырай Алтынсариннің кесенесіне мектебіміздің 5-11 сынып оқушылары арнайы Гидтің Ерлан жетекшілігімен саяхат жасап, Ыбырайдың өмірімен толық танысып қайтты. Өлкетану бойынша облыстық конкурста 8-сынып оқушысы Байгаскина Жадра Конжебековна «Менің өлкемнің топонимикасындағы көрнекті адамдардың есімдері» және 7-сынып оқушысы Минзятова Әдемі «Туған өлкемнің аңыздары» тақырыптарымен қатысып, жүлделі 2-3 орындарға ие болды. Облыстық тілдер басқармасы ұйымдастырған «Көше атауы- мәнді мәселе» атты ғылыми жобаға мектебіміздің 11-сынып оқушысы Нургалиева Бахыт жүлделі 1-орынға ие болды. Қостанай қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің «Дорожный» кітапхана филиалынан Айгул Аетова Хасенғалиқызы және Досова Сауле «Кейкі батыр» туралы құнды ақпараттармен таныстырды. Оқушылар көптеген сауалдарына жауап алды.

«Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» арнайы жобасы бойынша мектебімізге балалардың ертегі әлеміне саяхаттау мақсатында І. Омаров атындағы облыстық драма театрының әртістері «Балалық шаққа саяхат» атты қойылымын көрсетті. Оқушылар әртістердің шеберлігіне разы болып, балаларымыздың бойында өзін-өзі ұстай білуі, кейіпкерлердің ойындарынан жаман, жақсы қасиеттерін ажырата білуді түсінді.

«Еңбек-елдің мұраты» арнайы жобасы аясында мектеп тәрбиеленушілерін еңбекке баулу мақсатында, ата – анасына көмек көрсету бейнеролигі дайындалды. Мұндағы мақсат оқушыларымызды ерте жастан еңбекке баулу, үлкен өмірге қадам басуға дағдыландыру. Мамандық бойынша балалардың түсінігін кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында өткізілген 1 сынып оқушылары арасында «Менің кім болғым келеді?» тақырыбында аудандық бейнеролик байқауы өтті. Жумобаева А.О.-ның жетекшілігімен 1 «В» сынып оқушысы Балтабек Алинұр қатысып, дипломмен марапатталды.

«Адал Ұрпақ» ерікті тобының негізгі міндеттері мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады.

Осындай міндеттерді негізге ала отырып «Адал Ұрпақ» тобының 2021-2024 оқу жылына күнтізбелік жоспары бекітілді. Мектеп оқушыларынан биылғы оқу жылына оқушыларды топ мүшелігіне қабылдау жұмыстары жүргізілді. Еліміздің алдыңғы дамыған елдер қатарына енуіне, мемлекетімізді өркендетуде болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие бере отыра, оқушылардың биік жетістерге жететіндеріне сенімдіміз. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы 9-10 сынып оқушылары арасынан 9 оқушыдан тұратын «Адал Ұрпақ» ерікті тобы құрылды. «Адал Ұрпақ» ерікті тобы оқушыларды отансүйгіштікке, азаматтылыққа, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметті, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбексүйгіштікке, оқуға, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу мақсатында топ мүшелерінің ұйытқы болуымен «Парасатты азамат» бұрышы жасалып, «Адал болу деген не?» тақырыбында сынып сағатында құнды ақпараттар жинақталды. Оқушылардың назарына адал еңбек ету керектігі, еңбек түбі-береке екені айтылып өтті. «Жемқорлық дегеніміз не?», «Біздің таңдауымыз – құқықтық мемлекет» сынды тақырыптарда әңгіме қозғады. Әр оқушы өз ойларын еркін жеткізіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы екендерін білдірді.


«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Барлық өткен іс-шаралар бойынша оқушылар жұмысы бағаланып, жүлделі орындарға ие болған оқушыларымыз марапатталды. «Адалдық – ардың ісі» атты таңғы кездесу сағаттары өткізілді. Таңғы кездесу адамдарға жақсылық ойлау, ондағы адалдық, әділдік, шыншылдық сияқты адами құндылықтардың алатын орны туралы бағыт беруге айқындалған. Олардың адамдар үшін адал өмір сүру, адалдық пен шыншылдыққа, әділдікке бағдарлай отырып, әдептілік ережелерін қадағалауды үйретеді. Онда мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеуге арналған идеялар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шаралар туралы мәлімделді. «Адалдық» дүкені адалдыққа шақырады. «Адалдық алаңы» жобасы аясында бүгін мектеп қабырғасында "Адалдық дүкені" жұмысын жалғастыруда. Оның негізгі мақсаты: қандай істе де адал болу, адамдардың бір-біріне деген сенімділіктерін арттыру, жемқорлыққа қарсылық мәдениетін дамыту, адамдыққа тәрбиелеу. «Адалдық дүкенінің» өзгешелігі сол, мұнда еш дүкенші болмайды. Әрбір адам өзіне қажетті затын алып, оның ақшасын арнаулы касса жәшікке салып кетеді. Бұл адам бойында тазалық, адалдық, жауапкершілік қасиеттерін көбірек сіңіруге себеп болмақ. Бүгінгі күнде мектебіміздегі «Адалдық дүкенінің – білім алушыларымыз үшін нағыз тәрбие мекені болатынына сеніміміз мол.

«Құқықтық мәдениет» арнайы жобасы. Құқықтық жалпыға бірдей оқыту кәметке толмағандарда құқықтық сананы қалыптастыру және азаматтық жауапкершілікті тәрбиелеу үшін "Құқықтық жалпыға бірдей оқыту" бағдарламасы орындалады, жыл сайын үш жас тобына құқықтық жалпыға бірдей оқытуды өткізу жоспары бекітіледі: бірінші топқа – 1-4 сыныптар; екінші топ – 5-8 сыныптар; үшінші топ – 9-11 сыныптар. Аптасына бір рет әр сейсенбі сайын құқықтық тәрбие бойынша сабақтар өткізіледі, жалпы сағат саны 34 сағатты құрайды.

Қазақстан Республикасы азаматтарының міндеттері туралы білімді қалыптастыру, оқушыларға патриоттық тәрбие беру мақсатында құқық негіздері пәні мұғалімі Ахметова Н.Е. 10 сынып оқушылары арасында пікірталас өткізді.

Сонымен қатар құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алуға және құқықтық мәдениет нормаларын сіңіруге бағытталған оқушыларға жаппай құқықтық сабақтары өткізіліп тұрады.

Мектеп парламентінің мүшелерімен, «Құқық және тәртіп» фракциясының мүшелерімен бірге «Конвенциямен балалық шақ әлемі» сауалнамасын жүргізді. Мұндағы мақсат балалар мен жасөспірімдердің өз құқықтары туралы, Бала құқықтары туралы конвенцияның негізгі ережелері туралы хабардар болу деңгейін бақылау. Сауалнамаға 5-11 сыныптардың 451 оқушысы қатысты



Кәмелетке толмағандар арасында құқықтық сананы қалыптастыру және азаматтық жауапкершілікті тәрбиелеу мақсатында бірнеше жылдан бері оқушыларға, мұғалімдерге және ата-аналарға арналған «Баршаға құқықтық білім» бағдарламасын жүзеге асырып келеміз.

Құқықтық тәрбие сабағы бойынша дәптер сақталады. Әр тоқсанның соңында құқықтық білім беру шеңберінде білім сапасының деңгейін тексеру нәтижелеріне талдау жүргізіледі.

Жас Ұлан ұйымының жұмысы: Оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту және педагогтар мен балалар арасындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында біздің мектепте "Жас Ұлан", "Жас Қыран" жұмысы ұйымдастырылды. "Жас Ұлан", "Жас Қыран" балалар ұйымының жұмысы әр оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Балалар ұйымының мақсаты: өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезімді, білімге және өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысты; іске жауапкершілікпен қарауды; ел тарихына, осы Тәуелсіз Қазақстанның тарихына қатысуын қалыптастыру.

Қыркүйек айында мектеп оқушыларының арасында «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері қабылданды. Қабылданған оқушылар арасында мектепшілік сайлау өткізіліп, нәтижесінде 8 «А» сынып оқушысы Есназарова Анеля Ұлан басы болып тағайындалды. Қалған үміткерлер Жас Ұлан ұйымының мүшесі болып бекітілді. «Жас Ұлан» ұйымы «Руханият», «Салауат», «Отан», «Экоәлем», «Зерде», «Жеті жарғы», «Еңбек» бағыттары бойынша жұмыс істейді. «Жас ұлан» ұйымының басқару құрылымында- ұйымның Ұлан басы және вице президент, 5 министрі бар. Олар: білім министрі, мәдениет министрі, ақпарат министрі, спорт және экология министрлері. Әр министр өз міндеті бойынша жұмыстарын жүргізіп отырды. «Жас Ұлан»-дықтар мектеп оқушыларымен «Күлкі сыйла» акциясын, «Салауат» бағыты бойынша «Электронды темекінің зияны» атты үндеу, «Еңбек» бағыты бойынша мейірімді істер марафонын өткізді. Желтоқсан айында «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері «Республикалық қоғамдық бірыңғай Жас ұлан балалар мен жасөспірімдер ұйымының 10 жылдық аудандық форумында» «Отан» бағытын қорғады. 15 желтоқсанда «Жас Ұлан» және «Жас қыран» ұйымдарына мектебіміздің 2 –ші және 5-ші сыныптардан белсенді оқушылар ұйымға мүше болып қабылданды. Жас қыранға-46 бала, «Жас Ұланға»-13 бала, жалпы-59 бала ұйым мүшесі болып қабылданды. Қабылданған балалар «Жас Ұлан» ұйымына ант берді және де оларға «Жас Ұлан» ұйымының галстугы мен төс белгісі тағылды.

«Өзін – өзі басқару» ұйымының жұмысы туралы»

Білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатынасу мақсатында қыркүйек айында 8-11 сынып оқушыларының арасында «Өзін – өзі басқару» ұйымының мүшелері сайланды. Сайлау барысында 9 оқушы мектеп президентіне үміткер болды. Сайлау нәтижесінде сайлау комиссиясының отырысы өтіп мұғалімдер мен оқушылардың дауыс берулері негізінде 8 «А» сынып оқушысы Наженова Сая ең көп дауысқа ие болып, Мектеп президенті болып тағайындалды. Қалған үміткерлер парламент құрылымының фракциялар көшбасшылары болып бекітілді. Мектеп парламентінің құрылымы сегіз фракциядан тұрады. Әр фракцияның өзіндік атқаратын қызметі бар. «Өзін – өзі басқару» ұйымының атқарған жұмысы туралы: Жоспар бойынша қазан айында «Рахмет, сүйікті мұғалімім!» акциясы шеңберінде өзін – өзі басқару күні болды, парламент мүшелері концерттік бағдарлама ұйымдастырып, мәдениет және шығармашылық фракциясы мұғалімдерді құттықтау бейнеролигін жасады.

«Денсаулық – Ел байлығы» денсаулық фестивалін өткізу іс – шарасына сәйкес спорт және салауатты өмір салты фракциясы дене шынықтыру мұғалімдерінің жетекшілігімен спорттық сайыстар мен ойындар өткізіп, оқушыларды өз іс-шарасына қызықтыра білді.

Сонымен қатар, Қазан айында қамқорлық фракциясы ардагерлер мен зейнеткер мұғалімдерді қарттар күнімен құттықтап, еріктілермен бірге ардагер мұғалімдердің үй ауласын, бақшаларын жинастыруға көмектесті.

Қараша айында Дебаттық қозғалыс фракциясы 8-9 сынып оқушылары арасында «Ұшқыр ой алаңы» атты дебат ұйымдастырып, оқушылар арасында қызу талқы орын алды. «Әлемді бірлесіп жарқын етейік» акция шеңберінде Өзін – өзі тану және бақыт фракциясы мейірімділік істер марафонын ұйымдастырып, бейнероликтерін дайындады.


Желтоқсан айында өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Өз Отанымды мақтан тұтқым келеді» атты акциясын өткізіп, акция барысында концерттік іс – шараны ұйымдастыруға ат салысып, «Тәуелсіздік мен үшін нені білдіреді» челленджіне қатынасты.

Мектеп парламентінің президенті Наженова Сая мектеп Президенттерінің арасында өткен «Балалар өкілдігі» тақырыбындағы Республикалық онлайн кездесуге қатысты, «Мектеп Парламентінің жұмысы» атты аудандық байқауға қатынасып облысқа жолдама алды.

2021-2022 оқу жылының әлеуметтік педагогтің жасаған жұмыстарының талдауы

Мектеп оқушыларының әлеуметтік отбасы жағдайының картасы

№	Санаты	Саны
1	Қамқорлықтағы бала	4
2	Патронаттық тәрбиедегі	10
3	Аз қамтылған отбасы	7
4	Әлеуметтік көмек алушы	16
5	ПМПК-ның тіркеуінде	0
6	Мүгедек, үйден оқитын оқушылар	1
7	Көп балалы отбасы	114
Толық емес отбасылар		
8	Анасымен тұратындар	51
9	Әкесімен тұратындар	15
10	Туыстарымен тұратындар (қолхат арқылы)	12
11	Мектепшілік тіркеудегілер	0
12	Аудандық ПБ- нің тіркеуіндегілер	0
13	Анасы қайтыс болған оқушылар	0
14	Әкесі қайтыс болған оқушылар	0



Әлеуметтік қорғау

1) Оқу жылының басында оқушылардың құжаттары тексеріліп, көп балалы отбасының балалары анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды. Мектеп бойынша барлық көп балалы отбасының саны 114-ке жетті.

2) Қазан айында көп балалы отбасынан шыққан балалар аз қамтылған отбасынан шыққан балалар, қамқорлыққа алынған балалардың құжаттары және әлеуметтік педагогтың құжаттар номенклатурасы қайта қаралып реттелді. Ата-аналарға құжаттардың жетпеген түрлерін қайта жинақтау үшін құжаттар тізімі берілді.

Балалардың мектепке бармауының алдын- алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» дәстүрлі жыл сайынғы республикалық акциясы барысында материалдық көмек көрсетілді. Жалпыға білім беру айлығында құрылған жоспар бойынша іс- шаралар ұйымдастырылды.

Оқу жылының басында барлық сыныптардың әлеуметтік төлқұжаты жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді. Көп балалы және әлеуметтік жағынан қорғансыз топтарға жатқызылатын оқушылар санаттары ата- аналардың тапсырған құжаттарына сай анықталады. Барлық құжаттар білім бөлімінің жетекші мамандарының тексеруімен қабылданады. Тегін тамақтармен қамтамасыз ету төмендегі санаттарға жатқызылатын көп балалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларының балаларына беру анықталды.


Тегін тамақтануды ұйымдастыру

Ата- анасының қамқорлығынсыз қалған және әлеуметтік картада, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларындағы балалары үшін тегін ыстық тамақ ұйымдастыру туралы мектеп директоры атынан мектеп асханасын жалға алушыларымен шарт жасалды. Ыстық тамақтың сапасы мен ұйымдастырылуына бақылауды медбике, әлеуметтік педагог, жалпы мектептегі ата- аналар комитетінің өкілі жүзеге асырды. Тамақтың сапасын, санитарлық нормаларын және жалпы асхананың жұмысын бақылау мақсатымен арнайы комиссия құрылды және бұйрықтар шығарылды. Тегін тамақтанатын оқушылар толығымен уақытылы тамақтанады.

«Дұрыс тамақтану- денсаулық кепілі» дегенді ұстанып, «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары негізінде мектепте оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмысы әр оқу жылында басты жолға қойылған жұмыстардың бірі.

2021-2022 оқу жылында 43 оқушы ыстық тегін тамақпен қамтылып отыр, оның ішінде патронаттық тәрбиедегі-10, қамқорлықтағы- 4, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан-16, күнкөрісі төмен отбасынан-6. Демеушілер тарапынан-7 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылған. Ыстық тамақтың бағасы- **300 теңгені** құрайды.

Тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету



2021 жылдың желтоқсан айының 20-нан бастап қайырымдылық онкүндігі «Жақсылық жасауға асығайық!» деген тақырыппен өткізу жоспарланып, өз деңгейінде жүргізілді. Онкүндік ішінде мектебіміздің мұғалімі Сахатай Төлеухан аз қамтылған отбасыларына және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған отбасыларына қара малдың егін сойып, өз отбасы атынан таратып берді.

Жаңа Жылды әрбір баланың тағатсыз күтетіні бәрімізге белгілі, Аяз Атаның дорбасынан сыйлықтар алуды да армандайтыны тағы бар. 2021 жылдың 24-желтоқсанында Тобыл қаласының Н. Наушабаев атындағы мектеп-гимназиясының оқушыларына Президент шыршасынан және Қостанай облысының әкімдігінің атынан дайындалған Жаңа жылдық сыйлықтар тапсырылды. Қамқорлықтағы тәрбиеленуші Бектурсинов Ерасыл 3-сынып оқушысы Президент шыршасынан берілген сыйлықтарға ие болды. Қамқорлықтағы тәрбиеленуші Бисембаева Айша 3-сынып оқушысы облыстық әкім шыршасынан берілген сыйлықтарға ие болды.

2022 жылының қаңтар айының 24 күні әлеуметтік жағдайлары төмен отбасыларының үйлерін аралап, мектеп психологы Д. Ғалым, мектеп инспекторы М. Наурызбаева, сыныптардың жетекшілері және әлеуметтік педагогтың қатысуымен рейдтер жүргізілді. Сондай-ақ, өгей әкелермен тұрып жатқан оқушылардың отбасыларын да аралап, жағдайлары зерделеніп, рейд жүргізілді.

Мектебімізде «Мың жаса!» еріктілер жасағы құрылып, өз жұмысын жалғастырып келеді. Қысқы демалыста еріктілер жасағына кіретін оқушыларды жалғыз тұратын қарт кісі Роза әжемізге апарып, ауласының қарын күреп, қол ұшымызды бердік. Еріктілер сонымен қатар 2022 жылдың мамыр айының 11 күні тағы да бір жалғыз ілікті қарт ана Валентина Петровнаң үйіне барып, оқушылар жерін қазып картоп салып берді.

Жергілікті халықтың сүйіп оқитын «Арна» газетіне 1-наурыз «Ризашылық күніне» байланысты «Ата-анам, Сізге ризамын!» тақырыбымен мақала жарияланды.

Рамазан айында жақсылық жасау әр мұсылман үшін үлкен сауапты іс екенін түсінетін азаматтарымыз, әрқайсысы көмек жасап қол ұштарын беріп, жасалған әрбір жақсы амалдың сауабын алуға тырысты. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Жугенбаева Ләззат апайымыз өзінің отбасының атынан мектебіміздегі жағдайы төмен он отбасына қайырымдылық іс жасап әр отбасына ақшалай қаражат 30 000 теңге, (отыз мың) таратып берді.

Осыған орай, Нұржан Наушабаев атындағы мектеп-гимназиясында Рамазан айының басталуымен бірге «Қайырымдылық-жылы жүректен!» айдарымен қайырымдылық акциясы басталған болатын. Аталған акцияның мақсаты: мектебіміздің үйден оқытылатын 1-сынып оқушысы Қанат Бейбарыс Абзалұлының денсаулығының нашарлауына байланысты, оның еміне көмек көрсету мақсатымен ақшалай қаражатқа жәрдемдесу болды. Акцияға мектеп ұжымы және 1-11 сыныптардың оқушылары өз еріктерімен белсене ат салысты. Көптеген мұғалімдер және қызметкерлер Ораза айында жасайтын пітір садақаларын, арнайы жәшікке салды. Ал, оқушыларымыздың өз ұсыныстарымен Ораза айт күнінде «Жәрмеңке» өткізілді. Бұл жәрмеңкеге оқушылар және жалпы мектеп ұжымының әрқайсысы өз қолдарынан пісірілген дәмді үй тағамдарын әкеп, дастархан жайды. Жәрмеңкеден соң, жалпы осы қайырымдылық акциясынан

кейін «Жылы жүрек, жомарт қол!» атты қайырымдылық концерті жүргізілді, сатылған билеттің құны 100тн-ден болды. Түскен қаражаттар жинақталып, Қанат Бейбарыс Абзалұлының анасы Қабыласын Алтынай Мақсұтқызының шотына аударылды. Тағы да атап айтатын жақсы істің бірі- Ораза айында мектебіміздің түлегі Абдикаримов Адиль Сақтағанұлы мектебіміздің көп балалы отбасындағы және қамқорлықтағы тәрбиеленіп отырған оқушыларды және де, әлеуметтік көмек алып отырған отбасының оқушыларын түгелдей фотоға түсіріп, сыныппен түсірілген фотосуреттері тегін үлестіріп берді. Өзінің шын ниетімен игі іс жасап қолдаушылық көмек көрсетті.

(Волонтерлік) еріктілер жұмысы 2021-2022 оқу жылында мектеп парламентінің жаңа бағыты болды. Студенттеріміздің волонтерлік іс-шараларға қатысуының маңызды себептері - жаңа нәрселерді білуге, олардың әлеуметтік ортасын кеңейтуге және мұқтаж адамдарға көмектесуге ұмтылу. Жас еріктілер көптеген мектептік және аудандық іс-шараларды ұйымдастыруға тікелей қатысады:

Ауданымыздың қарт және жалғызбасты тұрғындарына, тұрмысы төмен отбасыларға көмек көрсетті, пайдаланылған аккумуляторларды жинау, құстарға жем жасау, аумақтарды қардан тазарту, көшеттерді суару, салауатты өмір салтын насихаттау бойынша экологиялық акцияларға қатысты, аз қамтылғандарға көмектесу бойынша «Асар» акциясына қатысты. - табысы бар азаматтарды азық-түлікпен қамтамасыз ету, «Игі істер күнін» дайындау қарттарға арналған құттықтаулар мен сыйлықтар, «Даналық күні» және түрлі зияткерлік іс-шаралар, Жеңісobelіскіне гүл қоюға арналған «Естелік лентасы». Әлеуметтік педагог әр отбасымен де жұмыс істейді. Оқу жылында бастауыш сыныптардан бастап жасөспірімдер мен олардың отбасы контингенті зерттеледі, қиын өмірлік жағдайға тап болған оқушылар мен жасөспірімдер анықталады. Отбасындағы тәрбие жағдайын зерделеу мақсатында тұрмысы нашар отбасыларға барып, тиісті тұрмыстық жағдайлар актілері жасалып, нәтижелері бойынша ата-аналармен жеке профилактикалық жұмыстар жүргізілуде.

Жұмыс істемейтін отбасылар мен проблемаларды анықтау үшін жыл сайын сынып жетекшілерімен бірге ата-аналар арасында анонимді сауалнама жүргізіледі. Әлеуметтік педагог пен сынып жетекшісінің өзара әрекеті балада немесе балалар тобында туындайтын мәселелерді бірлесіп анықтауға бағытталған. баланың жеке басының дамуын және мінез-құлық көріністерін болжау болып табылады.

Мінез-құлық, оқу үлгерімін және сабаққа қатысуын түзету үшін балалармен әр түрлі жазбалар бойынша жұмыс жүргізіледі. Психологиялық қызмет ата-аналармен, әкімшілік органдармен және әлеуметтік-педагогикалық қолдау органдарымен тығыз байланыста жұмыс істейді.

Мектепшілік бақылау есебінде тұрған оқушылар саны	2021-2022	2022-2023	2023-2024
	жыл	жыл	жыл
	1	0	0

(ГДН)ШБ есебінде тұрған оқушылар саны	2021-2022	2022-2023	2023-2024
	жыл	жыл	жыл
	1	0	0

Жыл сайын кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша Қостанай облысы ішкі істер бөлімімен бірлескен іс-шаралар жоспары құрылды. Осы жоспарды іске асыру шеңберінде мыналар жүзеге асырылды:

құқық бұзушылық жасаған және сабақтан қалып қойған оқушыларға бірлескен профилактикалық рейдтер;

- жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алуға бағытталған бірлескен кешенді профилактикалық іс-шаралар. «Түнгі қаладағы балалар», «Демалыс», «Жасөспірім және құқық тәртібі».

Ай сайын мектепте мемлекеттік құқық қорғау инспекторының шақыруымен құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңестің отырыстары өткізілді. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысына оқушыларды және олардың ата-аналарын шақыруға сабаққа келмеу, пәндерден нашар үлгерім, оқушылар арасындағы агрессивті мінез-құлық және басқа да құқық

бұзушылықтар себеп болып табылады. Құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңестің барлық шешімдері орындалып, кеңес отырыстарынан кейін әртүрлі есепке алу түрлеріне қабылданған оқушылардың үлгерімі, сабаққа қатысуы және тәртібі бақыланады.

Девиантты мінез-құлқы бар оқушылар пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің есептерінен анықталды. Сынып жетекшілері себепсіз және дәлелді себептермен сабаққа келмеу журналдарын жүргізді.

Заңға қайшы әрекеттердің алдын алу және қиын жағдайда қалған оқушыларға дер кезінде көмек көрсету үшін мектепте «Сенім жәшігі» орнатылған. «Сенім жәшігі» жұмыс істеу барысында балалар мен жасөспірімдердің заңсыз әрекеттеріне көмек көрсетуге қатысты хаттар мен өтініштер түскен жоқ.

Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта көшеде қалуының алдын алу мақсатында мектеп мұғалімдері мемлекеттік құқық қорғау инспекторымен бірлесіп «Жасөспірім және көше!» рейдтерін жүйелі түрде жүргізді. Оның барысында болу ережелерін бұзған оқушылар анықталмады. Осыған қарамастан Айшуақова Алия Сандыбековна полицияның учаскелік инспекторы үнемі мектеп оқушыларымен құқықбұзушылықтың алдын алу жұмысын жүргізіп отырды. Мәселен: «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық және әкімшілік жауапкершілігі», «Мектептегі құқық тәртібі», «Құқық бұзушылықтың алдын алу» т.б. Мақсаты: кәмелетке толмағандар жасайтын негізгі құқықбұзушылықтармен таныстыру, осы құқық бұзушылықтарды анықтау;

Осындай іс-шаралардан кейін сынып жетекшілері осы тақырып бойынша оқушылардың білімдерін және олардың пікірлерін анықтау мақсатында балалармен әңгімелесті. Салауатты, заңға бағынатын өмір салтын қалыптастыру мақсатында жыныстық тәрбие айлығы аясында мінез-құлқына байланысты мектепке аудандық аурухананың дәрігерлері шақырылып, қыздарға жыныстық тәрбие беру бойынша түсіндірме-профилактикалық әңгіме жүргізілді. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының талдауында көрсетілгендей мектепте кәмелетке толмағандар арасындағы құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу және оқушылардың құқықтық мәдениетін арттыру бойынша мақсатты жұмыс жолға қойылған.

Дәстүрлі болып табылатындар:

Құқықтық білім беру күндері; ауызша журналдар мен мектеп инспекторының әңгімелері, БПҰ қатысуымен іс-шаралар, Құқықтық онкүндіктер, құқық қорғау және прокуратура өкілдерімен кездесулер, ата-аналарға құқықтық тәрбие беру және басқа да іс-шаралар. Соңғы он жылда мектеп оқушыларының тарапынан жасалған қылмыстар орын алған жоқ.

Білім беру ұйымындағы психологиялық қызметін білім беру ұйымының басшысы басқарады. Жүйелі түрде психологиялық қызмет «Өңірлік психологиялық қолдау және қосымша білім беру орталығы» сенім телефондарын жарнамалайды. Сондай-ақ, «Қиын болса – жай қоңырау шалыңыз!» бір реттік акциялары өткізіледі. Акцияның мақсаты: кәмелетке толмағандар мен олардың ата-аналарын облыстық психологиялық қолдау орталығы туралы ақпараттандыру, мектеп оқушыларына психологиялық көмек көрсету, сондай-ақ кәмелетке толмағандар мен ата-аналар қауымдастығының (ата-аналар, педагогтар) психологиялық сауаттылығын арттыру.

Ата-аналар мен оқушыларға арналған «Өмірге ИӘ деп айт!» ақпараттық стенд орнатылды. Психологтардың, мекемелердің байланыс деректерімен және психологиялық көмек көрсететін анықтама телефондары көрсетілген.

Деструктивті контентті анықтау үшін элеуметтік желілердің мониторингі бойынша бақылау жұмыстары жүргізілуде. Кәмелетке толмаған оқушылардың қазіргі ақпараттық-телекоммуникациялық ортада жауапты және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру арқылы ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектептің барлық сыныптарында тақырыптық сынып сағаттары өткізілді. 1-5 сынып оқушылары үшін бұл іс-шаралар сабақ – тренинг, сабақ – ойын түрінде өтті. 6-9 сынып оқушылары үшін бұл іс-шаралар семинар-тренинг, сабақ, әңгімелесу түрінде өтті. Осы тақырып бойынша іс-шараларды өткізу кезінде келесі аспектілерге тоқталды: Интернетте баланы күтетін тәуекелдер тізімі; электрондық поштаны дұрыс пайдалану бойынша ұсыныстар; жедел хабар алмасу орталарында қауіпсіз байланысқа арналған технологиялары. Оқушыларға чаттардағы қауіпсіз сөйлесу туралы нұсқаулар берілді; интернетке тәуелділіктің алдын алу және оны жеңу бойынша кеңестер; интернеттегі балалардың қауіпсіздігінің жалпы ережелері туралы айтылды. 10-11 сынып оқушылары үшін бұл іс-шара лекция түрінде өтті.

Мұнда біз интернетте қауіпті нысандарды қарастырдық: қажетсіз бағдарламалар; жеке деректерді қорғау; алаяқтық; виртуалды «достар»; қарақшылық; онлайн ойындар; этика; ақпаратқа сыни көзқарас.

«Ерекше назар» тобының оқушыларын анықтау үшін тоқсан сайын анонимді сауалнамалар жүргізіледі: «Кәмелетке толмағандарға қатысты тұрмыстық және физикалық зорлық-зомбылықты анықтау» және «жасөспірімнің жеке басының суицидке бейімділігін анықтау».

«Ерекше назардағы тобының» оқушыларымен келесі түзету жұмыстары мен психологиялық әңгімелер, өмір құндылығы туралы тренинг элементтері бар сабақтар өткізіледі: «Менің ғаламым», «Мен және менің әрекеттерім», «Өмірлік ресурстар...» «Мен ерекше баламын», «Интернет кеңістігіндегі манипуляциялар», жыныстық тәрбие сағаттары «Ұлдар мен қыздар еліне саяхат», өмір құндылығы туралы тренингтер, нашакорлықтың алдын алу сабақтары: «Дала өрті», мектеп оқушыларын тәрбиелеу ЖИТС».

Тәрбиелік іс-шаралар уақытылы және сұраныс бойынша жүргізіледі. Оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге қамтылған тақырыптар: «Балалық шақтағы күйзеліс және оның себептері», «Жасөспіріммен қалай жағымды қарым-қатынас орнатуға болады?», «Сыныптастармен қарым-қатынас», «Балалардың күйзелісі және оның себептері», «Баладағы стрессті жеңу», «Зорлық-зомбылықсыз білім» және т.б.

Бұл тақырыптағы мәселелер ата-аналар жиналысында, мұғалімдер кеңесінде, жиналыстарда, семинарларда қарастырылды.

Бірыңғай республикалық жалпы ата-аналар жиналысы мынадай тақырыптарды қамтыды: «Кәмелетке толмағандардың суицидтік мінез-құлқының алдын алу», «Кәмелетке толмағандарға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу»; «Оқушыларға кәсіби бағдар беру.әрбір аталған тақырыптар қазіргі уақытта белен алып жатқан өзекті мәселелерден туындайды.Жиналыс барысында отбасында тәрбиелік психологиялық көмекті қажет ететін ата – аналар өз сұрақтарына жауап алды.

Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауындағы ата-ананың рөлі»; «Стресс жағдайында мидың бұзылу механизмі», «Емтиханға дайындалуда ата-аналардың рөлі және олардың практикалық көмегі»; «Диагностикалық нәтижелермен танысу: «Реактивті және жеке мазасыздану деңгейін бағалау шкаласы»; Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықты анықтауды бағалау үшін «8-11 сынып оқушыларына арналған сауалнама»; «Баланың мектепке бейімделуі (бейімделу кезеңінде балаларды қолдаудың әдістері мен құралдары туралы ата-аналарды хабардар ету)»; Облыстық ата-аналар жиналысы «Балалар. Шекаралар. Қауіпсіздік.Балалардың жыныстық тұтастығы»; Ата-аналар лекциясы: «Жасөспірімдердің аутодеструктивті мінез-құлқы: мәселелер және оларды шешу жолдары»; Ата-аналар лекциясы: «Бесінші сынып оқушыларының бейімделу кезеңінің ерекшеліктері».

Мектеп психологтары өз білімдерін үнемі түрлі семинарлардан дәріс алу арқылы толықтырып отырады. Мәселен: «Отбасылар мен жұптардағы зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас» халықаралық онлайн семинары, «Кәмелетке толмағандарға қатысты аутодеструктивті мінез-құлқтың, қорқытудың және зорлық – зомбылықтың алдын алудың практикалық – бағдарланған әдістемелері» облыстық оқыту семинары, «Кәмелетке толмағандарға аутодеструктивті мінез – құлқының профилактикасы аясында стресске төзімділік, өмірлік белсенділік дағдыларын сіңірудің жаңа нысандары, әдістері мен тәсілдері» конференциясына, «Аутодеструктивті мінез – құлқтың алдын алу, тұрмыстық зорлық – зомбылықтың, буллингтің және кибербуллингтің алдын алу, кәмелетке толмағандардың девиантты мінез – құлқын жүйелі түзету бойынша психологиялық қызметтердің мақсаттары, міндеттері және жұмыс әдістері» облыстық оқыту семинары, «Баланың психологиялық тұрақты тұлғасын дамыту мүддесіндегі отбасы мен мектептің өзара әрекеті» семинарға қатысты. Өз мектебімізде аудандық деңгейде «Өмір керемет сый» форумы ұйымдастырылды.Педагог психологтарының байқауларына қатысудың тиімділігі:

Жангабулова Ж.Б. Оқушы жетістіктері. «Ғылыми жоба» бойынша аудандық 3 орын, Облыстық «үздік мектеп медиаторы» байқауының «Жанжал және оны шешу жолдары» 2 орынға ие болды.

2022 – 2023 оқу жылындағы тәрбие жұмыс жоспарының тақырыбы:«Тәлім мен тәрбие – қоғам құндылығы»

Мақсаты: Балаларды ең бастысы, ұлттық құндылықтарға бай, тіліне, дініне, тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне, салт - дәстүріне берік, рухы мықты, танымы мен тағылымы кең тұлға ретінде қалыптастыру.

Білім беру жүйесіндегі тәрбиенің басым бағыттары:

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-танымдық тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие; «Үндестік»
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Іске асырылатын тәрбиелік жобалар

1. «Отбасы-орта мектеп»,
2. «Оқуға құштар мектеп»,
3. «Еңбек – елдің мұраты»,
4. «Ерте жастан экологиялық мәдениет»,
5. «Қоғамға қызмет»,
6. «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру»,
7. Қазіргі уақытта «Адал Ұрпақ», «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысы, мектеп парламенті, «Жас Ұлан», «Жас Қыран», «Жас Сарбаз» балалар қоғамдастығы оқудан тыс қызметті ұйымдастырудың табысты нысандары болып табылады.

8. Оқушылардың мектептегі өзін-өзі басқаруы білім беру процесін демократияландыруға ықпал етеді және білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі болуы керек.

9. Дебаттың мақсаты-зияткерлік рөлдік ойын, білім беру технологиясы, ол бар білімді қолдана білуді қалыптастырады, функционалдық сауаттылықты дамытады және болашақта өзін-өзі сәтті жүзеге асырудың кепілі болады.

10. 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап білім беру ұйымдары пікірсайыс клубтары мен мектептің өзін-өзі басқару клубтарын ашуы, оның ішінде мектептің аудандық, қалалық, облыстық деңгейлерінде пікірсайыс қозғалысының мектеп лигасын іске қосылды.

11. Ұлттық тәрбиенің бір бөлігі ретінде «Дәстүр мен ғұрып» арнайы жобасын жүзеге асыру және ұмыт бола бастаған дәстүрлерді жаңғыртуға бағытталған құндылықтар жүйесі қалыптастырылды.

Әрбір бағыт «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қоғамдық сананы жаңғыртудың барлық негізгі бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылды:

Ақпарат көзі: «Мектеп сайты», «Мектеп Facebook», «Мектеп Instagram»

Нормативтік-құқықтық база, тәрбие жұмысын жоспарлау төмендегі тізім бойынша ұйымдастырылады және жүзеге асырылады:

1. БҰҰ-ның бала құқықтары туралы Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;
4. 2002 жылғы 8 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
6. 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI «Балаларды денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
7. 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

10. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

- ата-аналармен жұмыс;
- параллель сынып топтарымен жұмыс;
- үлкен командамен жұмыс істеу;
- мектептегі бос уақытты ұйымдастыру, ұжымдық – шығармашылық іс-әрекет;
- үйірме жұмыстары;
- спорттық-сауықтыру шаралары;
- мерекелер, концерттер.

Мектептің білім беру саласындағы басқару міндеттері анықталды:

- оқушылардың оқу, мәдени және қоғамдық іс-әрекеттерінің мотивтерін анықтау және дамыту;
- оқушылардың шығармашылық және жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін білім беру ортасының құрамдас бөліктерінің құрылымы мен мазмұнын жетілдіру;
- қаладағы қосымша білім беру мекемелерімен ынтымақтастықты кеңейту.

Оқыту формаларын таңдау мыналарға негізделеді:

- педагогикалық мақсаттылық;
- оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру;
- балалар ұжымының даму ерекшеліктерін және оның дәстүрлерін талдау;
- білім берудің аймақтық компонентін есепке алу;
- мектептің техникалық және материалдық мүмкіндіктері;
- сынып жетекшілері мен қосымша білім беру мұғалімдерінің кәсіби деңгейінде даму.

Бірнеше жыл ішінде мектеп қызықты, шығармашылық іс-әрекеттер мен оның негізгі құрамдас бөліктеріне негізделген өзіндік білім беру жүйесін әзірледі:

1. Бағыт: жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие. Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа, заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын мемлекет пен қоғамның заңдарын игеру мен сақтау қажеттілігі бар патриот азаматты қалыптастыру мақсатында бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жұмыстар атқарылды.

Нәтижесінде Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясында; Білім алушы оқушылар қазақстандық патриотизмді, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттері бойына сіңірді деп есептеймін;

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметтері артты.

Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуеті, әл – ауқаты күшейтілді.

Жетістіктер: 8-10 сынып оқушылары «Дарынды балаларға - талатты ұстаз» Республикалық педагогикалық олимпиадасының облыстық кезеңінде III орынға ие болды. Хусайынов Бекзат, 8 сынып, «Азаматтық қорғаныс» атты балалар шығармашылығының аудандық байқауы «Презентация» номинациясы, 3 орын, «Азаматтық қорғаныс» аудандық байқауы, «Шығарма» номинациясы бойынша Жабағы Жұлдыз 2-орынға ие болды.

2. Бағыт: Рухани-адамгершілік тәрбие.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша ұлттық тәрбиенің мақсаты өзіне тән құндылықтары, көзқарастары, қызметі мен мінез-құлқының уәждері бар Қазақстан азаматы мен патриотының жеке басын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Бұл мақсат білім алушылардың оқу сабақтары мен сабақтан тыс өмірін біріктіре отырып, бүкіл педагогикалық процесті қамтиды. Мақсатқа жету келесі міндеттерді шешу арқылы мүмкін болады:

- жаңа ақпараттық технологиялар негізінде азаматтық-патриоттық тәрбиенің нысандары мен әдістерін дамыту;
- оқушылардың жауапкершілігін, азаматтық белсенділігін, өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысын қалыптастыру;
- толеранттылыққа тәрбиелеу;
- азаматтық борыш сезімін қалыптастыру;
- Отанға деген сүйіспеншілік сезімін, оның тарихын, мәдениетін, дәстүрлерін, қоғамдық өмір нормаларын құрметтеуді қалыптастыру;
- мемлекеттік рәміздерге (Әнұран, Ту, Елтаңба) құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

Рухани адамгершілік бағыты бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесі: Ғалымбек Көркем, Талғабетов Ералы, Тобабабулова Зайна, Базылбекова Раяна, Республикалық «Дара бала, дана бала» атты «Эстрада вокал» номинациясы бойынша I дәрежелі дипломына ие болды. Мұрат Ноэми Шанти «Күй» номинациясы бойынша I дәрежелі дипломға ие болды. «Қыздар» ансамбльі 2 орынға ие болды. Тобабабулова Саяжан домбыра аспабы конкурсынан 1 орынға ие болды. Алембаева Дильназ халықаралық «Қазақстан таланты» атты ән байқауында (Гран – При) бас жүлде, халықаралық «Бала шабыты» атты талантты балаларға арналған «Туған жер» эстрада вокалында – Гран – При Бас-жүлдеге ие болды. Қанатқызы Самира «Абай оқулары» аудандық кезеңінде II орынға ие болды. Бекешева Ямин «Алтын дән» мәдениет үйіндегі өткен байқауда фортепианода ойнап жүлделі орынға ие болды. Асан Ақбота Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына арналған «Шәкәрім оқулары» республикалық байқауында сертификатқа ие болды. Байдрахман Рамиля «Ұлы даланың ұлы есімдері» тақырыбында аудандық конференция мадақтамаға ие болды. Орынбекқызы Айым облыстық Назарбаев зияткерлік мектебі конференция 3-орынға ие болды. Канапенова Айгерим облыстық «Шәкәрім оқуларына» қатысып «Алғыс хат», аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен өткен «Оқуға құштар оқушы» іс-шарасына қатысып мадақтамамен марапатталды. Әлім Жаннұр Абай оқуларының аудандық кезеңі «Ұлылар әлемі» эссе жазу номинациясы бойынша қатысып жүлделі 1-орынға ие болып, Облыстық Абай оқуларында «Ұлылар әлемі» эссе жазу номинациясы бойынша 2-орын алды. Мағзұмхан Мадина Облыстық «Абай оқуларында», «Абайдың қара сөздері» номинациясы бойынша «Жақсы қатысқаны үшін» деген мадақтамаға ие болды. Сонымен қатар аудандық кезеңінде М.Шахановтың 80-жылдығына арналған «Поэзия әлемінің дарабозы» авторлық шығармалар байқауында 2-орынға, «Абай оқулары» облыстық байқауының «Абайдың қара сөздері» номинациясы бойынша жүлделі 1-орынға ие болды. Мешітбай Жангүл «Мағжандай ақын боламын» атты аудандық кезең 1-орын. Әскербек Аягөз «Шәкәрім оқулары» өлеңдерін мәнерлеп жатқа айту номинациясында Алғыс хатқа ие болды. Жабағы Жұлдыз «Мағжан оқулары» аудандық байқауында «Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім» номинациясына 3-орын. «Қара шаңырақ» атты балалар және театр ұжымы «Армандастар» атты балалар шығармашылығының аудандық байқауында – 1 орынға ие болды. Сонымен қатар «Алтын дән» мәдениет үйінде өткен «Армандастар» ән байқауында Утарбаева Аружан мен Кыпшакбаева Назерке дуэті – 1 орынға ие болды.

3. Бағыты: Ұлттық тәрбие Жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының, Қазақстан Республикасының этностары мен этникалық топтарының мәдениетіне деген құрметке бағдарлау мақсатында көптеген біршама іс – шаралар мен жобалар жасалынды. Нәтижесінде: Биыл жоспарға еңгізіліп жатқан Республика күнін мерекелеу аясында 19 қазан күні 1-11 сынып аралығында арнайы сынып сағаттары өткізілді. Бұл сынып сағаттарында оқушыларды Отан сүйгіштікке, патриоттыққа баулыды. Біздің мектебімізде қыз балалардың бойындағы инабаттылық, ибалылық қасиеттерін қалыптастыру үшін «Сырғалым» қыздар клубы жұмыс жасайды.

Сырғалым қыздар клубының негізгі идеясы: «Ұлтыңды тәрбиелеймін десең, қызыңды тәрбиеле»

Жыл бойы өткізілетін әдісі: білім алушы қыз балалар үшін сырласатын, пікірлесетін, жағдайларды талдайтын, дөңгелек үстел, шебер – сынып, кештер өткізілді.

Мақсаты: Мектептегі білім алушы қыздардың сырласатын, ой бөлісетін, қажетті кеңестер ала алатын текті қыздар ортасын құру

Қазіргі қоғамдық ортада азаматтық ұстанымдары бар, жеке өмірде отбасылық міндеттерді алған білімімен ұштастыра білетін ұлтжанды, парасатты, ұлттық салт дәстүр мен мәдениетті дәріптейтін шынайы қазақ аруын қалыптастыруы және мектеп білім алушыларының сырласатын, ой бөлісетін, қажетті кеңестер ала алатын текті қыздар ортасын құру мақсатында көптеген іс – шаралар жүргізеді

Нәтижесінде қыз балалардың тәрбиесіне әжесі, анасы, жеңгесі, құрбысы бірлескен орта құрып, жұмыстар белсенді жүргізілді.

«Әжелер» ауылы қыз балаларға «қызды қырық үйден тыю», ұлттық бұйымдардың жасалу жолдарын үйретеді.

«Аналар» ауылы қыз балаларға ұлттық тағамдардың дайындалуын үйретеді.

«Жеңгелер» ауылы қыз балаларға өз бойларын күтуді үйретеді, Сырларымен бөліседі. Дастархан жасаудың мәдениетін көрсетеді.

«Құрбылар» ауылы қыз балаларға бет күтімін, сән үлгісін, шаш өру, әдеміліктің сырларын түсіндіреді. «Сырғалым» қыздар клубының жыл бойы жасалынған жұмыстары бойынша облыста және ауданда слет өткізіліп, тәжірибе таратылды.

Нәтижесінде Ұлттық құндылықтарды, салт – дәстүрлерді дәріптейтін, отбасы тұрмысына, үй шаруашылығына қатысты өмірлік қажеттілік дағдысын қалыптастыратын, тәрбиеден алған ілімдерін өз кәсібіне жарата алатын, кәсіпкерлікке ұмтылатын қыздардың қабілеті оянады.

Сонымен қатар «Азаматқа аманат» атты ер балалар жобасы жарық көрді. Мақсаты: ер балалар тәрбиесі бойынша ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру мен құқықбұзушылықтың алдын алу, ата, әке, аға, жезде тәрбиелік мектептерін іске қоса отырып, ер балалардың бойына ұлттық тәрбиені қалыптастыру.

Нәтижесінде мектебіміздің ер балалары әкелерден күнделікті өмірде үйде айтыла бермейтін тұрмыста ер азаматқа қажет болатын ұлттық құндылықтарды дәріптейтін ақыл кеңестер және қамшы өру, ертоқымның әбзелдерін, атты жүгендеу, құрал саймандармен жұмыс істей білу, шеге қағу, балға ұстау, арқанды, жіпті күрмелеп байлау және т.б қажетті дүниелерді көру арқылы үйренді.

Ұлттық тәрбие бағыты бойынша оқушылардың жеткен жетістіктері: Серікпай Альбина, Республикалық «Мақатаев оқулары» мәнерлеп оқу конкурсынан I орын. «Мұқағали –мәңгілік жыр» атты Мұқағали оқулары байқауының жеңімпазы Қанатқызы Кәусар I-орынға ие болды. Республикалық. «Мұқағали –мәңгілік жыр» атты Мұқағали оқулары байқауының жеңімпазы Жақсылық Асыл I-орын дипломмен марапатталды. Республикалық. 10 сынып оқушысы Бекенова Ақмаржан «Мамандықтар әлемін ашамыз» Республикалық форумның аудандық кезеңінде «Мамандық тұлғасы» номинациясы бойынша 1 орынға ие болып, облыстық кезеңінде 2 орынға ие болды. Бекенова Ақмаржан, Қанатқызы Самира, 10 сынып, Аудандық мультимедиялық жобалар фестивалі, «Фильм» номинациясы, 2 орынға ие болды. Бекенова Ақмаржан, Қанатқызы Самира, 10 сынып, «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» атты балалар киносының аудандық сырттай байқауы, «Музыкалық клип» номинациясы бойынша Гран-при бас жүлдеге ие болды. Бекенова Ақмаржан, Қанатқызы Самира, 10 сынып, «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» облыстық балалар киносы байқауының «Музыкалық клип» номинациясы бойынша 3 орынға ие болды. Сарсембаева Аружан, 10 сынып, Аудандық мультимедиялық жобалар фестивалі, «Фильм» номинациясы бойынша 3 орынға ие болды. Сарсембаева Аружан, Салимжанова Илмаз, 10 сынып, «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» атты балалар киносының аудандық сырттай байқауы, «Stop-motion» номинациясы бойынша Гран-при иеленсе, 10 сынып оқушысы Салимжанова Илмаз аудандық мультимедиялық жобалар фестивалі, «Веб-жоба» номинациясы, 3 орын алды. 10 сынып оқушысы Ошақбаев Медет аудандық мультимедиялық жобалар фестивалі «3Д модельдеу» номинациясы бойынша 3 орын алды.

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие «Үндестік» Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, отбасы мен мектеп жайлы оқу-тәрбие алаңын құруға бағытталған әлеуметтік әріптестік қағидаттары мен шарттары негізінде жүйелі, кешенді, үйлестірілген әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық ұзақ мерзімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында Консультативтік-ағартушылық бағыты бойынша іс – шалар мен тимбилдинг, брифинг, кофе – мониторинг, кофе – брейк, түрлі конференциясы Ғылыми-әдістемелік бағыты бойынша -«Диалог» клубының «TEDx» форматындағы жұмыс жүргізілді. Ата-аналар

лекторийі, профилактикалық бағыты бойынша да көптеген іс – шаралар ұйымдастырылып өткізілді. «Сенімен болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігімен бірлескен жұмыс атқарылды. Ондағы басты мақсаты – ата-аналардың санасын оятып, психологиялық-педагогикалық білімдері мен дағдыларын арттырып, жан-жақты қолдау көрсету. Өз алдына білім беру процесінің барлық субъектілері, оның ішінде олардың ата-аналары мен мұғалімдері өскелең ұрпақтың мәселелерін шеше алатын алаң құру міндеті болып табылады. Дамытушылық бағыты бойынша жұмыс жоспарға сәйкес іс – шаралар атқарылды. Сонымен қатар Диагностика «Зорлық зомбылық» тест сауалнама алынып, «Жанұядағы қарым – қатынасты қалай қалыптастыруға болады» педагогикалық – психологиялық көмек көрсетілді;

Нәтижесінде ата-аналардың педагогикалық мәдениеті арттырылды, жұмыс жүйесі ата-аналардың шығармашылық әлеуеті дамыды. Мектебіміздегі жүйелі жүргізіліп жатқан жұмыстарының нәтижесінде отбасы дәстүрлері тәрбиесі жетілдірілді, бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі күшейтілді. Ата-аналар мектеп қызметінің барлық салаларына белсенді тартылып отырады.

Ата-аналарға оқыту консультация беру, тәрбие, ағарту мәселелерінде көмек көрсетіліп тұрады.

Балалар мен жасөспірімдердің бейәлеуметтік мінез-құлқының алдын алу, отбасыларда салауатты өмір салтын негіздерін қалыптастыру үшін жағдайлар жасалынды.

Білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға және нығайтуға, олардың әлеуметтенуіне ықпал ететін жайлы қауіпсіз мектеп ортасын құрылды.

5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, тұлғаның экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту мақсатында кәсіби бағдар беру жұмыстары биылғы жылы ата – аналар, оқушылар үлкен ақпараттар алды. Болашақ мамандықты таңдауға жасалған іс – шаралар ұйымдастырылып, өткізілді.

"Еңбек-елдің мұраты" арнайы жобасын іске асыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Өскелең ұрпақты еңбекке деген сүйіспеншілікке баулу, қажырлы еңбектің арқасында жетістікке жеткен адамдардың беделін арттыру, еңбек мәдениетіне құндылықтарды баулу мақсатында «Үнем қоғам қуаты», Табиғат-күш пен шабыт көзі, Тұрғын үй экологиясы, Табиғаттағы және адам өміріндегі су қоймалары, "Ата-аналарымыздың мамандықтары" атты тақырыптар қамтылып, алдын алу шарасы бойынша бейнероликтер жасалынып әлеуметтік желілерге жарияланды. Әлім Жаннұр «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумының аудандық кезеңінен 1-орынға ие болып облыстық кезеңінен жүлделі (Гран - При) Бас жүлдеге ие болды және Республикалық кезеңіне жолдама алды.

Экологиялық тәрбиелеу мақсатында «Табиғатты аяла» жас экологтардың, өлкетанушылар мен натуралистердің байқауына 10 сынып оқушысы Миркемел Аружан қатысып аудандық 2 орынға ие болды. Осы байқаудан 10 сынып оқушысы Ошақбаев Медет «3д атлас» номинациясы бойынша 1 орынға ие болды. Кәсіби бағдар беру аясында 9 сынып оқушысы Наженова Сая «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық сырттай форумның аудандық кезеңінде 3 орынға, 11 сынып оқушысы Дерипсалина Жүзім 1- орынға ие болды. 10 сынып оқушысы Темирбеков Байтас Жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары «Жаңа Қазақстан – шың белестер» Республикалық қашықтық байқауында 1 орынға ие болды.

Экономикалық тәрбие бойынша 8-10 сынып оқушылары аралығында мектеп оқушылары «Оқушылардың үздік мектептік ғылыми қоғамы» сайысының облыстық кезеңінде 1-орынға ие болды. «Балалар жылы» аясында ұйымдастырылған республикалық балалар оқулары байқауының облыстық кезеңінде Амантай Нүрерке 1-орынға иеленіп, республикаға жолдама алды. 10 Ә сынып оқушысы Миркемел Аружан, Экономика бойынша оқушылардың облыстық турниріне қатысып, сертификатпен марапатталды. Еріктілер еңбегі бойынша 8-11 сынып оқушылар аралығында өткен аудандық кезеңінде «Жүрек қалауымен жақсы істер» атты бейнероликтен 1- орынға ие болды.

6. Бағыты: Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша қалыптастыру.

Міндеттері: сынып оқушыларының сабақтан тыс жұмыста өздерінің жеке қабілеттерін тең

дәрежеде көрсетуіне жағдай жасау, шындықты эстетикалық қабылдауды қалыптастыру, Өз және басқалардың жетістіктерін барабар бағалау, өз жетістіктеріне қуану және басқалардың сәтсіздіктері үшін қайғыру қабілеттерін дамыту, оқуға деген құштарлығын сақтау, өзіне деген сенімді нығайту.

Осы мақсатта "Оқуға құштар мектебі" жобасы, Bookdating және буккроссинг форматында іс-шаралар кешенін өткізу, "Оқитын ата-аналар мен балалар" акциясы, Жазушылар шығармашылығы бойынша буктрейлерлер, «Зерде» конкурсы, Ақбота интеллектуалды марафоны, «Золотое руно» "Халықаралық зияткерлік сайысы", Оқушылардың ғылыми жобаларының республикалық конкурсы, Ғылым күніне қатысу «Азат» пікірлер сайысы алаңы осы іс – шаралар жыл бойы ұйымдастырылды. Нәтижесінде бала оқиды, жоба жасай алады әрине мұғалімнің бағытымен көмегімен. Сондықтан келесі оқу жылында оқушыларды кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Оқы, велосипед ұтып ал» жобасы іске асырылып жатыр. Яғни оқушыларға жазғы 3 айға тапсырмалар берілді. Осының нәтижесінде кітап оқитын бала саны өседі деп болжалды.

Зияткерлік тәрбие беру негізінде жетістіктеріміз аз емес. Мысалы: «Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастыруымен өткен «Атамекен» облыстық зияткерлік танымдық ойынында бастауыш сынып оқушылары Сертаев Ерасыл, Тритенкова Амина арнайы сертификатқа ие болды. Сонымен қатар робототехника үйірмесі бойынша Хусайынов Бекбулат Облыстық «STEM-FEST» робототехника байқауында сертификат иеленсе, 11 сынып оқушылары «Robotek Grand Tournament» республикалық чемпионатының облыстық кезеңінде 2 орын жеңіп алды. Аудандық мультимедиялық жобалар фестивалі 11 сынып оқушысы Хусайынов Бекбулат 1 орын, Облыстық мультимедиялық жобалар фестивалі, 3 орын. 11 сынып оқушысы Байгенжин Ерхан, Облыстық «STEM-FEST» робототехника байқауындағы «кегель-ринг» номинациясы бойынша 2 орын, 11 сынып оқушылары Байгенжин Ерхан, Дерипсалина Жүзім мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарының облыстық байқауы (*КИНЭУ*), 1 орын. Мектебіміздің дарынды оқушыларының бірі 11 сынып оқушылары Теміржан Жанель, Дерипсалина Жүзім «Зерттеудегі бір қадам – дамудағы жүз қадам» аймақтық ғылыми-практикалық конференциясында 3 орын, «Қазақстанның индустриалдық-инновациялық дамуының табысты кілті - жас ұрпақтың интеллектуалдық әлеуеті», Даулетбаев Тобыл Еслямғалиұлы атындағы мектеп оқушыларының X аймақтық ғылыми-практикалық конференциясы (*ФМЛ*), 1 орын, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары «Жаңа Қазақстан – шың белестер» Республикалық қашықтық байқауы 1 орын, Балтабек Алдияр, Жаров Ансаған, 5 сынып, «Robotek Grand Tournament» республикалық чемпионатының облыстық кезеңі, «Кегельринг-квардро» номинациясы, 3 орын, Бекенова Ақмаржан, Әбдікәрім Жанболат, 10 сынып, «Roboland-2023» VIII Халықаралық робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалінің облыстық кезеңі 3 орын, Ғабит Таиржан, 9 сынып, Жалпы білім беретін пәндер бойынша қашықтық олимпиадасы «Костанайский высший колледж казпотребсоюза»), 1 орын, Ерлан Айдос, Кабиев Иманғали, 9 сынып, NatRoboCom қозғалысымен серіктестікте өткізілген «KazRoboSport-2023» іріктеу кезеңі барысында, «Асық ату» санаты бойынша, 3 орын, Меркемел Нұралы 5 «Ә», «Презентация» номинациясында аудандық сайыс 3 орындарға ие болды.

7. Бағыты: Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие беру.

Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және шындықтағы эстетикалық объектілерді қабылдауға, игеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" оқушылардың дебаттық қозғалысы "жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы көпмәдени орта құру мақсатында «Қара шаңырақ» балалар және театр жобасы, «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысы шеңберінде құрылған «Азат» дебат клубы іске асырылды. Нәтижесінде «Қара шаңырақ» балалар театры аудан төңірегінде ғана емес, облыстық «Армандастар» қойылымдар байқауына қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Әбіш Кекілбаев шығармалары желісінде өткен аудандық қойылымдар байқауында «Махаббат мұңарасы» қойылымымен жүлделі 1-орынға ие болды. Абай Құнанбайұлы қойылымдар желісінде аудандық, облыстық қойылымдар байқауында «Қараша мен желтоқсан, сол бір екі ай» қойылымымен жүлделі Бас жүлдеге ие болды. Сонымен қатар біздің мектебімізде рөлдерді сомдау мақсатында үздік бейнероликтер түсіріледі. Нәтижесінде Әлім Жаннұр, Берік Айша 9 сынып оқушылары арасында облыстық бейнероликтер конкурсына қатысқаны үшін сертификаттарға ие болды. Файзуллаев Нурхан аудандық "Ер Төстік" сайысынан "Сымбатты жігіт" номинациясы бойынша диплом, аудандық "Мен зерттеушімін" республикалық

сайысының аудандық кезеңінде “Жаңалық жыршысы” номинациясына ие болды.

«Азат» дебат пікір алаңының жұмысы нәтижесінде Қостанай ауданының білім алушылары арасындағы «Ұшқыр ой алаңы» атты аудандық пікірсайыс турнирінде 9 сынып оқушылары 3 орынға ие болды. «Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен пікір сайысында Әлім Жаннұр, Мағзұмхан Мадина, Ерболұлы Сержан, Қайырғали Ботагөз Ұлы ағартушы Ы. Алтынсариннің еңбек жолын насихаттау мақсатында өткізілген мемлекеттік тілде «ҮБҮРАІ СҮР-II» облыстық пікірсайыс турнирінде 2 орынға ие болды. Әлім Жаннұр «Үздік мектеп медиаторы» байқауының аудандық «Жанжал және оны шешу» номинациясында 2 орын еншіледі.

Ғафу Қайырбековтың 95 жылдығына арналған облыстық деңгейде өткен «Атажұрт-білімділер мекені» этногеографиялық интеллектуалды конкурсынан Талғат Нұрай мен Ғалымжан Айсұлтан 1-орынға ие болды. Арыстанбек Айша республикалық "Күз береке" байқауында 1 орын. Аудандық "Жас таланттар" байқауынды мектеп оқушылары 1 орын Дипломмен марапатталды. Бейсен Азиза аудандық "Түйме қыз" сайысында "Әнші қыз" номинациясы бойынша I дәрежелі дипломмен марапатталды.

Аудандық кезеңінде өткен «Абай оқулары» «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» номинациясы бойынша Молдағали Мерейлі 2–орынға ие болды. Облыстық кезеңінде өткен «Ілияс Жансүгіров оқулары» атты мәнерлеп оқу байқауында Берікқызы Айша 3- орын, «Үздік мектеп музейі» аудандық кезеңінде 1- орын, Мұқағали Мақатаев оқулары аудандық кезеңінде I орын иеленіп, облыстық кезеңіне жолдама алды.

8. Бағыт: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру мақсатында Салауатты өмір салты арнайы жұмыс жоспарына сәйкес іс – шаралар өткізілді. Дене тәрбиесіне байланысты әр күн сайын таңғы жаттығулар өткізілді. Сонымен қатар сыныптан тыс іс – шаралар, сынып жетекшілер мен мектеп медбикесі бірлескен жеке жұмыс жоспарға сай өткізілді.

«Денсаулық фестивалі-2022», Спорт секцияларының жұмысын ұйымдастыру, Жеке жоспар бойынша 2022-2023 оқу жылына арналған мерейтойлық күндерге арналған іс-шаралар, Жол-көлік жарақатының алдын алу бойынша онкүндік өткізу, Ұлттық отбасы күні, Денсаулық құпиялары, Ұйқы және оның адам денсаулығы үшін маңызы, Психологиялық денсаулық айлығы, Дүниежүзілік сүт безі қатерлі ісігі туралы хабардарлық күні және оған арналған айлық, Алкогольді тұтынудан бас тартудың ұлттық күнін және оған орайластырылған айлықты өткізу, Дүниежүзілік қант диабетіне қарсы күрес күнін өткізу, Халықаралық темекі шегуден бас тарту күні

және оған арналған онкүндіктер өткізілді. Дене тәрбие бағыты бойынша жеткен жетістіктер: мектебіміздің спортсмен ер балалары аудандық мектеп лигасы «Былғары доп» Футбол 9-11 сынып аралығында II орын, Дихан Омар аудандық мектеп лигасы «Жеңіл атлетика кроссы»: I орын, сонымен қатар «Үстел теннисі» ойынынан аудандық спартакиада жарысында I орын. Үстел теннисі жарысынан облыстық спартакиада жарысында жалпы командалық III орынға ие болды. Аудандық волейбол ойыны мектепшілік лига II орын – Қыздар командасы, «Үздік шабуылдаушы» - Мағзұмхан Мадина, «Үздік үйлестіруші» - Берікқызы Айша, Қыздар командасы – I орынға ие болды. Мағзұмхан Мадина аудандық жеңіл атлетика «Ұзындыққа секіру» III орын – «Ауыр доп лақтыру» II орын, аудандық «Шахмат ойыны» II орын, Сатыбалдин Сұлтан аудандық жеңіл атлетика «Ұзындыққа секіру» I орын, Темиргали Санжар – аудандық жеңіл атлетика «1000 м жүгіру» I орын, Кинтонов Тимур аудандық «Қазақ күресі» III орын, Ташмағанбетов Нұрасыл аудандық «Қазақ күресі» III орын, Досмайлов Нияз аудандық «Қазақ күресі» II орын, Сабитов Әлішер Аудандық «Қазақ күресі» I орын, Таңат Ернар аудандық «Қазақ күресі» I орын, Серік Сейтназар аудандық «Қазақ күресі» I орынға ие болды.

Әлеуметтік педагогтың атқарылған жұмысы бойынша мектепте сабаққа қатыспайтын тұрмысы қолайсыз отбасыларда тұратын кәмелетке толмағандардың тізімі жасалынып байланысқа шығарылды. Толық емес отбасыларды, оның ішінде қорғаншы не қамқоршы ер адамдар болып табылатын отбасыларды және өгей әкесі немесе анасымен бірге тәрбиеленетін отбасылардағы балалардың өмір сүру жағдайларын, өзара қарым-қатынастарын тексеру жұмыстары жүргізілді. Тұрақты негізде учаскелік полиция инспекторларымен бірлесіп денсаулық сақтау жүйесін тарта

отырып, зорлық-зомбылыққа ұшыраған, мінез-құлқында ауытқушылығы бар, агрессия танытқан ата-аналарға түзету жұмыстары жүргізілді. Н.Наушабаев атындағы мектеп - гимназиясының әкімшілігі мектеп инспекторымен биология пәнінің мұғалімімен бірлесіп, дәстүрлі түрде 8-11 сынып оқушы қыз балалар арасында ертежүктіліктің алдын - алу, «Жасөспірімнің дамуына тигізетін салдары мен зардабы» атты жиналыс өткізілді. Жиналысқа 12 сыныптың жетекшілері мен 8-11 сынып қыз балалары қатысты. Жиналыс барысында оқушыларға "Қыз баланың бой жетуі" туралы әлеуметтік видеоролик көрсетілді. Биология пәнінің мұғалімі Жанбыршина А.С. және мектеп медбикесі Сулейменова Б.Б. "Ертежүктіліктің зардабы мен салдары", сонымен қатар ерте жүктіліктің және оның жауапкершілігі тақырыбында оқушыларға дәріс оқып, оқушылардың сұрақтарына жауап берді.

Барлық жыныстық қолсұғылмаушылықтың алдын алу іс шаралары өткізіліп, сол іс – шара туралы ақпаратты әлеуметтік желілерге жарияланып отырды. Халықаралық балаларды қорғау күн Нашәқорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрестің халықаралық күні және оған орайластырылған айлық Жіті ішек инфекцияларының алдын алу бойынша онкүндік өткізу Денсаулық жолы кең ауқымды акциясы, ДӨС қалыптастыру бойынша ақпараттық-білім беру материалдарын тарату

Жыл басында тәрбие саласына қатысты қазақстандық және халықаралық мерекелер мен атаулы күндер сынып жетекшілерге бөлінді. Оның мақсаты: жұмысты жүйелеу, жауапкершілікті нығайту, әдістемелік материалдарды жинақтау.

Сонымен қатар жол қауіпсіздік ережелерін насихаттау, балалар жарақатын болдырмаудың алдын алу шаралары, өрт қауіпсіздігіне арналған шаралар, ҚР мемлекеттік нышандарын насихаттау және қолдану бағдарламасы бойынша іс-шаралар, діни экстремистік көзқарасқа қарсы жүргізілетін іс-шаралар кенінен жоспарланды. Мектеп әкімшілігімен «Мектепке жол» акция аясында бірлесіп атқаратын жұмыстардың көлемі бекітілді. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуды ұйымдастыру шаралары бірлесіп жасалды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 бабы және Қазақстан республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 28 тамызында қабылданған «Қазақстан Республикасында орта білім жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралары туралы» № 812 Қаулысын және Алматы облысының білім басқармасының 2018 жылдың 15 қаңтарындағы № 29-н бұйрығын орындау мақсатында және аудандық білім бөлімінің 2018 жылдың 16 қаңтарындағы № 9-1- ө бұйрығы, мектепшілік 22.01.2018 жылғы № 611-07 бұйрық негізінде «Қамқорлық» дәстүрлі республикалық акциясы өткізілді.

Акция мақсаты - әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, көп балалы, тұрмысы қолайсыз отбасының балаларына, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға және басқа санаттағы балаларды анықтау және есепке алу, сондай-ақ әлеуметтік себептер (киімдерінің, аяқ киімдерінің, мектеп құралдарының жоқтығы) бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу шаралары тексерілді.

Барлық өткізілген рейдтік іс-шаралар бойынша бала еңбегін пайдалану фактілері анықталмады.


Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында Ішкі істер бөлімшесімен бірлескен жұмыс жоспары құрылып, құқықбұзушылықтың алдын алу іс – шаралары жүйелі түрде өткізілді. (түнгі уақыттағы рейдтер, кездесулер, ашық үзілістер)

Біздің мектебімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы акциялары жүргізіліп отырады. Мектеп қоғамдастығын сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне «нөлдік» шыдамдылық ортасын құру жолымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту мақсатында «Адал Ұрпақ» клубының жұмыс жоспарына сәйкес сынып сағаттары, сыныптан тыс іс – шаралары өткізілді. Негізгі бағыты – сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды жою.

Нәтижесінде «Адалдық дүкені», сынып сағаты, жемқорлыққа қарсы акциялар жүргізілді. Білім алушылардың жемқорлыққа қарсы құқықтық сауаттылығын 90 %-ға дейін артты.

«Өзін – өзі басқару балалар ұйымының жұмысы туралы» Білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатынасу мақсатында жоспарына сәйкес жұмыс атқарды. Мектеп оқушыларының

парламенті қызметінің ережесіне сәйкес мектеп президентін сайлау жүргізіліп, 23 қыркүйекте өткен Сайлау барысында 10 оқушы мектеп президентіне үміткер болды. Сайлау нәтижесінде сайлау комиссиясының отырысы өтіп мұғалімдер мен оқушылардың дауыс берулері негізінде 10 «Ә» сынып оқушысы Минзотова Әдемі ең көп дауысқа ие болып, Мектеп президенті болып тағайындалды. Қалған үміткерлер парламент құрылымының фракциялар көшбасшылары болып бекітілді. Мектеп парламенті мүшелеріне арнайы галстук тіктіріліп, оқушылардың өзіндік, белсенді жұмыс жасаулары үшін бөлек кабинет берілді. Мектеп парламентінің құрылымы, Президентті санамағанда, сегіз фракциядан тұрады. Әр фракцияның өзіндік атқаратын қызметі бар. Бірінші жартыжылдықта «Өзін – өзі басқару» ұйымының атқарған жұмысы туралы: Қазан айында мектеп парламенті мүшелерінің арасында ұйымдастырушылық жиналыс өтіп, Қостанай ауданының білім бөлімі 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес мектебімізде мектеп парламенттері қызметінің жылдық жоспары құрастырылды. Жоспар бойынша қазан айында «Рахмет, сүйікті мұғалім!» акциясы шеңберінде өзін – өзі басқару күні болды, парламент мүшелері концерттік бағдарлама ұйымдастырылуына ат салысып, мұғалімдерді құттықтау бейнеролигін жасады. «Денсаулық – Ел байлығы» денсаулық фестивалін өткізу іс – шарасына сәйкес спорт және салауатты өмір салты фракциясы Әбдікәрім Жанболат дене шынықтыру мұғалімдерінің жетекшілігімен спорттық сайыстар мен ойындар ұйымдастырып, үздік қатысушылар марапатталынды. «Әлемді бірлесіп жарқын етейік» акция шеңберінде Өзін – өзі тану және бақыт фракция мүшелері мұғалімдер мен оқушылардың көңіл-күйлерін көтеру мақсатында тәттілер таратып, мейірімділік істер марафонын ұйымдастырды. Республика күніне орай мектеп парламенті әлеуметтік желілерде «Қыран елім – Қазақстаным!» патриоттық акциясын жариялады. Акцияға белсенді қатысқан оқушылар мектеп жиынында марапатталынды. Сонымен қатар, Республика күніне орай өткізілген салтанатты жиында өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері «Менің Қазақстаным» тақырыбында флешмоб және оқушыларды адалдықпен ізгілікке тәрбиелеу мақсатында Адалдық дүкенін ұйымдастырды. Баланың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді ұялату, жақсы-жаманды ажырата білуге, адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал етуге, бір-бірімен қарым-қатынастарын жақсарту, оларды адамгершілікке, имандылыққа, шыншылдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында «Балалар жылы» мен «Республика күніне» орай «Жанашыр жүрек» қайырымдылық акциясы жүргізіліп, түскен қаражат көлеміне мектебіміздің «Өзін – өзі басқару ұйымы» мүшелері сыйлықтар алып, Қостанай облысының Балалар үйіне сыйлықтар апарып, тәрбие орынбасарлары, әлеуметтік педагог, мектеп психологтарымен бірге ойындар мен тренингтер өткізді. Қараша айында мектеп парламенті мүшелерінің ұйымдастыруымен «TRADE» алмасу акциясы өткізілді. Яғни, оқушылар өздері пайдаланбай жүрген заттарын алып келіп, басқа оқушылармен зат алмасты. Мектебіміздегі құқық пәні мұғалімі Ахметова Назгүл Едресқызының жетекшілігіндегі «Азат» дебат үйірмесіне өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері белсенді қатысып, пікірталас ойындарында әрдайым өздерін жақсы жағынан көрсетіп отырады. Сонымен қатар, оқушыларымыз білім, тәрбие жағынан өтетін әр түрлі сайыстарға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Екі жұлдыз», «Сыныпты жаңа жылдық безендіру» байқаулары, ана мен бала орталығына көмек көрсету мақсатында қайырымдылық акциялары өткізілді. Үздік қатысқан оқушылар мен сыныптар мектеп жиынында мадақталып отырылды. Алдағы уақытта да жоспар бойынша барлық жұмыстар жүргізіліп отырылады деп ойлаймыз.



Келесі 2023 – 2024 оқу жылында I бағыт Жаңа Қазақстан патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, Құқықтық тәрбие, II бағыт Рухани адамгершілік бағыттарына баса назар аударып түрлі іс – шаралар, кездесулер, отан сүйгіштікке баулу шараларын ұйымдастыруды жоспарланды. Болашақта балаларды ең бастысы, ұлттық құндылықтарға бай, тіліне, тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне, салт-дәстүріне берік, рухы мықты, танымы мен тағылымы кең тұлға ретінде және Абайдың 5 асыл ісі (Талап, еңбек, терең – ой, рахым, қанағат,) құндылықтарын қалыптастыру мақсатында жұмыстары күшейтіледі.

2023 – 2024 оқу жылы Қазақстан республикасының оқу – ағарту министрлігі «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізінде жасалған тәрбиелік жұмыс жоспарының тақырыбы: «5Асыл іс» мектебінің «Біртұтас тәрбиедегі» ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысы:

Миссиясы: Еңбекқор, талапты, терең ойлайтын, қанағатшыл, әр кезде рахым жасай алатын, білімді, тәрбиелі ортада жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген адал, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен елжандылыққа, талапшылдық пен жауапкершілікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, танымды жоғарылатуға, абыройлы болуға, ар-ұждан, терең ойлай білуге, қанағатшыл болуға, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, рахымшылдық пен әділдік, қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, елжанды, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілік талаппен қарайды, әдепті және рахымды, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, қанағатшыл болады, тереңінен ойлай алады,

дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекетінің Заңдарындағы талапты басшылыққа алу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу, аянбай еңбек ету;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясында талап қоя алады;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет етеді, қанағат пен төзімді өзіне дос ете алады.;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл, рақымшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихына терең еніп, құрметтейді
- Еңбекті жоғары бағалайды
- Кәсіп түрін ерте жастан таңдай алады
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптеуді тереңінен ойлайды
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары, басқалардан да талап ете алады

Ар-ұят құндылығы:

Академиялық адалдық қағидатын қолдау;

- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет және еңбек ету
- Әдеп нормаларын ұстану, басқадан да талап етуді біледі;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, қанаға;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік, рақымшылдық таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезінеді, тереңінен ойлайды.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды, қанағатшылдықты басшылыққа алады;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, әлсізге рақымшылық жасайды.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командалық жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға терең оймен құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;

- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтауда өзіне талап қоя алады;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды, еңбекті қадірлейді;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде Ұлттық-мүдде, Ар-ұят, Талап құндылықтарымыз төмендегідей қызмет құралдары арқылы іске асырылады. Және әрбір өткізіліп жатқан іс – шаралар мектебіміздегі барлық ұжым ішінде сынып сағаттарымен бірге сабақ барысында, сабақтан тыс іс – шараларында да «Біртұтас тәрбие» жүйесі жүзеге асырылады.

Тәрбие құндылықтары	Негізгі индикаторлар	Қызмет құралы
Ұлттық мүдде (мемлекетшілдік)	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; ✓ Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; ✓ Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; ✓ Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; ✓ Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуге талап қоя алу; ✓ Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; ✓ Заң талаптарын қатаң сақтауға дайын болу, құрметтеу 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ «Мектеп парламенті»; ✓ «Дебат қозғалысы»; ✓ «Ата – аналарды педагогикалық қолдау» ✓ Педагогикалық ұжым ✓ Мектептің оқушылар жиыны ✓ «Жас сарбаздар» клубы
Ар-ұят	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Академиялық адалдық қағидатын қолдау; ✓ Сөзіне берік, ісіне адал болу; ✓ Отбасының, өз ортасының абыройын асыру; ✓ Отбасы, Отаны алдындағы борышын білу; ✓ Мектеп ережесіне бағыну ✓ Жаман әдеттерден аулақ болу ✓ Салауаттылық салтын сақтау ✓ Салт – дәстүрді сақтау 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ «Ата – аналарды педагогикалық қолдау» бірлестігі ✓ Педагогикалық ұжым ✓ «Ата - әжелер» клубы ✓ «Сырғалым» клубы ✓ «Азаматқа Аманат» клубы ✓ «Жас сарбаздар» клубы ✓ «Адал ұрпақ» клубы
Талап	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Сыни және креативті ойлау; ✓ Физикалық белсенді болу; ✓ Салауатты өмір салтын ұстану; ✓ Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну; ✓ Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Педагогикалық ұжым ✓ Мектептің оқушылар жиыны ✓ «Жас ұлан» ұйымы ✓ «Азаматқа аманат» ата, әке, аға, жезде мектебі ✓ «Қамқоршылық» кеңесі ✓ «Оқуға құштар мектеп»

Ұлттық мүдде, Ар – Ұят және Талап құндылықтары бойынша

Қыркүйек білім айында 1-қыркүйек Білім күніне орай «Мектеп – мейірім мекені» атты 1-11 сыныптары үшін салтанатты жиын болып өтті. Жиынға мектеп оқушыларын жаңа оқу жылымен

құттықтау үшін қонақ ретінде Қостанай облысы әкімдігінің «Экономика және қаржы басқармасының» басшысы - Кенжегарина Зинагуль Кабдешовна шақырылды. Жиын соңынан сынып жетекшілері өз кабинеттерінде сынып сағаттарын өткізді, ал оқушылар жазғы демалыс уақытындағы алған әсерлерімен қызыға бөлісті. Мектеп оқушылары үшін А. Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» атты Қостанай облысының тарихи –өлкетану музейінің экскурсия жетекшісі Мұханбетқали Таңшолпан Зияденқызымен кездесу кеші болып өтті. Бұл кеште Торғай елінен шыққан атақты жазушы Ахмет Байтұрсынұлының туындылары жатқа оқылып, өмір баяны таныстырылды. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» тақырыбында мемлекеттік тілді оқытудың озық әдіс-тәсілдерін көрсету үшін 1-11 сыныптарында ашық тәрбие сабағы өткізілді. Тіл мерекесіне орай «Халық мұрасын, қазақ тілін ұлықтау» атты мектепшілік іс – шара ұйымдастырылды. Іс – шара барысында мектебіміздегі өзге ұлт өкілдерінің отбасы мүшелері шақырылып, өзара сайысқа түсті. Бұндағы мақсат өз тілін құрметтеп, өзге тілді дәріптеп жүрген оқушыларымызды үлгі тұту. Сонымен қатар Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл толуына орай мектебіміздің акт залында 8-11 сынып оқушылары үшін «Қожа Ахмет Яссауи даналық тағылымы» атты бейнеролик көрсетілді. Көрсетілім барысында Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне барған оқушылар өз ойларымен бөлісті. «Азаматтық қорғаныс-басты назарда!» атты машықтау (эвакуация), түсінік іс-шарасы өткізіліп, барлық мектептегі қызметкерлер, оқушылар, мектеп ұжымы машықтанды. Осы машықтану нәтижесінде кез-келген оқыс оқиғаға мектеп оқушыларының даяр екендігі байқалды.

Қазан Алаш азаматтарын ұлықтау айында мектепалды даярлық сыныптарымен 1- 11 сынып аралығында «Отаным менің-Қазақстан!» атты Республика күніне арналған бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. 7-11 сыныптарында «Ата – ана академиясы» жобасы негізінде Ата – аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы аясында төменгі тізімдегі ата – аналар тәрбие сағатын өткізіп, өз белсенділіктерін танытты. 7 А - Спанов А.С., 7 Ә - Ундемесова А.О., 9 Б - Бейбіт Д.Е., 7 Б - Тулегенов У.Б., 10 Ә - Кабиева А.Т., 9 Ә - Ахметбеков С.Х., 9 В - Шектыбаева Н.Т., 11 А - Кабдуллин Н.К. және осы тізімдегі ата – аналар жалпы ата – аналар конференциясында марапатталды. Сонымен қатар «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Менің Отаным» атты фестиваль мәжіліс залында жоғары деңгейде өткізілді. «Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы негізінде 5-11 сыныптар аралығында «Суырып салма ақындар» байқауы өткізді. Бұл байқаудың мақсаты- айтысты шешендік өнер арқылы мәдениеттің баға жетпес мұрасын жан – жақты насихаттау, ұлттық рух пен патриотизмге тәрбиелеу, өз халқына және оның дәстүріне деген құрмет сезімі, талантты шығармашылық жастарды анықтау аралығында өткізілді. Ерекше көзге түскен 9 сынып оқушысы Едрес Әбілмансұр жүлделі 1-орынға ие болып, «Жыр алыбы Жамбыл» облыстық ақындар байқауына қатысып 2-орынға ие болды. Нәтижесінде республикаға жолдама алды. 8-11 сынып оқушылар арасында «АЛАШ» партиясының көшбасшыларына арналған пікірсайыс турнирі өткізілді. Бұл пікір сайыста Әлихан Бөкейхановтың экзистенциялық жолы мен қызметі қарастырылып, өмірлік мұрағатынан құнды деректер беріліп, қоғам қайраткерінің алаш партиясындағы алар рөлі талқыға салынды. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 1-4 сыныптар аралығында адам еңбегінің маңызын түсіндіретін тәрбиесі зор іс шаралар жүргізілді. 5-11 сыныптар аралығында «Терроризм – қазіргі заманның қаупі» атты діни экстремизмнің алдын алу мақсатында дөңгелек үстел өткізілді.

Қараша поэзия айында арнайы жоспар бойынша Ғафу Қайырбековтың туғанына 95 жылдығына орай мектепшілік «Айдыны кең арқалы ақын – Ғафу Қайырбеков» атты әдеби кеші жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Бұл кеште Ғафу Қайырбековтың шығармалары мен әндерін нақышына келтіре жатқа айтты, жеңімпаздары мақтау қағаздарымен марапатталды. 15 қараша – Ұлттық валюта күніне орай әр сыныпқа төл теңгеміздің макетін жасау тапсырылып, жәрмеңке ұйымдастырылды. Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері Ғабиден Мұстафиннің туғанына 120 жыл толуына орай мектебіміздің кітапханасында ақын өмірімен танысу мақсатында ашық есік күні ұйымдастырылды.

Желтоқсан «Қазақстан - ұлы дала елі» айында «Көк тудың желбірегені» атты бірыңғай сынып сағаттары өткізіліп, қорытындысында «Желтоқсанның құрбандары » тақырыбында мектепшілік көрме ұйымдастырылды. Желтоқсан оқиғасының куәгері Райхан Нарынқызымен «Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» атты кездесу ұйымдастырылды. Отбасы құндылықтарын дәріптеу

мақсатында «Мен және менің жанұямдағы әдет - ғұрыптар» атты бейнероликтер әзірленіп, әлеуметтік желілерге салынды және барлық оқушыларға көрсетілді. 9-11 сынып оқушылары арасында «Азат» дебат клубы жетекшісінің ұйымдастыруымен өткен «Тарих пен тіл тамырлас, тарих пен тіл ажырамас» атты пікірталас өткізілді. Пікірталас барысында қатысушылар өзіміздің тарихымызға үніліп, тіліміздің құдіретін жетік түсіндірді. Мектеп парламенті көшбасшыларының ұйымдастыруымен өткен 5-11 сынып оқушылары арасында «Оқуға құштар мектебі» жобасы аясында «Бейбітшілік пен келісім сабағы» форумы өтті. Бұл форумда дебат және ақпарат фракциялары оқушыларға кинодан үзінді көрсетіп, еліміздің тыныштығы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Қаңтар «Ұлттық код» айында «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында 1-11 сыныптар аралығын «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» атты қызықты үзілістер өткізілді. Үзіліс барысында асық ату, сақина салмақ, теңге алу, арқан тартыс сияқты ұлттық ойындарымыз насихатталды. 9-11 сынып оқушылары «МАМАНДЫҚ TIME» кәсіби бағдар беру аясында Тобыл қаласының өрт сөндіру бөлімі және полиция бөлімшелеріне экскурсия жасады. Экскурсия барысында осы мамандықтарға қызыққан оқушыларымыз өз сұрақтарын қойып, белсенділік танытты. Оқушылардың экологиялық өмір салтына қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мақсатында «Болашақ үшін бір минут» тақырыбындағы облыстық бейнеролик байқауынан 4 және 10-сынып оқушылары өздерінің табиғатқа қосқан үлесі жайлы баяндап, I жүлделі орынды иемденіп, қазіргі заманауи «Алиса» құрылғысы мен құлаққап ұтып алды.

Ақпан «Оқуға құштарлық» айында 5-7 сыныптар аралығында кітапханада мектеп оқушыларының кітап оқуға деген ынталарын және қазақша сөйлеу мәнерлерін арттыру мақсатында «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» атты мақалдар сайысы болды. Сайыс барысында сынып оқушылары өздерінің сөзге шешендігімен және мақалды жатқа айтып жарысудан белсенділіктерін танытты. 8-11 сыныптар аралығында мектебіміздің акт залында «Тарихқа тағзым» диспуты болып өтті. Бұл диспутта оқушылар тарихы тереңде жатқан ел тынысын, қарсы топқа дәлелдеп, өз пікірлерін жандандырды. Оқушылар ішінен сөзге шешен, дарынды балалар көзге түсті. Ата-аналармен бірлесе отырып ұйымдастырылған «Қалдықты табысқа айналдырайық!» әлеуметтік жобалар фестивалінде, тұрмыстағы қолдануға жарамсыз немесе қайта өңдеуге болатын заттардан түрлі бұйымдар жасап, жәрмеңке өткізілді. Үштік одақ: мұғалім, ата-ана және оқушы арасында «Әдепті адам... әдемі адам» атты брифинг өткізілді. Әр мүше осы тақырып бойынша өз ойларын ортаға салып, талқылады. Көбіне ата-аналар мен оқушылар әдептілік, әдемілік жайында өз ойларын толықтырып отырды.

Наурыз – ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу айында Наурыздың алғашқы мерекесі болып саналатын «Алғыс айту» мерекесі таңғы уақыт кезінде мектеп оқушыларын мектеп басшысы мен ұстаздар қауымы өз қамқорлықтарын көрсетіп, қарсы алды. Оқушыларда өз ұстаздарына және мектеп қызметкерлеріне деген ыстық ықыластарын білдіріп, ашық хаттарын таратты. Сонымен қатар сынып жетекшілер оқушылардың жанұяға, ата – анаға, үлкен кішіге деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Мың алғыс...» атты бейнероликтер түсіріп, әлеуметтік желілерге жариялады. Домбыра үнін жоғалтпай, күмбірлеген күй мен саз дауысты әуендерді домбыраның құлағында ойнап, жастардың қасиетті аспапқа деген құлшынысын ояту мақсатында «Домбыра party» домбырашылар музыкалық алаңы өткізілді. Бұл алаңға мектебіміздің 32 домбырашысы қатысып, өздерінің өнерлерін көрсетті. 8-наурыз Халықаралық аналар мерекесіне орай мектебімізге ақ жаулықты аналар шақырылып, мерекелік іс-шара өткізілді. Іс –шара барысында оқушылар өз аналарына деген махаббаттарын білдіру үшін, тақпақтарын оқып, әндерін шырқады және қазақтың ұлттық аспаптарында ойнап, кішкентай бүлдіршіндеріміз өздерінің қойылымдарымен отырған көрермендерді тәнті етті. 14- Наурыз Көрісу күніне орай «Амал мерекесі» мектеп ішінде бір-бірімен көрісуден бастау алды. Мектебіміздің 1-қабаты мерекеге сай безендіріліп, мектеп басшысы оқушылар мен ұжымды мерекемен құттықтап, сөз сөйледі. Әрбір сыныптар ішінде Көрісу күнінің пайда болу тарихын түсіндіретін ақпараттық тәрбие сағаттары өткізілді. Мектеп оқушылары мен ұстаздар қауымына асхана қызметкерлері ыстық бауырсақ таратып, алғысқа бөленді. Өтілген іс-шара бойынша барлық сынып сағаттарының бейнеролигі жасалып, желіге жүктелді. Наурыздың 20-

сы күні мектебімізде «Қош келдің, өз-Наурыз» атты мерекелік іс-шара болып өтті. Мерекеде киіз үй құрылып, дастархан қазақтың ұлттық тағамдарымен толтырылды. Сынып ішіндегі тәрбие сағаттарына ата-аналар шақырылып, Қыдыр ата батасын берді. Әр сыныпқа қазақтың ұлттық дәстүрлері бөліп беріліп, сахнада көріністерін қойды. Мұндағы мақсат оқушыларға қазағымыздың ұлттық дәстүрлерін дәріптеп, көрсету. Мектептің барлық оқушылары мен ұстаздары қазақтың ұлттық киімдерін киіп, әшекейлерін тағып, бір-бірін құттықтады. Сонымен қатар Наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған аудандық «Жаса, Наурыз дәстүрі» атты мерекелік фестивальдің ашылуына мектебіміздің 50 қыз баласы қолдау ретінде қазақтың ұлттық биі «Аушадиярды» билеп, өз өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар осы фестивальде қазақ театрландырылған әндерінің байқауына мектеп ұжымы мен оқушылар бірігіп, «Ауылың сенің іргелі» әніне композиция жасады. Мектеп атынан киіз үй құрылып, қала тұрғындарына Наурыз көже мен ыстық бауырсақ таратылды. Облыстық «Жастар сарайында» өткен «Наурыз достарын шақырады» V Халықаралық өнер фестиваліне мектебіміздің 15 ұстазы барып, рухани демалып қайтты. Оқушылардың жалпы мәдени деңгейін көтеру мақсатында дүниежүзілік театр күніне орай оқушылар үшін «Таным. Тағылым. Тәрбие. Білім» атты қойылым ұсынылды. Қойылымның мазмұны бала өміріндегі белең алатын отбасы тәрбиесі мен бала білімінің жететін шыңы жайлы болды.

«Мектеп парламенті» өзін – өзі басқару ұйымының мақсаты білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік дағдыларын дамыту, білім беруі ұйымымен бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу. Өзін –өзі басқару ұйымы 8 фракциядан құралған: Құқық және тәртіп, ақпарат, спорт және салауатты өмір салты, өзін –өзі тану және бақыт, қамқорлық (еріктілер), мәдениет және өнер, дебат, экология және еңбек фракциялары. Әр фракцияның өзінің міндеті және атқаратын қызметі бар. Аталған фракциялардың мүшелері мектеп президентімен ақылдаса отырып, бекітілген жұмыс жоспарына сай жүйелі түрде жұмыстарын жүргізді. Мектеп президентіне үміткер әр жыл сайын мектеп оқушыларымен дауысқа салу арқылы тағайындалды. Сайлау алды үгіттеу жұмыстарына әр оқушы өзінің миссиясын ұсынып, насихат жұмыстарын жүргізді. Жиналған дауыс саны бойынша Утарбаева Аружан мектеп президенті болып сайланды. Мектеп президенті ретінде өзін-өзі басқару фракциялары және сынып әкімшіліктерін жинап, ұйымдастырушылық жиналыстарын апта сайын өткізіп тұрды. Жұмыс жоспарын жүзеге асыру үшін іс-әрекеттер тренинг, дөңгелек үстел, пікірталас түрінде ұйымдастырылды. Утарбаева Аружан үнемі ізденіс үстінде жүреді. Нәтижесінде аудандық мультимедиялық жобалар фестивалінде 1-орын, республикалық пәндік олимпиаданың аудандық деңгейінде жүлделі 2-орын, облыстық «Менің мектебім» атты мектепті таныстыру видеоролик конкурсында жүлделі 1-орынды иеленді.

Қыркүйек айында денсаулық күніне орай өткен «Денсаулық – ел байлығы» тақырыбындағы іс – шараға мектептің барлық оқушылары, ата – аналары және мектеп ұжымы тартылды. Бұл спорттық іс – шарада барлық қатысушыларды қызықтыра білетін сайыс түрлері ұйымдастырылды. Сайыс соңында белсене қатысқан топтарды спорт фракциясы мақтау қағаздарымен марапаттады. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы мүшесі Қоныс Асанәлі облыстық балалар және жасөспірімдер мектебінің белсенді мүшесі. Ол бірнеше дүркін облыстық және республикалық футбол чемпионы және халықаралық Тбилиси турнирінің 3 орын иегері.

«Қамқорлық» фракциясының мүшесі қарттар күніне орай мектебіміздің ардагер ұстаздарын төл мерекелерімен құттықтау мақсатында мерекелік іс – шара ұйымдастырды. Шақырылған барлық ардагер ұстаздар концертті тамашалап болған соң, мектеп оқушыларына өздерінің ұстаздық жолын баяндап, ойымен бөлісті. Бұл іс – шара арқылы мектеп оқушылары үлкенге- құрмет, кішіге-ізет етудің тәрбиелік қырын түсінді.

Ұстаздар күніне орай «Мәдениет және шығармашылық» фракциясы дублер күнін ұйымдастырды. Эмпатия құндылығы арқылы мұғалімдердің орнында бола білген оқушылар, ұстаздық жолдың қиын әрі қызық екенін түсінді. Дублер күні «Рахмет, сүйікті мұғалімім» атты мерекелік концертпен жалғасын тапты. Өздерінің ұстаз қауымына арнаған жыр шашуларын арнап, алғыс ретінде тәтті тілектерін таратты.

Ақпарат фракция мүшелері Әлім Жаннұр, Берікқызы Айша мектеп ішінде болған түрлі іс – шараларды уақытында баспасөз беттеріне және инстаграмм желілеріне жариялап отырады.

Сонымен қатар өздерінің білімдерін жан-жақты дәлелдеп, облыстық ғылыми жоба, пәндік олимпиадалардың жүлдегерлері. Облыстық YAMUN best position конференциясында мектепте атқарылған іс – шаралар жайлы баяндап, әділқазылар алдында жобаны TED форматында қорғады және сертификат иеленді.

Мектеп жарғысын бұзатын оқушылармен алдын – алу кеңестері құқық және тәртіп фракциясы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен бірігіп, өткізіп тұрады. Азаматтық-құқықтық сана айлығы болып өтті. Ағымдағы жылдың 23-қаңтар айында Қостанай қаласы балалар шығармашылық үйінде ҚР төтенше жағдайлар министрлігі өртке қарсы қызмет комитетінің төрағасы, полковник Р.Ф.Камаловтың қатысуымен өткен форумға, өзін-өзі басқару мүшесі 9 сынып оқушысы Серікбол Мансұр қатысып, өзінің баяндамасын жасады. Нәтижесінде: Республикалық мектеп көшбасшыларын анықтау «Jas leader akademiiasy» слетіне жолдама алды. Мектепшілік NNX: Уақыт өзгерісі тақырыбында мектеп оқушыларына конференция өткізді. Көшбасшылар өздерінің TED форматындағы жобасымен бөлісіп, қорғады.

Педагогикалық ұжым- Республикалық Білім инновация лицейімен «Құндылық негізінде білім сапасын арттыру» жобасына мектебіміз 2023-2024 оқу жылының басынан енгізілді. Осы жобаға тамыз айында мектебіміздің 29 мұғалімі, қыркүйек айында 27 мұғалімі қатысты, сонымен қатар желтоқсан айында Астана қаласында өткен курсқа мектеп директоры және директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары барып қатысты. Мұғалімдер құндылық курсынан өтіп келгеннен кейін, алдағы уақытта қалай жұмыс жасау керектігі жөнінде әкімшілікпен бірлескен отырыс өткізді және жоспар жасалды. Мектебімізде құндылық және 5 Асыл іс мектебі жұмысының жоспарын талқылау бойынша топ құрылған. Топ құрамында бастауыш сыныптан 1 оқушы, жоғарғы буыннан 3 оқушы және 9 мұғалім бар. Топ мүшелері әр айдың соңғы аптасында отырыс өткізіп, өткен ай бойынша қорытынды жасайды және келесі айға жоспар құрады. Бұл орайда мектебіміздің жұмыс жүйесін жақсарту үшін оқушылардың қандай іс-шаралардың өткенін қалайтындары бойынша пікірлері ескеріледі. Құндылық жобасы мектебімізге енгізілгеннен бастап, біршама көптеген жақсы нәтижелерге қол жеткіздік, оқушылардың сабаққа деген ынтасы арта түсіп, мектебіміздің білім сапасы әр тоқсан сайын арта бастады, ата-аналарымыз мектеп өміріне белсенді ат салысып, өздерінің қалауларымын тәрбие сағаттарын, іс-шараларды ұйымдастыруға деген ниеттерін білдіре бастады. Оқушылардың тәртіптері, амандасу салты дұрысталып, мектеп формасына ұлттық киім элементтері қосылды. Осы орайда «Білім инновация» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Білім берудегі құндылықтар: іс-әрекеттегі ұстаздар» облыстық байқауында мектебіміздің тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары және музыка пәні мұғалімі жүлделі Рахимова Г.У I орынға ие болып, түрлі-түсті принтер ұтып алды. Аудандық деңгейде өткен «Супер келіншек» байқауына мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Айтқулова Гульнур Турехановна қатысып, мектеп намысын қорғады. Әр мектептен үміткер болып келген 6 қатысушы- «Супер келіншек» атану үшін бақ сынасты. Байқаудың басты мақсаты – жастар арасында отбасылық құндылықтарды насихаттау, келіннің отбасындағы рөлін арттыру, туыстар арасындағы байланысты нығайту, жастарды ұлттық салт-дәстүр рухында тәрбиелеу. Байқау барысында жас келіндердің алдында бірнеше міндет тұрды – олар ұлттық тағамдарды дайындаудағы шеберліктерін, өз халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын білу, шығармашылық қабілеттерін көрсету, өз қолдарымен жасалған заттар мен тұрмыстық бұйымдарды көрсету керек болды. Осы кезеңдердің бәрінен сүрінбей өтіп, әріптесіміз өзінің табандылығымен, жан-жақты дарынымен ерекше көзге түсіп, жүлделі I-орынды иеленді. Қазақ поэзиясының жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай ұйымдастырылған, аудандық «Мен жастарға сенемін» атты Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін жатқа оқу байқауына мектебіміздің жас маманы Мырзахмет Лунара Маратқызы қатысты. Қатысушымыз өзінің өлеңді жатқа айту және дауыстық ырғаққа салу шеберлігімен ерекше көзге түсе білді және нәтижесінде жүлделі I орынға ие болды. Осы байқау арқылы ақынның шығармаларындағы ойларды жаңғырту және ағартушылық еңбектері мен қайраткерлік ұстанымын өскелең ұрпаққа дәріптеу көзделді. Алтын дән” мәдениет үйінде Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен “Бұрымды қыз - 2023” Қостанай аудандық сұлулық және талант байқауына мектебіміздің жас маманы Сапарғали Көркем Бейбітқызы қатысты. Барлығы 12

бұрымды ару қатысқан сұлулық байқауының басты мақсаты- ұмыт болуға айналған ұлттық төл мәдениетіміз бен өнерімізді, салт-дәстүрімізді қайта жаңғырту, әсіресе қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру арқылы әділеттікке, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу. Аталған қасиеттердің барлығы тұла бойынан табылып, берілген тапсырмаларды сүрінбей өткен бұрымды аруымыз жүлделі I орынға ие болып, 80 000 теңгенің сертификатын иеленді.

«Сырғалым» қыздар клубының (Әже, ана, жеңге, құрбы мектептері) мақсаты қазіргі қоғамдық ортада азаматтық ұстанымдары бар, жеке өмірде отбасылық міндеттерді алған білімімен ұштастыра білетін ұлтжанды, парасатты, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті дәріптейтін шынайы қазақ аруын қалыптастыру. Миссиясы: мектептегі білім алушы қыздардың сырласатын, ой бөлісетін, қажетті кеңестер ала алатын текті қыздар ортасын құру. Мектепшілік 7-11 сынып қыз балалары арасында «Қыз намысы-ұлт намысы» атты қыздар байқауы болып өтті. Іс-шараның қатысушылары ретінде аналар мен әжелер, жеңгелер мен қыздар болды. Бұл іс-шарадан алған тәжірибе қыз балалары үшін өте маңызды болды. Іс-шара барысында қарт анамыз Ұлжібек Кенжеғалиқызы өзінің қаншама жылдық тарихы бар әшекейлерін, сұрақ- сауал кезеңінде қыз балаларымызға табыстады. Ал мектебіміздің жас маман қыздары қыз балаларына арналған түрлі сұлулық тәжірибелерімен бөлісті. Мектебімізде атқарылып жатқан жылдық жұмыстың нәтижесін қорғау мақсатында тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары Рахимова Гаухар Уразалыевна ұлттық құндылық тақырыбында Алматы қаласында өткен Республикалық «Педагогикалық идеялар фестивалында» жоба қорғау арқылы жүлделі III орынға ие болды және менеджмент ретінде өзінің идеясымен бөлісті.

«Азаматқа Аманат» ер балалар клубы(Ата, әке, жезде, аға мектептері) әке мен бала арасындағы ынтымақтастықты, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында жүзеге асырылады. Атқарылған жұмыстар негізінен ұл балаларға тән қадір қасиеттерді басты назарға алады. «Әке-білек, саусағы-балалары, қан тамырларымен жалғасқан аралары» слеты болып өтті. Ол түрлі кезеңдерден құралып, аялдамалардан тұрды. Қамшы өру, ат әбзелдерімен танысу, шеге қағу, тақтай кесу сияқты түрлі тұрмысқа қатысты істерден тәжірибе алды. Ер бала мен әке арасындағы қарым-қатынасты жақсарту үшін «Әке сіз сүрінбеңіз, мен сіздің артыңыздан еріп келем» тимбилдингті өте жоғары деңгейде болып өтті. Мұндағы мақсат әкенің қадірін түсіну, әкені әрдайым жоғары бағалау керектігін ұғыну.

«Жас сарбаздар» клубы - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету туралы түсінігін және әскери іс негіздері бойынша оқушылардың білімдерін қалыптастыру, оқушылардың өмірлік қабілеттері мен дағдыларының дамуына ықпал ету мақсатында 2023-2024 оқу жылына жылдық жоспары құрылып, бекітілді. Үйірмеге 75 оқушы қабылданып, рота командирі сайланды. Әскери патриоттық үйірме қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының жастар саясаты саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, мектеп Жарғысына және осы ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылады. Әскери патриоттық үйірменің өз ұраны, гимні, киім нысаны бар. «Жас сарбаз» үйірмесі атаулы күндерге өз ашық сабақтарын, кездесулерін, жарыстарын жыл бойы өткізіп отырады. Республика мерекесі қарсаңында мектепшілік стенд газеттер шығарылды. Негізгі мақсаты тәрбиеленушілердің қазақ жеріне, халқына деген патриоттық рухын ояту. Сондай-ақ әскери-спорттық білімдерін шыңдау мақсатында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 10-11 сыныптар арасында саптық сайыс өткізілді. Нәтижесінде: үйірме қатысушыларының сабақтан тыс бос уақытын тиімді ұйымдастырып қана қоймай, оларды спорттық-тактикалық әдістерге, шыдамдылық пен өмірге деген құштарлыққа, өскелең ұрпақты азаматтық патриотизмге, жігерлілік пен ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелейді.

«Адал ұрпақ» клубының жұмысы оқушылардың бойында адалдық, парасаттылық, шынайылық қасиеттерін ояту. Осы тұста мектебімізде біртұтас тәрбие бойынша «Адалдық» дүкені болып өтті. Ол жерде оқушылар өздеріне қажеттілігі шамалы заттарды, басқа балалармен алмасу мақсатында сатылым жасады. Оқушылар ол заттың құнын өз адалдығымен бағалап, сатып алып жатты. «Адал ұрпақ» клубының жұмысы әрдайым жетістікке жете білді. «Алаяқтар тоқта!» аудандық сурет байқауына мектебіміздің оқушылары белсене қатысып, жүлделі орынға ие болды.

Мектептің оқушылар жиыны әр дүйсенбі сайын жүзеге асады. Ең алдымен ҚР гимні орындалып, оқушылар апта бойы өздері жеткен жетістіктері бойынша марапатталады. Мұндағы мақсат жеңімпаз балаларды басқа оқушыларға үлгі ретінде мадақтап, оқушылардың бойында көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру. Апта бойы жүргізілетін жұмыстарды қортындылай отырып, алдағы жұмыс жоспарларымен таныстырылады.

«Жас ұлан», «Жас Қыран» ұйымы. «Жас Ұлан» ұйымы 2023-2024 оқу жылының басынан бастап, жүйелі жұмыстарын жүргізді. «Жас Ұлан» ұйымы мектепшілік өткен барлық іс-шараларда белсенділік танытты. Қыркүйек айының 2 аптасында «Жас Ұлан» ұйымының №1 отырысы болып өтіп, 7 бағыт бойынша ұланбасылар сайланып, олар өз міндеттері және ережелерімен таныстырылды. Жас ұлан белсенділеріне «Ұланбасы» кандидат ретінде Серикова Нұрай, Асан Ақбота, Кенесары Салтанат өздерінің жылдық миссияларымен таныстырды. Таныстырылған жұмыс жоспарының нәтижесі мен сайлау қорытындысы бойынша Серикова Нұрай мектептің ұланбасы болып тағайындалды. «Денсаулық күніне» орай ұйымдастырылған Республикалық “Дене сергіту” челленджіне мектеп оқушылары түгел қатысып, белсенділіктерін көрсетті. Ашық үзілісте балалардың жолдағы өмір қауіпсіздігін еске түсіру мақсатында 1-4 сыныптар аралығында «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» атты таныстыру жұмыстары болды. Мұндағы мақсат өз өмірінің өз қолында екенін жетік меңгерту. Балаларды өзін қоршаған ортада тазалық пен қамқорлықтың, жақсылық пен жарқын болашақтың маңызын түсіндіру үшін «Мектепке бір гүл» көгалдандыру акциясы өтті. Оқушылардың қарт кісілерді және ата-аналарын құрметтеуге, әрқашан құрмет, ізет көрсетуге шақыру мақсатында «Көп жасаған қария, ақыл теңіз дария» атты мектепшілік іс-шарада жасұландықтар өз қамқорлықтарын жасады. Келген қонақтарға гүл шоқтарын ұсынып, жыр шумақтарын арнады.

Қазан айында Жас ұлан ұйымының балалары «Мейірімділік-жүректен» аудандық еріктілер слеті «Green park» демалыс базасына барып, тәжірибе алмасып қайтты. Өз мектептеріндегі атқарылған жұмыстарын таныстыра отырып, сертификат пен Серикова Нұрайға арнайы алғыс хат пен 12.500 тг көлемінде ақшалай сыйлық берілді. Оқушылардың бір-біріне деген адал ниеті, мейірімділігін көрсету, жылулықты сездіру, үнемі позитивті жүруге баулу мақсатында мектепшілік «Құшақта» челленджі өтті. Оған арнайы безендірілген фоторамка жасалып, мектеп оқушылары, қызметкерлері мен ұстаздары фотоға түсті.

Мектебіміздің Жас Ұлан белсенділері “Менің Республикам” атты аудандық форумға қатысты және квест ойынында өздерінің білімдерін дәлелдеп, мағлұматтар алып қайтты. квесттің нәтижесінде оқушыларымыз жүлделі 1-орындарға ие болды. “Жас Ұлан” ұйымының ұйымдастыруымен Ұлттық валюта күніне орай “Бір бауырсақ-бір Мақал” атты ойын түріндегі іс-шара өтті. Бұндағы мақсат оқушылар арасында мақал-мәтелдерді насихаттап, олардың мән-мағынасын саралау. Ойын барысында оқушылар мен мектеп мұғалімдері белсенді түрде қатыса білді. Барлық белсенді қатысқан барша оқушылар мен ұстаздарға бауырсақ таратылды. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында 8-9 сыныптар арасында «Біз нашақорлыққа қарсымыз!» атты сурет көрмесі өтті. Сурет көрмесінің мазмұны оқушылардың бойында салауатты өмір салтын дамыта отырып, зиянды әдеттерден аулақ болуды түсіндіру, насихаттау, жаман аурулар туралы білімдерін жетілдіру. Мектепшілік бастауыш сыныптар арасында өз қолдарымен жаңа жылдық ойыншықтар жасау жарысы өтті. Жасалған ойыншықтар мектептегі шыршаны безендіруге қолданылды. Мұндағы мақсат оқушыларымызды еңбекке, шығармашылыққа баулу. Жеңімпаздарға мадақтамалар мен тәтті сыйлықтар берілді.

«Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері жоспарына сәйкес жыл бойы әрдайым бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болып, қаржылық көмек көрсетіп отырады. Осы кеңестің ұйымдастыруымен өткен іс-шарада мектебіміздің 2016 жылғы түлегі, «Алтын белгі» иегері Марданов Закиржан Манатович өзі тәмамдаған алтын ұясына музыкалық аппаратура алып берді. Бұл да болса, өзі оқыған мектебіне деген қамқорлығы деп білеміз. Осындай қамқор оқушылардың ізін жалғастыру үшін, мектебіміздің 5-7 сынып ұл балалары арасында «Бала сұлтаны» сайысы өткізілді. Сайыс

ұлдарымызды қайсарлыққа, ержүректілікке тәрбиелейтін кезеңдерден тұрып, өздерін жақсы қырынан көрсете білген, жеңімпаздар марапатталып, ақшалай сыйлықтарға ие болды. Қамқоршылық кеңесі өзінің жұмысын үнемі жандандыра білді. Оның дәлелі ретінде «Армандастар» би байқауының аудандық кезеңінде биші қыздарымызға түрлі ұлттық киімідермен қамтамасыз етіп, демеушілік жасады. Аудандық деңгей көлемінде «Үздік қамқоршылық кеңесі» облыстық қашықтық байқауына қатысып, жүлделі 3-орынды иеленді. Қамқоршылық кеңесінің бракераждық комиссия мүшелері ыстық тамақ ішетін балалардың сапалы тамақтануын және ас мәзірін, асхана тазалығын тексеріп отырады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқу жылының басынан бастап, мектеп оқушыларының оқуға деген ынтасын арттыру, тіл байлығын арттыруға ықпал ету, кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру мақсатында «Ең үздік оқырман» байқауы бастау алды. Әр ай сайын мектеп оқушыларына белгілі кітап атаулары беріліп отырылды және тоқсан соңында оқылған кітаптар бойынша тест сұрақтарына жауап берді. Жинаған ұпай сандары бойынша келесі турға өткен оқушыларға хаттама толтырылып, басқа кітап атаулары тапсырылды. Жыл соңында өзін үздік оқырман ретінде дәлелдей білген оқушы мектеп ұжымы мен қамқоршылық кеңесінің мүшесі Туленовтар отбасының атынан, әр буын 3 велосипедке ие болады. «Оқы және өзгеге сыйла» букросингі айдарыны бойынша арнайы «Абай әлемі» бұрышы әзірленіп, кітаппен толықты. Ондағы мақсат оқушылар өзіне ұнаған кітабын оқып аяқтап, басқа балалармен кітап алмасады. Мектеп ұстаздары арасында да бұл жоба жалғасын тауып, өзінің құпия досына кітап сыйлады. «Білім инновация» халықаралық қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен құндылық курсы бойынша ұсынылған «Екінші болма» кітабын мектеп ұстаздары оқып, тапсырылған тест нәтижесі бойынша үздік оқырман ұстаз анықталып, марапатталды. X облыстық «Сөз құдыреті» аудандық мәнерлеп оқу байқауына мектебімізден екі оқушы қатысып, дипломмен және сыйлықтармен марапатталды. «Дарынды бала-дара бала» тақырыбында облыстық семинар өткізіліп, мәтіннен түсінгенін мүсіндеді, қонақтар алдында мазмұндап қорғады және өздерінің тіл байлықтарын көрсете білді. Оқушыларымыз облыстық деңгейде өтіп тұратын түрлі білім мен тәрбие байқауларының жүлделі орын иегерлері. Атап айтар болсақ, көрнекті ақын Ғафу Қайырбековтың 95 жылдығына орай өткізілген «Атажұрт-білімділер мекені» атты этногеографиялық интеллектуалды облыстық конкурсынан 4«А» сынып оқушылары Ғалымжан Айсұлтан мен Талғат Нұрай I орынды қанжығаларына байлады. 8-9 сынып оқушылары арасында өткен облыстық «Ыбырай оқулары» байқауында Ыбырай әңгімелерін мәнерлеп жатқа оқу номинациясы бойынша Жүсіп Айша II орынға ие болды. «Амангелді-азаттық туын көтерген қазақтың батыры» атты облыстық авторлық өлеңдер конкурсында мектебіміздің 9-сынып оқушысы Алембаева Дильназ өз шығармасын жатқа оқып, I орын алды. Облыстық деңгейде ұйымдастырылған «Абай оқулары» сайысында «Ұлылар әлемі» номинациясы бойынша Әлім Жаннұр II орынды жеңіп алды. Халық аспапта орындаушылар республикалық байқауында 5 сынып оқушысы Ноэми-Шанти қазақтың ұлттық аспабы домбыраның құлағында ойнап, өз өнерімен жұртты тәнті етті және I дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Балалар және театр» жобасы бойынша мектебімізде «Қара шаңырақ» балалар театры жұмыс жасайды. Жетекшісі Алимова Ж.Е үнемі оқушылармен тығыз байланыста болып, аудандық, облыстық деңгейде өз қойылымдарымен түрлі жетістіктерге жете білді. Театрдың әр қойылымы мазмұны терең әрі мағыналы, оқушыларға отбасы құндылықтарын көрсете білді. Аудандық театр қойылымы байқауында театр мүшелері «Ала -құла өмір» атты көрінісін қойып, өмірдегі болып жатқан келеңсіз оқиғалардың салдарынан, зардап шегіп жүрген жасөспірімдердің тағдырын көрсетті. Сонымен бірге «Алтын дән» мәдениет үйінде қала тұрғындары үшін «Адасқан өмір» қойылымын көрермендерге ұсынып, көрермен көзайымы бола білді. Облыстық «Ұлылар есімі» қойылымдар байқауына «Ұлтын сүйген Ахмет» көрінісін ұсынып, жүлделі орынға ие болды. Мектеп өмірінде де өздерінің белсенділіктерін таныта білген оқушылар, мектепшілік өткен жаппай ата-аналар академиясында «Барыңды бағала» отбасы құндылығын дәріптейтін қойылымын сахналап, ата-аналардың жүрегінен орын алды. «Қара шаңырақ» балалар театры аудандық деңгейде өздерінің тәжірибелерімен бөлісіп, «Үздік театр» атағына ие болды.

«Төрт тоқсан – Төрт өнер» жобасының басты мақсаты- балаларды ұлттық мерекелер, халықтық әдет ғұрыптар негізінде адамгершілікке тәрбиелеу, халықтың рухани игілігін мұра ету.

I тоқсанда бастауыш сыныптары арасында қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу мақсатында «Алтын сақа» акциясы ұйымдастырылды. Бұл іс- шараның негізі- әр сыныпқа асықты белгілі бір түске бояп, үнемі өздерімен бірге алып жүру қажеттілігін талап етті. Нәтижесінде оқушылар жауапкершілікке тәрбиеленді және үзілістерді тиімді пайдалану мақсатында асық ойындарын ойнады.

II тоқсанда 5-7 сынып оқушылары арасында «Ақындар айтысы» бастау алды. Нұржан атамның Назымдары мен айтыстарын мектеп оқушылары жатқа айтып, мектеп оқушылары арасында насихаттап, аудандық, облыстық, Республикалық семинарларда өз өнерлерін паш етті. «Жыр алыбы -Жамбыл» облыстық айтысына Жақсыбай Ерсұлтан Махмұтұлының жетекшілігімен Едрес Әбілмансұр қатысып, өзінің шешендігімен, суырып салма ақындығымен ерекше көзге түсіп, жүлделі I орынды иеленді және Республикаға жолдама алды.

III тоқсанда 8-11 сынып оқушылары арасында «Ұлттық өнер» көрмесі жүзеге асырылуда. Көрменің мақсаты оқушыларымыздың бойындағы ептілік, шеберлік қасиеттерін дамытып, өнерге баулу. Мектебіміздің 1-қабатында оқушыларымыздың қолөнерлерінен көрме ұйымдастырылып, көрсетілді. Алдағы IV тоқсанға «Туған өлкем» фестивалі көзделіп отыр.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында әр айға бекітілген құндылықтар бойынша сабақтар мен сынып сағаттары ұйымдастырылды.

Қыркүйек айы-ынтымақтастық айы болып белгіленіп, мектеп, ата-ана және оқушы үштік одағы арасында түрлі іс-шаралар жүргізілді. Мұндағы мақсат: ата-аналар мен мектеп арасындағы көпірді жандандыру. Қазан айы оқушылардың өзін қоршаған адамдарға, достарына, ата-анасына және мұғалімдеріне деген құндылығын білдіретін құрмет айы болып белгіленді. Бұл айда сыныптарда құрмет құндылығы бойынша сынып сағаттары, мұғалімдерге, мектеп қызметкерлеріне жақсы көңіл күй сыйлау мақсатында «Күлкі сыйлау» акциясы, оқушыларды туған жерін, туған елін ардақтауға үйрету мақсатында 9-сынып оқушылары «Республика күнін», мұғалімге деген сыйластықты арттыру мақсатында 11-сынып оқушылары Мұғалімдер күнін, мектеп психологтары ұйымдастыруымен «Адал дос пен амал дос» тренингі, бастауыш сынып оқушылары арасында «Нәлдік төзімділік» акциясы өткізілді. Әрбір жүргізілген іс-шараның қорытындысы, оқушылардың бір-біріне деген жақсы қарым-қатынасын қалыптастырды. Келесі қараша айы – жауапкершілік айы болды. Бұл айда оқу ісі жөніндегі орынбасары ұйымдастыруымен мұғалімдер арасында «Істегісі келетін адам – мүмкіндік, істегісі келмейтін адам – сылтау іздейді» коучингі ұйымдастырылды. Коучинг барысында мұғалімдер өз өмірлерінің естеліктерімен бөлісті. Мектеп мұғалімдері жаппай «Екінші болма» кітабын оқып, өздерінің жаңа өмірге деген қадамдарының негізін қалады. Желтоқсан айында – Патриотизм айы өтті. Әр дүйсенбі сайын мектеп жиынында патриоттық әндерге деген сезімін арттыру мақсатында, әндер челленджі өткізілді. Бұл челленджде көбіне бастауыш пен орта буын оқушыларының қызығушылықтары басым болды. Патриоттықты арттыратын істердің бірі ретінде, әр сынып ішінде бір партаны қазақтың ұлы батырларымен немесе қазақтың ұлы жазушыларымен безендіріп, «Батыр партасы» деген атау берілді. Мұндағы мақсат оқушыларымызды елге қамқор, батыл, өз елінің тәуелсіз ұланы етіп тәрбиелеу.

«Ата – аналарды педагогикалық қолдау» жобасы аясында мектебімізде ата-аналар академиясы құрылды. Ата-ана мен сынып жетекші біріккен сынып сағаттары өткізілді, мұндағы мақсат мектеп өмірін ата-ана көзімен бақылау. Отбасы тәрбиесі бойынша ата-аналарда сұрақтар туындап жатырса, мектеп әкімшілігі мен психологтары үнемі қол ұшын соза білді. Ата-аналардан құралған «Даналық» мектебі, мектеп ата-аналарына қолдау көрсетіп отырды және өздерінің тәжірибелерін ортаға салып, ойларымен бөлісті. Осы жоба бойынша, ата-аналарды қолдау орталығы ашылып, түрлі іс-шаралар жүзеге асып отырды. «AMANAT» партиясының бастамасымен ұйымдастырылған «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында қаржылық сауатты арттыру курсына мектебіміздің 50 ата-анасы қатысты. Халықтың қаржылық сауатын арттыруды көздейтін «Қарызсыз қоғам» жобасы арқылы ата-аналарымыз қаражатты ұтымды басқарып, шығынды оңтайландыруды үйренді. Дәрістің ұзақтығы 5 күнді құрап, курс соңынан тыңдаушылар сертификатпен мадақталды.

Әлеуметтік педагогтың жұмысының басты мақсаты - мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік – педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыру.

Осы мақсатта мына келтірілген жұмыстар жүзеге асырылуда: жетім және жартылай жетім, көп балалы, аз қамтылған отбасыларынан шыққан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, денсаулығына байланысты үйден оқытылатын оқушылар мен ерекше білімді қажет ететін балаларды әлеуметтік қолдау және әлеуметтік зерттеу жұмыстары.

Мектепте 2023-2024 оқу жылының тамыз айының 29 жұлдызында бекітілген бұйрыққа сай, мектеп әдістемелік бірлестік отырысында әлеуметтік педагогтың 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары қаралып бекітілді. Мектептің әлеуметтік паспортын жасау арқылы, мектеп оқушыларының және отбасыларының әлеуметтік статусы анықталып, тізімдері жасалынды. Әлеуметтік қамқорлықтағы барлық оқушылар кітаппен қамтамасыз етілді. Сынып тізімдері алынып, мектеп оқушыларының әлеуметтік картасы және картатекасы жасалынды. Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың ПМПК қорытындылары жинақталып, жұмыстар жалғасын тапты.

2023-2024 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік құжаты Қазақстан Республикасы оқу-ағарту Министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 сәйкес жасалынды.

№	Әлеуметтік санаты	Саны
1	Қамқорлықтағы бала	2
2	Патронаттық тәрбиедегі	13
3	Аз қамтылған отбасы	34
4	ПМПК-ның тіркеуінде	7
5	Мүгедек, үйден оқитын оқушылар	1
6	Көп балалы отбасы саны	109
7	Көп балалы отбасынан шыққан бала саны	172
8	Толық емес отбасылар анасымен тұратындар	41
9	Толық емес отбасылар әкесімен тұратындар	11
10	Туыстарымен тұратындар (қолхат арқылы)	11
11	Мектепшілік тіркеудегі қолайсыз отбасы	2
12	Аудандық ІІБ-нің тіркеуіндегі отбасылар саны	2
13	Өгей анасымен тұратын оқушылар	2
14	Өгей әкесімен тұратын оқушылар	6
15	Өзге ұлт өкілдері	17
16	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0

1) Оқу жылының басында оқушылардың құжаттары тексеріліп, көп балалы отбасының балалары анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды. Мектеп бойынша барлық көп балалы отбасының саны 109-ға жетті.

2) Қазан айында көп балалы отбасынан шыққан балалар аз қамтылған отбасынан шыққан балалар, қамқорлыққа алынған балалардың құжаттары және әлеуметтік педагогтың құжаттар номенклатурасы қайта қаралып реттелді. Ата-аналарға құжаттардың жетпеген түрлерін қайта жинақтау үшін құжаттар тізімі берілді.

«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы

2023 жылдың тамыз айында «Мектепке жол-қайырымдылық акциясы!» атты акцияның шеңберінде мектебіміздің қамқоршылық кеңесінің шешімімен мектептің атынанан көп балалы отбасынан шыққан, тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасынан шыққан, әлеуметтік көмек алушы отбасы балаларының тізімі құрылып, 66 бала тізімі білім бөліміне берілді.

Мемлекеттік мекеме қорынан мектебімізде оқып білім алып отырған 69 оқушға 41.000 теңгеден(қырық бір мың теңге) берілді.

Сонымен қатар мектеп ұжымы да «Мектепке жол-қайырымдылық акциясы!» бойынша өз үлестерін қосты, барлығы 42 000 теңге жиналды. Бұл ақшалай қолма –қол қаражат тұрмысы төмен

2 отбасына бөліп берілді. Атап айтсақ 3 сынып оқушысы Зелевская Дарья Андреевна отбасына 22 000 теңге және 4 сынып оқушысы Қабидолла Ұлан Саматұлына 20 000 теңге қолма қол ақша берілді.

«Мектепке жол» акциясы барысында «Forte Bank» филиалы тұрмыс-жағдайы төмен көп балалы отбасынан шыққан 10 баланы мектеп құрал жабдығымен қамтамасыз етті.

Балалардың құқықтарын қорғау мақсатында, «Қостанай ауданы әкімдігі Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 15 тамызындағы № 761 «Әлеуметтік осал санатындағы отбасы балаларына материалдық көмек көрсету туралы» бұйрығы негізінде аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын-алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» дәстүрлі жыл сайынғы республикалық акциясы барысында материалдық көмек көрсетілді. Жалпыға білім беру айлығында құрылған жоспар бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды.

Оқу жылының басында барлық сыныптардың әлеуметтік төлқұжаты жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді. Жаңа жылдық шырша мерекесіне орай, жалпыға білім беру қорынан түрлі әлеуметтік санаттағы жалпы саны-74 оқушыларға тәтті сыйлықтар берілді.

2023-2024 оқу жылының жаңа жылдық шыршасына арнайы санаттағы оқушылар қатысты.

№р/с	Оқушы аты-жөні	Санаты	Қатынасқан шыршасы
1	Әлімжан Аслан	Тұрмысы төмен отбасынан	Аудан әкімінің шыршасы
2	Нищадимова Диана	Патронаттық тәрбие	Аудан әкімінің шыршасы
3	Ибишева Ляззат	Патронаттық тәрбие	Аудан әкімінің шыршасы
4	Глазырин Станислав	Патронаттық тәрбие	Аудан әкімінің шыршасы
5	Глазырина Кристина	Патронаттық тәрбие	Президенттік шыршасы

Тегін тамақтануды ұйымдастыру

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және әлеуметтік картада, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларындағы балалары үшін тегін ыстық тамақ ұйымдастыру туралы мектеп директоры атынан мектеп асханасын жалға алушыларымен шарт жасалды. Ыстық тамақтың сапасы мен ұйымдастырылуына бақылауды медбике, әлеуметтік педагог, жалпы мектептегі ата-аналар комитетінің өкілі жүзеге асырды. Тамақтың сапасын, санитарлық нормаларын және жалпы асхананың жұмысын бақылау мақсатымен арнайы комиссия құрылды және бұйрықтар шығарылды. Тегін тамақтанатын оқушылар толығымен уақытылы тамақтанады.

«Дұрыс тамақтану- денсаулық кепілі» дегенді ұстанып, «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары негізінде мектепте оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмысы әр оқу жылында басты жолға қойылған жұмыстардың бірі.

2023-2024 оқу жылында жалпы мектеп бойынша тегін ыстық тамақпен 1 тоқсанда түрлі әлеуметтік санаты бойынша 36 оқушы қамтылды. Тек желтоқсан айынан бастап, тізім өзгертіліп, оқушылар саны артты.

Демеушілікпен тамақтанып отырған оқушылар саны-13.

Ыстық тамақтың бағасы- 450 теңгені құрады. Оқу жылының басында оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру туралы бұйрық шығарылды, бұл бұйрықта тегін ыстық тамақ алуға құқығы бар оқушылардың тізімдік құрамы бекітілді.

Көп балалы және әлеуметтік жағынан қорғансыз топтарға жатқызылатын оқушылар санаттары ата-аналардың тапсырған құжаттарына сай анықталды. Барлық құжаттар білім бөлімінің жетекші мамандарының тексеруімен қабылданды. Тегін тамақтармен қамтамасыз ету төмендегі санаттарға жатқызылатын көп балалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларының балаларына беру анықталды.

- көп балалы отбасындағы балалар;

- аз қамтылған отбасынан шыққан балалар;

- жетім балалар мен ата- анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- асыраушысын жоғалту бойынша жәрдемақы алатын балалар;
- жалғыз басты аналар.

1- тоқсан және 2- тоқсан бойынша 1-11 сыныптар арасында тегін тамақтанған оқушылар саны:

№р/с	1-4 сыныптар	5-11 сыныптар	1-11 сыныптар
1-тоқсан	12	24	36
2-тоқсан	11	30	41

Соңғы 3 жылдың салыстырмалы мониторинігі



II. Бала құқығын қоғау жұмыстары

Желтоқсан айында 9-11 сыныптар арасында әлеуметтік педагог Абдибекова Д.Н. және құқық пәнінің мұғалімі Алимова Н.Е. ұйымдастыруымен «Бала құқықтары туралы Конвенция» тақырыбында ақпараттық дәріс сабағы өткізілді.

Мектепте сонымен қатар бала құқықтарын қорғау саласында әр сыныпта әр аптаның сейсенбісі күні құқық сабағы өткізіледі.

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс.

2023-2024 оқу жылында 20 желтоқсан күні мектебімізге Қостанай ауданы полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар жөніндегі учаскелік инспекторы, полиция аға лейтенанты Талғат Алина Азаматқызына, мектепшілік жалпы 8-11 сыныптар арасында, әкімшілік құқық бұзушылықтар тақырыбында ҚР ӘҚБТК 434, ҚР «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және жыныстық қол сұғылмаушылық» тақырыбымен дәріс оқыды. Сонымен қатар 9-11 сынып оқушыларына «Алкогольді және басқа да психоактивті заттарды тұтынудың алдын алу» тақырыбында мектеп инспектордың қатысуымен өтті

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты талдау мектепте кәмелетке толмағандар арасында құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу және білім алушылардың құқықтық мәдениетін арттыру бойынша мақсатты жұмыс жолға қойылғанын көрсетеді.

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы

ІІБ қызметкерлерімен бірге рейд жұмыстары өткізілді. Нәтижесінде, қаңғыбастыққа бейім оқушылар анықталынған жоқ. Кәмелетке толмағандардың құқықбұзушылықтың алдын- алу мақсатында, қараусыз, қадағалаусыз панасыз қалмаулары туралы ата-аналарға ақпараттық жұмыстар болып өтті. Сынып жетекшілерімен де осы аталған мақсаттағы алдын-алу шаралары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге, тоқсан сайын оқушылардан зорлық-зомбылықтың және нашақорлықтың алдын-алу бойынша сауалнамалар алынып, қорытындылары жасалынды.

V. Білім алушылардың ата-аналарымен профилактикалық жұмыс

Ата-аналармен профилактикалық жұмыс. 2023-2024 оқу жылында әртүрлі санаттағы отбасылармен профилактикалық жұмыс жасалды. Соның ішінде қамқорлықтағы балалар мен жартылар жетім балалар, көп балалы тұрмысы төмен отбасылар, сәтсіз отбасылар, жалғыз басты әке және жалғыз басты аналар, соның ішінде өгей әке мен өгей аналарымен тұратын отбасы балалардың

ата-аналарымен жұмыс жасалды.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында жалпы ата-аналар жиналысында «Дұрыс тамақтану- денсаулық кепілі!» тақырыбында ата-аналармен профилактикалық жұмыс жүргізілді. Жиналыста тегін ыстық тамақ туралы мәліметтер берілді, қандай құжаттар тапсырылу керек екендігі түсіндірілді.

Мектебімізде барлығы - 754 оқушы.

1-4 сыныптар бойынша – 326 оқушы.

5-11 сыныптар арасында - 428 оқушы

МАД сыныптарында – 54 бала

- Мектепте категория бойынша тегін тамақтанатын оқушы саны –36

№	Категория бойынша тегін тамақтанатындар	Саны
1	Қамқорлықта	15
2	1-4 сыныптар	7
3	5-11 сыныптар	8
4	АӘК (АСП)	7
5	1-4 сыныптар	5
6	5-11 сыныптар	2
7	Қамқоршылық кеңес	14
8	1-4 сыныптар	-
9	5-11 сыныптар	14

«Қолайсыз және сәтсіз» отбасылармен жұмыс.

Қостанай ауданы әкімдігінің жанындағы кәметке толмағандардың істері және олардың құқығын құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының 2023 жылғы 30 қарашадағы қаулысына сәйкес Мурзаканов Ермек Сериковичтің отбасы «Қолайсыз және сәтсіз отбасы» категориясымен мектепшілік бақылауға алынды.

Мурзакоанов Айымкуль Ермековна 12 қыркүйек 2014 жылы дүниеге келген. Тұрғылықты мекен- жайы Тобыл қаласы, Механизатор көшесі 1, жатахананың №7 бөлмесін жалдап тұрады. Айымкуль 2023 жылдың 18 шілде айында «Қостанай қаласы білім бөлімінің №15 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нен біздің мектепке ауысып келді. Қазіргі таңда 3 «В» сыныбының оқушысы. Сынып жетекшісі – Б.Б. Жаппасбаева. Қазіргі таңда балалар бейімделу орталықтарында (ЦАН) жатып, №115 мектепте оқиды.

Тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасылармен және көп балалы отбасылармен жұмыс.

Әр отбасымен тығыз байланыста болып, әртүрлі жұмыстар жүргізілу барысында, тегін ыстық тамақтануға құжаттар тапсырылды. Сонымен қатар «Мектепке жол» бағдарламасына ұсынылып, көмек көрсетілді.

Толық емес азаматтық некедегі отбасылармен жұмыс.

Барлығы 5 отбасына рейд жасалынып, , ата-аналарымен әңгіме жүргізілді. Комиссия мүшелері мен сынып жетекшілері, ата-аналардың қолы қойылды. Нәтижесінде 1 отбасының тұрмыс жағдайы төмен болып шықты, бірақ отбасы қарым- қатынасы жақсы. ІІБ тіркеуде тұрған отбасылар жоқ.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмыс.

Отбасылардың үйін аралап, құндылық тақырыбымен жұмыстар жүргізілді. балалардың шығармашылық жұмыстарымен танысып, оқушылардың, ата-аналардың жұлдызды сәттерімен таныстық.

Туысқандарымен тұратын оқушылардың ата-аналарымен хабарласып, жеке түсіндірме жұмыстары жүргізілді және де ата-ананың өтініші мен сенім хаттары алынды.

Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың ПМПК қорытындылары жинақталып жұмыстар жүргізілді.

«Мен және менің сыныбым» тақырыбымен ПМПК тізіміндегі оқушылар сыныбымен бірге фотоколлаж байқауына қатысты және сыныптар марапатталды. Мүмкіндігі шектеулі үйден оқитын

3 Б сыныбының оқушысы Қанат Бейбарыстың отбасына әлеуметтік көмек көрсетіліп отырады. Сонымен қатар, сыныптағы мерекелік іс-шараларға оқушы келіп қатынасып тұрады. Баланың отбасының әлеуметтік жағдайын зерделеу үшін, отбасымен бару, әңгімелесу арқылы зерттеу түрлері жүргізіледі.

4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру:

Мектептің тәрбие жұмысы жүйесінің маңызды буыны қосымша білім беру жүйесі болып табылады. Н.Наушабаев атындағы мектеп-гимназия көп жылдар бойы «Қостанай ауданы білім бөлімінің балалар шығармашылық үйі», «Алтын дән» мәдениет орталығы, аудандық кітапхана, музыка және спорт мектептері, балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы сияқты облыстың мәдениет мекемелерімен белсенді ынтымақтастықта жұмыс жасап келеді.

Мектептің біртұтас білім кеңістігін қалыптастыру, білім сапасын арттыру және мектеп оқушыларының жеке тұлғасын дамыту үдерісін әртүрлі дамытушылық ортада жүзеге асыру мақсатында сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылады. Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың шығармашылық және жеке қабілеттерін дамытуға, сонымен қатар оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға үлкен көмек көрсетеді және негізгі білім берудің тең, толықтырушы құрамдас бөлігі болып табылады.

Оқушылардың саналы кәсіби өзін-өзі анықтауына мектептің қосымша білім беру жүйесі ықпал етеді.

Жеке тұлғаны дамытудың келесі бағыттары бойынша сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылады:

Көркемдік-эстетикалық бағыт: хореографиялық, вокалдық, сурет салу, домбыра, театр үйірмелерінің жұмыстары;

Дене шынықтыру және спорт бағыты: «Баскетбол», «Үстел теннисі», «Волейбол», «Футбол», «Асық ойындары», «Шахмат», «Дойбы», «Тоғызқұмалақ» секциялары;

Техникалық бағыты: «Робототехника»;

2021-2022 оқу жылында мектепте барлығы 20 үйірме мен спорт секциялары, 2022-2023 оқу жылы 17 үйірмелер мен спорт секциялары, 2023-2024 оқу жылдары 23 үйірме мен спорт секциялары жұмыс істейді.

Мектептегі үйірмелер мен спорт секцияларының қызметімен қамтылған балалар саны 766 адамды (98%) құрайды. Үйірмелер мен секциялардағы сабақтар сабақ кестесіне сәйкес келесі бағыттар бойынша жүргізіледі: шығармашылық музыка-театрлық іс-шаралар, интеллектуалдық іс-әрекеттер, клубтық қызмет (мүдделер қауымдастығы), үйірме жұмыстары, спорт секциялары.

Мектеп оқушыларының үйірмелерге, спорттық секцияларға, мектептен тыс жұмыстарға мүмкіндіктерін жүзеге асыруға және жұмысқа орналастыруға қолайлы жағдай жасалған.

2021-2022 оқу жылында мектептегі үйірмелер мен секцияларға 286 оқушы, мектептен тыс 353 оқушы (барлығы 773 оқушы немесе 83,6%) қатысты. 2022-2023 оқу жылында мектептегі үйірмелер мен секцияларға 324 оқушы, мектептен тыс – 365 оқушы (барлығы 765 оқушы немесе 90%).

2023-2024 оқу жылында үйірмелер мен секцияларға 395 оқушы, мектептен тыс 359 оқушы (барлығы 766 оқушы немесе 98%) қатысты. Биылғы оқу жылында өткен жылмен салыстырғанда 8 пайызға артқан.

Салыстырмалы талдау көрсеткендей: мектептегі және мектептен тыс үйірмелер мен секцияларға оқушылардың жұмысқа орналасуы жыл сайын артып келеді.

Қосымша білім беру педагогтарының жұмысы қосымша білім беру мазмұнын жүйелі түрде жаңартуға бағытталған. Үйірмелер мен секциялар мүшелерінің жеткілікті санын атап өткен жөн. Үйірме жетекшілері балалардың қызығушылықтарын арттыруға және әртараптандыруға тырысады, бұл жарыстарда жақсы нәтижелерге әкеледі.

Мектебімізде информатика мұғалімі Абишев А.Э. жетекшілігімен «Робототехника» үйірмесі өткізіледі. Осы үйірмеге қатысатын оқушылар түрлі сайыстардан жүлделі орындарды иеленіп келеді. 2023-2024 оқу жылы бойынша жетістіктерге тоқталсақ:

6 сынып оқушылары Балтабек Алдияр мен Ахметов Бекежан «Зерде» республикалық 2-7 сынып оқушылары арасында зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстар конкурсының аудандық кезеңінде 1 орын, облыстық кезеңінде жүлделі 3 орынға ие болды;

6 сынып оқушылары Ахметов Бекежан мен Балтабек Алдияр «Robotek Grand Tournament» робототехника бойынша республикалық чемпионатының облыстық кезеңіне қатысушы сертификатына, 5 сынып оқушысы Баймусин Ізбасар мен 3 сынып оқушысы Абишев Альмансур «Robotek Grand Tournament» робототехника бойынша республикалық чемпионатының облыстық кезеңінде «Роботек» санатында 1 орынға, орта білім беру ұйымдарының оқушылары арасында «GoRoBo - Mendykara» робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялардың облыстық жарысында «Басқарылатын робофутбол» санатында Кабиев Иманғали, Баймусин Ізбасар 1 орынға, «ROBOLAND-2024» IX Халықаралық робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалінің облыстық кезеңінде "Сумо" санатында Мәштай Санжар, Мақсұтулы Ерулан 3 орынға, «ROBOLAND-2024» IX Халықаралық робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалінің облыстық кезеңінде Ахметов Бекежан "Теңге алу" санатында 2 орынға, «ROBOLAND-2024» IX Халықаралық робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалінің облыстық кезеңінде "Басқарылатын квадрокоптер" санатында Кабиев Иманғали, Дауренбеков Динмухаммад 2 орынға, «ROBOLAND-2024» IX Халықаралық робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалінің облыстық кезеңіне Жәкеш Әлішер, Балтабек Алдияр, Баймусин Ізбасар, Жаров Ансаған қатысушы сертификатына ие болды.

Сонымен қатар, үйірме жетекшісі Абишев Алмас Эрланович өзі де түрлі сайыстарға қатысып жүлделі орындарды иеленді. Олар: информатика мұғалімдері, қосымша білім беру педагогтары арасында «Инженерлік үш өлшемді модельдеу» облыстық байқауында 2 орын алған үшін мадақтама, орта білім беру ұйымдарының педагогтері арасында «2023-IT мұғалімі» атты облыстық байқауында 3 орын алғаны үшін мадақтама, Информатика мұғалімдері, қосымша білім беру педагогтары арасында «Инженерлік үш өлшемді модельдеу» облыстық байқауында 2 орын алған үшін мадақтама, 2023 жылғы 30 қазан мен 3 қараша аралығында информатика мұғалімдері, қосымша білім беру педагогтері үшін «3D модельдеу» курсының бастамашыл жобасын іске асыруға қатысқаны үшін сертификат, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқарамасы» ММ және Қостанай облысы әкімдігінің білім басқарамасының «Ақпараттандыру және білім сапасын бағалаудың әдістемелік орталығы» КММ қолдауымен ROBOTEK-Робототехника мектебінің ұйымдастыруымен «Робототехниканы оқытудың баламалы әдістері» тақырыбында семинарға қатысқаны үшін сертификатқа ие болды.

Оқушыларға арналған сыныптан тыс жұмыстардың қазіргі бағыты - мектептегі «Аманат» дебат клубы (жетекшісі Алимova Н.Е.).

«Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының пікірсайыс қозғалысы ұлттық мәдени-ағартушылық жобасын жүзеге асыру мақсатында іске асады. Оқушылардың аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатысуы өскелең ұрпақ – қоғамның болашақ көшбасшыларының белсенділік болашағын ашады.

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар болып табылады.

2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында мынадай жобалар іске асырылатын болады деп көрсетілген болатын.

1. «Мектептің өзін-өзі басқаруы»;
2. «Дебат» қозғалысы;
3. «Оқуға құштар мектеп»;
4. «Отбасы – мектеп»;
5. «Құқықтық сана – қауымға пана»;
6. «Еңбек – елдің мұраты»;

«Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру білім алушылардың командада жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға, қарама-қарсы пікірге құрметпен қарауға, өз көзқарастары мен пікірлерін белсенді қорғауға үйретуге мүмкіндік береді. Пікірсайыс қозғалысының мақсаты-қоғамда орын алған проблемаларды жария

талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру.

Пікірсайыс қозғалысының міндеттері: білім алушылардың құқықтық мәдениетін, азаматтық белсенділігін, жауапкершілігін, шығармашылық және сыни ойлау, даулы жағдайларды дипломатиялық жолмен шешу қабілетін қалыптастыру; мәдени-танымдық және ағартушылық қызметтің инновациялық модельдері мен технологияларын пайдалана отырып, еліміздің әрбір өңірінде әрбір білім беру ұйымында, клубтарда пікірсайыс орталықтарын құру. Пікірсайыс қозғалысына қатысушылар ашықтық, жүйелілік, еріктілік, ізгілендіру, қолжетімділік, адалдық және әріптестерді құрметтеу қағидаттарын басшылыққа алады.

Дебат - бұл нақты құрылымдалған және арнайы ұйымдастырылған қоғамдық пікір алмасу, өзекті тақырыптар бойынша пайымдаулар, ой-пікірлер.

Жалпы дебаттық қозғалыстың мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық ұстанымды, өз және қоғам алдында өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті қалыптастыру, елде байқалатын өзекті жағдайларды талдау және жария талқылау арқылы шығармашылық және сыни ойлау қабілетін дамыту.

Міндеттері:

1. Білім алушылардың бойында құқықтық мәдениетті, азаматтық белсенділікті, жауапкершілікті, шығармашылық және сыни ойлау, даулы жағдайларды дипломатиялық жолмен шешу қабілеттерін қалыптастыру;

2. Дебаттық қозғалысты насихаттау, қолдау және дамыту;

«Дебат» қозғалысына тоқталатын болсақ, біздің мектебімізде 2021-2022 оқу жылынан бастап, «Азат» пікірсайыс үйірмесі жұмыс істейді.

Мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық ұстанымды, өз және қоғам алдында өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті қалыптастыру, елде байқалатын өзекті жағдайларды талдау және жария талқылау арқылы шығармашылық және сыни ойлау қабілетін дамыту.

Бұл пікірсайыс үйірмесінде жалпы 22 оқушы бар. Соның ішінде, өте белсенді түрде қатынасып жүргені 12 оқушы. Қалған 10 оқушы әлі көпшілік алдында ойын толық жеткізе алмайды, олар әзірге сөйлеу мәнерін, жалпы ойын Ережесін үйренуде.

Жалпы, қазан айынан бері аптаның сәрсенбі күні апта сайын оқушылармен жиналып, әртүрлі мәселелер туралы тақырыптарды қозғап, сол жайында ойларын ортаға салып, дебат ойыны этикетін сақтауды жаттығып үйренуде. «Азат» дебат клубы 10 қараша 2022 жылы аудандық «Debat Challenge» челленджінің өткізілуіне қатысты. Дебат клубы мүшелері жалпы дебаттың өз өмірлері үшін қаншалықты маңызды рөл атқаратынын, тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізетіні жөнінде бейне-түсірілім жасады.

Жасөспірімдер әрқайсысы дебат- бұл білім алушылардың бойында сыни ойлауды, төзімділікті, шешендік шеберлікті, әртүрлі көзқарастарға құрметпен қарауды, командада жұмыс істей білуді қалыптастыратын қуатты құралы екенін мойындайтындықтарын айтып, өз ойларын ортаға салды. Жалпы, қатысушылар саны- 22, оның ішінде қатысқаны 12.

Сонымен қатар, «Оқушыларға мектеп формасын қатаң сақтаудың қажеттілігі бар ма?» және «Техникалық прогресстің дамуы пайдасынан гөрі зияны көбірек» айдарымен пікірсайыстар жүргізілді.

Бұл тақырыптағы пікірталастың негізгі мақсаты: оқушылардың сөз сөйлеу мәнерін, шешендік шеберліктерін арттыру және өз ойларын ашық айта білуге үйрету.

Міндеті: әрбір қатысушының нормативтік құқықтық актімен жұмыс жасауына ықпал ету, ізденіске итермелеу.

Сонымен қатар, «Жастарда патриоттық рух бар ма?» тақырыбындағы пікірсайыстың мақсаты: оқушылардың патриоттық, ұлтжандылық қасиеттерге, тарихи құндылықтарға деген ойларын дамыту.

«2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының мектепалды және 1-11-сыныптарында 2022-2023 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жөніндегі материалдар берілген.

2022 жылдың 23 қарашасында алғаш рет оқушылар арасында аудандық «Болашақ» дебат турнирі болып өтті. Турнир екі лигада -орыс және қазақ тілдерінде өткізілді. Бұл турнир алғаш рет өткізілгендіктен, оқушылардың тілегі бойынша көрермен ретінде 12 оқушы қатынасты.

2022 жылы 1 желтоқсаны күні «Гендерлік зорлық- зомбылыққа қарсы белсенділіктің 16 күні» акциясы аясында мектепшілік пікірсайыс турнирі ұйымдастырылды. Дебат ойынына 4 командадан, 8 оқушы қатынасты.

Атап айтсақ, олар 9-11 сыныптардың оқушылары: Ерболұлы Сержан, Кенжебек Аружан, Мағзұмхан Мадина, Әлім Жаннұр, Назарбекова Диана, Қайырғали Ботакөз, Елқара Ерік, Танбаева Медина. Мектепшілік турнирде қарастырылған тақырыптар оқушылар үшін өте қызықты болды. Ұсынылған тақырыптар әртүрлі мазмұнда болды.

Мысалы, «Оқушыларға мектепте оқығысы келетін пәндерді таңдауға рұқсат беру керек», «Қазақстандағы бүгінгі таңдағы ең басты мәселе», «Қазақ азаматтарының басқа ұлт өкілдерімен неке қиюы қате». Қарастырылған тақырыптар күрделі болғанымен, пікірсайысқа қатысушылар дебат этикетін сақтай отырып, өздерінің келтірген фактілерін дәлелдей білді. Қатысушылар көрсеткен шеберліктеріне байланысты, пікірсайыс соңында оқушылар марапатталды. «Дебат» қозғалысы бойынша оқушылармен жұмыстар алдағы уақытта да жүргізіле береді.

Н. Наушабаев атындағы мектеп-гимназиясында 12.01.2024 жылы «Кей кезде өтірік айту-қажеттілік пе?» тақырыбында 10 «А» сыныбы оқушылары арасында пікірталас ойыны жүргізілді. Жақтаушы топтағы оқушылар ойында адал болудың бір белгісі- отбасына, достарына, жақындарына өтірік айтпау қажет екендігін дәлелдеді. Ал, даттаушы топ адамдардың кейде басқалардың сезімін қорғау үшін өтірік айтудың пайдалы екендігін айтты. Ойынға оқушылар алдын- ала тақырыпқа сай мәліметтер жинап дайындалған болатын. Осы тақырыпта жүргізілген пікірталас өте қызықты болды. Өткізілген ойынға төреші де, уақыт есептеуші де оқушылар болды. Ойын барысына төрешілік жасаған Ахмадиева Жанель ойын барысына толықтай дерлік, нақты түрде сараптама жасап талдап берді. Әрбір оқушы үшін ойынға қатысып, өз ойын ортаға салудың маңызы зор деп ойлаймын.

2024 жылдың 14 ақпаны күні Нұржан Наушабаев атындағы мектеп- гимназиясында ақпан айының жұмыс жоспарына сай «Әдептілік (талап)» айы болғандықтан «Мұғалімнің әдептілігі талап па, әлде міндет пе?» деген айдармен пікірсайыс өткізілді. Пікірсайыс бұл жолы БПФ форматында жүргізілді. Пікірсайыстың осы форматта жүргізілуі оқушылардың қызығушылығын тудырды. Өз ойларын ортаға салған пікірсайысшылар, бірнеше фактілерді алға тартып, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293 «Педагог мәртебесі» туралы Заңына да тоқталып, талқылады. Пікірсайыс өте жоғары деңгейде жүргізілді.

Көркем-эстетикалық үйірмелер 2021-2022 және 2022-2023 оқу жылдарында студенттердің сыныптан тыс жұмысының маңызды саласына айналды. «Балалар және театр» жобасын іске асыру шеңберінде шығармашылық қабілеттерін, шығармашылық дербестікті дамыту мақсатында, эстетикалық талғамын, театрға және театр іс-әрекетіне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, театр іс-әрекеті арқылы балалардың коммуникативті дағдыларын дамыту мақсатында «Мұрагер» атты театр үйірмесі жұмыс жасайды. Театр үйірмесінің жетекшісі Алимова Жанбота Едресқызы мен Торбаев Аманжол Қуанышбекович. Ағылшын тілін жетік меңгеру мақсатында «Funny English» үйірмесі өз жұмысын жасайды. Жетекшісі: ағылшын пәні мұғалімі Кадирбай А.А.

Үйірме және секциялық жұмыстың тиімділігі:

Оқу жылы	Жүлделер саны			
	Аудандық деңгей	Облыстық деңгейі	Республикалық деңгейі	Халықаралық деңгейі
2021-2022	14	21	2	10
2022-2023	18	26	4	11
2023-2024 1-ші жартыжылдық	21	19	4	2

Жалпы саны	33	22	10	21
-------------------	-----------	-----------	-----------	-----------

Зерттелетін кезеңде (2023-2024 оқу жылы) республикалық және халықаралық деңгейде жалпы көрсеткіш 6 жүлделі орынды құрады, бұл жалпы білім беретін мектептерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Зерттелетін кезеңде (2023-2024 оқу жылы) облыстық деңгейде жалпы көрсеткіш 19 жүлделі орынды құрады, бұл жалпы білім беретін мектептерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Зерттелетін кезеңде (2023-2024 оқу жылы) аудан деңгейіндегі көрсеткіш 21 жүлделі орынды құрады, бұл жалпы білім беретін мектептерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Мектепте **«Қожаның достары»** атты жайдарман құрама командасы жұмыстары жүргізіледі. Нәтижесі: «Облыстық «DODA» дарынды және шығармашыл балалар лигасы» «Қожаның достары» құрама командасы I орынға ие болды. Рудный қаласында өткен RUDLIFE жайдарман ойындарында «Қожаның достары» командасы II орынға ие болды. «Облыстық «DODA» дарынды және шығармашыл балалар лигасы» жобасы аясында «Мобильді ойындар» сайысында «Қожаның достары» құрама командасы Облыстық кезеңінде - I орынға ие болып, кубокпен марапатталды.

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы оқушылардың назарын экологиялық проблемаларға аудару, экологиялық құзыреттілігін дамыту, экологиялық мәдениетті және туған өлкенің табиғатына жағымды экологиялық қатынасты қалыптастыру.

Табиғат – бізге берілген ең құнды қазынамыз, бірақ табиғаттың байлығы өлшеусіз емес. Осыны өскелең ұрпаққа түсіндіру қажет.

Эко-клуб үйірмесі оқушыларды экологиялық білімді қалыптастыруға, денсаулықты қорғауға үйрете отырып, табиғат байлықтарын ұтымды пайдаланып жанашырлықпен қарауға тәрбиелейді.

Кітапхана активіне оқушылар мен кітапханашылар кіреді. Әр тоқсан сайын кітапхана активі балалардың пайдалануындағы оқулықтарды тексереді, сақтаудағы қателерді анықтайды және оларды жою бойынша шаралар қабылдайды. Оқу қорын сақтау бойынша жолға қойылған жұмыс кітаптарды ұзақ уақыт пайдалануға мүмкіндік береді. Соңғы жылдардағы кітаптардың қауіпсіздігі бұрынғыға қарағанда жақсарып келеді.

Оқырмандарға қызмет көрсету:

- Топтық және бұқаралық қызметтің негізгі нысандары: кітап көрмелері
- жаңа әдебиеттерге ашық көзқарас,
- оқу сайыстары,
- кітапқа шолулар,
- Кітапханаға экскурсиялар,
- Викториналар,
- жалпы мектепшілік іс-шараларға және пәндербойынша онкүндіктерге қатысу
- Конференция, семинарлар, мұғалімдер кеңестеріне қатысу

Кітапханалық қызмет көрсету "Мектеп кітапханасы туралы ереже" мен "Кітапхананы пайдалану ережелеріне" сай жұмыс істейді. Оқырмандар баспа басылымдарын уақытша пайдалануға алады, библиографиялық және анықтамалық - ақпараттық қызмет көрсетуді пайдаланады, кітапхана өткізетін бұқаралық іс-шараларға қатысады. Кітапханашы оқырмандарының қатынасуын үнемі қадағалап отырады.

Оқырмандар ақпарат алу үшін мектеп интернетін толық пайдалана алады.

Кітапханада "жұмыс күнделігі" жүргізіледі, онда топ бойынша оқырмандардың саны мен құрамы, берілген басылымдардың көлемі және оларды кітапхана сыныптамасы бөлімдері бойынша бөлу туралы мәліметтер ескеріледі.

Кітапханада барлығы 892 адамға қызмет көрсетіледі.

Кітапханада оқырмандардың келесі топтары көрсетілген:

* Оқушылар - 780 адам (87,4 %)

* Мектептің педагогикалық қызметкерлері - 75 адам (8,4 %)

* Басқалары-37 (4,1 %)

Негізгі көрсеткіштерді салыстыру кестесі:

Оқу жылы	Кітап қоры	Оқырмандар саны	Келу саны	Кітап беру саны
2021 - 2022	35212	830	3071	3157
2022 – 2023	26465	811	3921	4301
2023 - 2024	32198	860	13100	8112

Ақпараттық қызметтерді ұсыну.

Кітапхананың иелігіндегі ресурстар бүгінгі күні пайдаланушыларға келесі ақпараттық қызметтерді ұсынуға мүмкіндік береді:

- құжат мәтінін ұсыну;
- сұралған тақырып бойынша ақпарат көздерін таңдау;
- анықтамалардың барлық түрлерін орындау: фактографиялық, тақырыптық, библиографиялық, аннотацияланған, аналитикалық;
- электронды тасымалдағыштарда материалдарды ұсыну (кітапханада бүгінгі күні 130 CD бар);
- жаңа түсімдер туралы жедел хабарлау;
- белгілі бір пайдаланушыға арналған басылымды брондау;

- компьютермен жұмыс істеу бойынша кеңес беру (әр түрлі бағдарламалармен жұмыс істеу кезінде оқырмандарда кітапханашы өзі жауап беруге тырысатын немесе маманға кеңес беретін сұрақтар туындайды);
- рефераттық және ғылыми жұмыстарға арналған әдебиеттер тізімін жасау (оқушының ғылыми жұмысы сауатты рәсімделуі үшін кітапханашы ГОСТ сәйкес библиографиялық тізімді жасауға көмектеседі);
- дерекқорлармен өз бетінше жұмыс істеуге кеңес беру (барлық оқырмандар excel бағдарламасына ие емес);
- тұтынушының қатысуымен ақпаратты жылдам іздеу;
- алдын ала тапсырыс бойынша ақпаратты іздеу;

Жыл сайын бірінші сынып оқушыларына экскурсия өткізіледі, кітапханаға алғашқы сапар "Кітапханаға саяхат" болып табылады. Әңгіме барысында балалар "оқырман" және "кітапханашы" деген кім екенін, кітаптармен жұмыс істеу ережелерін, кітапханада өзін қалай ұстау керектігін, абонемент пен оқу залы деген не екенін біледі. Олар жұмбақтарды қуана-қуана шешеді, ертегі кейіпкерлерін еске алады, викторина сұрақтарына жауап береді, кітапхананың жаңалықтарымен танысады.

Балалар кітабы апталығын өткізу аясында жыл сайын аудандық кітапханамен бірлескен іс-шаралар өткізіледі.

Биылғы жылы республика күніне орай "Республикам менің" аудандық кітапханасымен бірлескен іс-шара өткізілді.

Жыл сайын Халықаралық Кітап беру күніне орай «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы өткізіледі. Акцияның ең белсенді қатысушылары, бастауыш сынып оқушылары.

Жыл сайын оқушылар, оқытушылар және мектеп басшысы "Менің сүйікті кітабым" аудандық және мектеп челленджерін өткізуге белсенді қатысады,

Орта және жоғары буын оқушылары арасында заманауи авторлардың, сондай-ақ қазақ, орыс және шетелдік классиктердің шығармалары бойынша буктрейлерлер дайындайды. Кітапханада тұрақты негізде "Кітап ауруханасы" жұмыс істейді.

Қорды сақтау бойынша жұмыс

Ерекше құнды басылымдар (сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар) бөлек сөреде сақталады. Жылына бір рет кітапхана қоры, жарты жылда бір рет оқырман формулярлары тексеріліп, оқырмандарға кітаптардың кітапханаға уақытылы қайтарылуы мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Кітапхана кітаптары жоғалған, бүлінген жағдайда оқырмандар басқа әдебиетпен өтейді.

Оқулықтарды сақтау жұмыстарын жүргізу

Оқулықтар қоры кітап қоймасында орналасқан. Оқулықтарды орналастыру сыныптар бойынша жүргізіледі. Жаңа оқулықтар түсуіне қарай оқулықтар оқулықтардың кітапхана қорының тіркеу карточкаларын тіркеу журналына тіркеледі.

Оқулықтарды алғаннан кейін оқушылармен оқулықтың қауіпсіздігі бойынша әңгімелесу жүргізіледі. Қолдану кезеңінде оқулықты зақымданудан және кірден қорғайтын мұқаба болуы керек екенін еске саламыз. Оқулыққа қарындашпен немесе қаламмен шимайлауға, жазуға тыйым салынады.

Тоқсанына бір рет кітапхана қорларымен бірге «Оқулықтарды таза ұстаймыз» оқулықтарды тексеру бойынша рейд жүргізіледі.

Қаржыландыру мерзімі аяқталғаннан кейін оқулықтарды 5 жылда бір рет есептен шығарылады.

Кітапхана активімен жұмыс

Кітапхананың жылдық жұмыс жоспарын мектеп басшысы бекітеді. Бекітілген жұмыс жоспары негізінде кітапханада іс-шаралар жүйелі өткізіліп тұрады. Кітапхана активінің мүшелері кітапханашымен бірге келесі жұмыстарды орындайды:

- кітапхана өткізетін іс-шараларды дайындауға және өткізуге қатысу;
- техникалық жұмыстарға көмектесу;

- абонементте және оқу залында оқушыларға қызмет көрсетуге қатысу;
- кітаптарды жөндеу;
- кітапты насихаттау бойынша аптасына бір рет 20 минуттық «Бірге кітап оқимыз!» шарасында белсенді жұмыс жүргізу.

Кітапхана – ақпарат орталығы

Қазіргі серпінді дамып келе жатқан қоғамда мектеп кітапханалары заман ағымына ілесу керек. Ақпараттандыру және компьютерлендіру жаңа үрдісін (тенденция) әкелді және тың шығармашылық идеялар мен кітапханалық жұмыстарды жандандыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ашық кітап көрмелері, стенд, бастауыш сынып оқушылары шешінетін шкафтарға QR кодтары бар ертегілер мен көркем әдебиеттер қойылды. Соңғы жылдары QR кодтары барған сайын танымал бола бастады, бұл қазіргі өмірдің көптеген салаларында ақпаратқа қол жеткізудің ыңғайлы тәсілі. Осы орайда «Оқуға құштар мектеп» жобасының негізінде QR код арқылы стенд, оқу сағаттары, электронды көркем әдебиеттер жасалынып, оқырмандар кеңінен пайдалануға қол жетімді.

Кітап көрмелерін ұйымдастыру.

Кітапханалардың көрме қызметі кітапхана жұмысының өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Қазіргі уақытта кітапты лайықты көрсетуге көптеген мүмкіндіктер бар. Көрме-бұл әрқашан шығармашылық және кітапханашыны, кітапты және оқырманды біртұтастыққа, ынтымақтастыққа біріктіру мүмкіндік бар.

"Бір ел-бір кітап" республикалық акциясы аясында жыл сайын жазушылардың шығармашылығына арналған кітап көрмесі рәсімделеді.

Оқу жылында "Оқуға құштар мектеп - оқуға құштар ұлт", "қазақ халқының салт - дәстүрлері", "Қазақстан-менің тағдырым", "Қазақ елінің дана перзенті;

Сұлтан Бейбарыстың туғанына, жазушы Тәкен Әлімқұловтың туғанына 105 жыл, Саттар Ерубаяевтың туғанына 100 жыл, Сәкен Жүнісовтың туғанына 90 жыл, Ғабит Мүсіреповтің туғанына 120 жыл, Шота Уәлихановтың туғанына 90 жыл. Халық бірлігі күні сияқты күндер де назардан тыс қалмайды. Қазақстан, Алғыс айту күні, Отбасы Күні, Денсаулық күні, Қазақстан халықтарының Тілдері күні, Саяси қуғын – сүргін құрбандарын еске алу күні, Қазақстан халықтары Ассамблеясы, ҚР Конституциясы, көктем мерекесі-Наурызға көрме ұйымдастырылды.

"Оқитын мектеп – оқитын Ұлт"

"Оқитын мектеп – оқитын Ұлт" жобасын іске асыру балаларды ұлттың рухани және зияткерлік серпілісінің құралы ретінде оқуға тартуға, Қазақстан халқының көпұлтты мәдениетін дамытуға, кітаптың қоғам өміріндегі рөлін арттыруға, оқуды насихаттауға бағытталған.

Instagram, Facebook сияқты ұйымның әлеуметтік желілерінің беттерінде осы жобаны іске асыру аясында іс-шаралар өткізіледі.

Оқуды насихаттау, кітаптарға қызығушылықты арттыру мақсатында жұмыста интерактивті тәсілдер қолданылады:

- "Кітап айналымы" буккроссингі;
- әр бейсенбі " пайдалы 20 минут " 20 минуттық оқу өткізіледі;

Балалардың оқу мәдениетін ұйымдастыру және қалыптастыру бойынша кітапхана жұмысына әсер ететін маңызды фактор – оқырман отбасымен байланыс:

- "Біз бүкіл отбасымызбен қыста оқимыз", "Менің отбасымның сүйікті кітабы" акциялары
- «Оқитын отбасы», «Оқитын ана» - оқитын мектеп байқауы;

Мұндай ынтымақтастық тек кітапханашыға ғана пайдалы емес, өйткені ол оқырмандармен жұмысының сапасын арттыруға көмектеседі, сонымен қатар оқуды басқарудағы отбасының рөлін арттыруға көмектеседі және отбасындағы кітапхананың беделін арттырады.

Кітапхана қызметкерлерінің кәсіби дамуы

Кәсіби біліктілікті арттыру мақсатында кітапханашылар жаңа ақпараттық технологиялар туралы ақпаратты зерделейді және оларды жұмысқа енгізеді.

Жаңа компьютерлік бағдарламаларды, мессенджерлерді игеруде.

Кітапханалық және педагогикалық журналдарды үнемі оқып, кітапхана сайттарын қарап отырады.

Желілік қоғамдастықтарда қазақстандық мектеп кітапханашыларымен тәжірибе алмасады, аудандық және облыстық деңгейдегі семинарларға қатысады.

2) Интернет желісіне қосылған компьютерлердің (шағын жинақты мектептерді қоспағанда) компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер:

Мектеп жергілікті желіге және ғаламдық Интернет желісіне қосылған 197 бірлік компьютерлік техникамен жабдықталған. Мектепте 1 компьютерге 4 оқушы келеді. Мектеп «Транстелеком» АҚ кең жолақты Интернетке, үш қосылу нүктесіне қосылған. Үшінші нүкте 8 Мбит / с жылдамдықты береді. мектептің орташа жылдамдығы 40 Мбит / с құрайды.сыртқы және ішкі ақпараттық ресурстарға уақтылы және тұрақты қол жеткізу үшін жергілікті есептеу желісін кеңейту бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі. Мекемеде сымсыз Wi - Fi технологиясы бойынша 8 жергілікті желіге кіру нүктесі орнатылған.

2019 жылдан бастап ақпараттық білім беру порталын белсенді пайдалану басталды Bilimland.kz. бүгінгі күнге Online Мектеп қосымша мүмкіндіктері сатып алынды. Ресурстарға қол жеткізу барлық педагогикалық ұжымға, барлық білім алушыларға жеке логин мен пароль арқылы қамтамасыз етіледі. Порталға кірудің апта сайынғы мониторингі сабаққа дайындық кезінде жақсы белсенділікті және онлайн мазмұнды жиі пайдалануды көрсетеді (әсіресе қашықтықтан оқыту кезеңінде белсенді).

Басқару кабинеттері келесі жабдықтармен жабдықталған: мектеп басшысының кабинеті - Интернетке қосылған 1 КҚ, 1 принтер; Интернетке қосылған 2 КҚ басшысының қабылдау бөлмесі, 1 МФУ, 1 факс, 1 принтер; директордың оқу ісі - жөніндегі орынбасарлары-Интернетке қосылған 4 КҚ, 2 принтер, 1 МФУ; директордың тәрбие- ісі жөніндегі орынбасарлары 2 дана, Интернетке қосылған 1 моноблок, 1 принтер, 1 түсті принтер; Бухгалтерия – Интернетке қосылған 2 дана, 1 принтер; әлеуметтік педагог кабинеті 1 моноблок 1 интернетке қосылған принтер және кәсіптік бағдар беру жұмысы 1 интернетке қосылған КҚ; психолог кабинеті - Интернетке қосылған 2 моноблок, логопед кабинеті - Интернетке қосылған 1 моноблок; акт залы Интернетке қосылған 1 ноутбук, 1 проектор, 1 экран, акустикалық жүйе және бағандар 4 дана; фортепиано 2 дана; Басшының шаруашылық - ісі жөніндегі орынбасарының кабинеті - Интернетке қосылған 1 моноблок, 1 принтер.

7. Білім алушылардың білімін бағалау:

1) ЖІІ үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері)

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен (2020 жылғы 28 тамыздағы № 375 өзгерістер мен толықтырулар) нормативтік құжаттарға сай **2021-2022 оқу жылы** Білім берудің тиімділігі туралы ақпарат алу үдерісін, сондай-ақ баланың даму динамикасын, балалардың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеруін бақылау диагностика негізінде жүзеге асырылады:

1 сынып оқушылардың оқудағы жетістіктері бағаланбайды,

2021-2022 оқу жылында оқу үлгерімі 100%, сапасы 57 % құрады.

2022-2023 оқу жылында оқу үлгерімі 100%, сапасы 61% құрады.

2023-2024 оқу жылында I тоқсан бойынша оқу үлгерімі 100%, білім сапасы 52%, II тоқсан бойынша білім сапасы 55% көрсетті.

Пәндер бойынша академиялық үлгерім және білім сапасы

Пәндер	2021-2022	2022-2023	2023-2024 (1 тоқсан)	2023-2024 (2-тоқсан)
Қазақ тілі	75%	70.1%	68%	72%

Қазақ әдебиет	75%	73,5%	73%	79%
Орыс тілі	87%	83%	76%	79%
Ағылшын тілі	78%	72,7%	71%	77%
Математика	67%	61,2%	70%	70%
Алгебра	64%	53,1%	55%	55%
Геометрия	66%	60%	54%	59%
Жаратылыстану	79%	78,6%	76%	77%
Физика	61%	52 %	58%	57%
Химия	68%	74,7%	69%	65%
География	77%	71,3%	61%	78,5%
Биология	79%	78,5%	71%	73%
Дүние жүзі тарихы	82%	81%	85%	82,5%
Қазақстан тарихы	78%	74,5%	80%	80,5%
Құқық негіздері	84%	99,2%	-	91,5%
Дүниетану	82%	78,4%	-	70%
Әдебиеттік оқу	78%	75%	78%	68%

Талдау нәтижелері:2021-2022 және 2022-2023 оқу жылдарының пәндер бойынша оқу үлгерімі мен білім сапасын талдауда қазақ тілі пәнінен -4,9% , физика пәнінен-9%,математика пәнінен-5,8%,алгебра пәнінен-10,9% ,география пәнінен-5,7% және бастауыш сыныптар бойынша дүниетану пәнінен -3,6%, әдебиеттік оқу-3% кему динамикасын көрсетіп отыр.

2023-2024 оқу жылының 1 жартыжылдығындағы оқу үлгерімі мен білім сапасы қазақ тілі,қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі, ағылшын,география, пәндер бойынша +4%-дан +8%-ға дейін өсу динамикасын көрсетіп отыр. Білім сапасы -1%-дан -4%-ға дейін кему динамика көрсететкен физика, химия, дүние жүзі тарихы пәндері.

Қазақстан тарихы, математика, алгебра, пәніндерінің білім сапасы өзгеріссіз болған.

Қорытынды:Әрбір пән бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі ББҮ үлгілік білім беру бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес білім деңгейіне сәйкес келеді.

1) жеке пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері):

2021-2022 оқу жылында «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес үлгілік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 126 оқушы бітіру емтихандарына қатысты. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі № 159 бұйрығының, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 21 сәуірдегі №207 бұйрығының негізінде, «Қостанай облысының білім басқармасы» ММ 26 сәуірдегі № 496 «2021 - 2022 оқу жылын аяқтау және қорытынды аттестаттау өткізу туралы» бұйрығымен 9-сынып – 75 оқушы (96,4%), 11-сынып түлектері – 51оқушы (87,9%).

2021-2022 оқу жылында 9-сынып оқушылары үшін қорытынды аттестаттау келесі форматта өтті: қазақ тілінен жазбаша емтихан- жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2022 жылғы 28 мамыр; математикадан (алгебра) жазбаша емтихан (тест) – 2022 жылғы 2 маусым; орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан - (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2022 жылғы 03 маусым;

Қазақстан тарихы,биология,география, ағылшын пәнінен(таңдау пәндері) жазбаша емтихан (тест)- 2022 жылығы 06 маусымда

9-сыныпта 75 оқушы болды. Қорытынды аттестацияға 75 оқушы қатысты.

9-сыныптың 1 түлегі (1,3%) – үздік аттестат алды; 40 оқушы (53%) 9-сынып түлектері «4» және «5» деген аттестатқа ие болды.

Қазақ тілі:

Жоқ.	Барлық оқушы	Емтихан тапсырғаны	«5».	«4»	«3»	«2»	% үлгерім	% сапа
1	75	75	11	49	15	0	100	80

2021-2022 оқу жылының 28 мамыр күніоқу үлгерімінің нәтижелері, жыл қорытындысы бойынша қазақ тілі пәнінен білім сапасы 76 пайызды, емтихандағы 80 пайыз білім сапасын көрсетті.

Жылдағы оқу үлгерімінің және емтихан нәтижелерінің пайызы 100% құрады.

Қазақ тілінен емтихан кезінде 57 оқушы (76%) жылдық бағасын растады. 3 оқушы (4,0%) жылдық бағадан жоғары баға алды.

Математика:

№	Барлық оқушылар	Емтихан тапсырғаны	«5».	«4»	«3»	«2»	% үлгерім	% сапа
1	75	75	7	44	24	0	100	68%

Математика пәнінен жыл бойынша білім сапасы 64%, ал жазбаша емтихан қорытындысы бойынша білім сапасы 68%. Жылдағы оқу үлгерімінің пайызы және емтихан нәтижелері бойынша 100% құрады.

Математика бойынша емтиханда 48 оқушы (64%) жылдық бағасын растады. 3 оқушы емтиханда (4,0%) жылдық бағадан жоғары баға алды.

Орыс тілі:

№	Барлық оқушы	Емтихан тапсырғаны	«5».	«4»	«3»	«2»	% үлгерім	% сапа
1	75	75	17	47	11	0	100	85

Орыс тілі пәнінен жыл бойынша білім сапасы 85%, ал жазбаша емтихан қорытындысы бойынша білім сапасы 85%. Жылдағы оқу үлгерімінің пайызы және емтихан нәтижелері бойынша 100% құрады.Орыс тілі пәні бойынша емтиханда 75 оқушы 85% жылдық бағасын растады.

Таңдау пәндері:

№	Барлық оқушы	Емтихан тапсырғаны	«5».	«4»	«3»	«2»	% үлгерім	% сапа
1	Қазақстан тарихы	8	0	4	4	0	100	50

2	Биология	36	8	19	9	0	100	75
3	География	21	1	14	6	0	100	76
4	АҒЫЛШЫН	10	6	4	0	0	100	100

Таңдау пәндері бойынша емтиханды 75 оқушы тапсырды. Пән бойынша тапсырмалар бағдарламаға сәйкес алынды. Оқушылар таңдау пәндерінде жылдық бағаларын емтиханда дәлелдеп көрсетті.

Оқушылардың жыл бойғы білім сапасы мен пәндер бойынша емтихандарды салыстыратын болсақ, алгебра, қазақ тілі пәнінен +4% өскені, ал орыс тілі пәнінен тұрақты пайызды көрсетті. 2021-2022 оқу жылының қорытындысын талдау кезінде негізгі орта білім беру курсы бойынша білім беру бағдарламаларын 9-сынып түлектері толық меңгергенін атап өтуге мүмкіндік береді. Оқу үлгерімі 100%, білім беру сапасы 55%.

Жалпы орта білім беру курсы бойынша 11-сынып бітірушілерін қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жыл 20 сәуірдегі №159 бұйрығымен бекітілген қорытынды аттестаттау кестесіне сәйкес 2022 жылдың 27 мамыр мен 10 маусым аралығында өтті. Педагогикалық кеңестің шешімімен (2022 жылғы 29 сәуір № 7 хаттама) қорытынды аттестаттауға негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген білім алушылар жіберілді. 2021-2022 оқу жылында 11-сыныпта 51 түлек білім алды. Қорытынды аттестацияға 51 оқушы қатысты. Барлық 51 түлек белгіленген мерзімде жалпы орта мектеп курсы бойынша қорытынды аттестаттаудан өтіп, тиісті үлгідегі білім туралы құжаттарын алды.

Мемлекеттік қорытынды аттестаттау келесі пәндер бойынша өткізілді:

-алгебра және анализ бастамалары пәні бойынша жазбаша емтихан (тест) – 27 мамыр

-қазақ тілі пәнінен эссе түрінде жазбаша емтихан – 30 мамыр,

-қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2 маусым,

-орыс тілі мен әдебиетінен тестілеу – 07 маусым,

-таңдау пәндері бойынша тестілеу-10 маусым

Қорытынды аттестаттауда әр пән бойынша мәліметтер жасалды.

Алгебра және анализ бастамалары

2022 жылы 27 мамыр айында алгебра және анализ бастамалары пәні бойынша 11 сыныптар тапсырған қорытынды аттестаттау өз деңгейінде өтті. Алгебра және анализ бастамалары пәні

№	Барлық оқушылар	Емтихан тапсырғаны	«5».	«4»	«3»	«2»	% үлгерімі	% сапа
1	51	51	12	31	8	0	100	84,3

бойынша емтихан тапсырмалары А бөлімінен 15 тапсырма, В бөлімінен 9 тапсырма I, II нұсқада барлығы 24 тапсырма бағдарламаға сәйкес берілген. Алгебра және анализ бастамалары пәні бойынша жылдық білім сапасы 78.4% болды, ал қорытынды аттестаттауда 84,3% білім сапасын көрсетті. Жылдық білім сапасымен қорытынды аттестаттау бойынша білім сапасын салыстырғанда +5,6% өскені байқалады.

Қазақ тілі пәні

№	Барлық оқушылар	Емтихан тапсырғаны	«5».	«4»	«3»	«2»	% үлгерімі	% сапа
1	51	51	11	35	5	0	100	90,1

2022 жылы 30 мамырда қазақ тілі пәні бойынша 11 сыныптар тапсырған қазақ тілі пәні бойынша емтихан тапсырмалары 1.2 бөлімінен, I, II нұсқадан бағдарламаға сәйкес берілген. Қазақ тілі пәні

бойынша жылдық білім сапасы 90% болды, ал қорытынды аттестаттауда 90% білім сапасын көрсетті. Жылдық білім сапасын оқушылар қорытынды аттестаттауда дәлелдеп көрсетті.

Қазақстан тарихы

№	Барлық оқушылар	Емтихан тапсырғаны	«5».	«4»	«3»	«2»	% үлгерім	% сапа
1	51	51	17	27	7	0	100	86,2

2022 жылы 02 маусымда Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан тапсырды. Бағдарламаға сәйкес емтихан тапсырмалары 30 сұрақтан құралған. 11 сынып оқушылары Қазақстан тарихы пәні бойынша жылдық білім сапасы 82,4%, емтиханда 86,2% білім сапасын көрсетті. Жалпы оқушылардың жылдық бойынша білім сапасы мен емтиханда алған білім сапасын салыстырғанда +3,8% өскен.

Орыс тілі

№	Барлық оқушылар	Емтихан тапсырғаны	«5».	«4»	«3»	«2»	% үлгерім	% сапа
1	51	51	20	26	5	0	100	90

2022 жылы 07 маусымда орыс тілі пәні бойынша 51 оқушы қорытынды аттестаттауға қатысты. Орыс тілі пәні бойынша емтихан тапсырмалары 1.2 бөлімнен бағдарламаға сәйкес тапсырмалар берілген. I бөлімде мәтінге байланысты тест сәйкестендіру сұрақтары ретінде, 2 бөлімде эссе жазу тапсырмасы берілген. 11 сынып оқушыларының орыс тілі пәні бойынша жылдық білім сапасы 89,3% , емтиханда 90% білім сапасын көрсетті. Оқушылар жылдық білім сапасын емтиханда дәлелдеді.

Таңдау пәндері

2022 жылы 10 маусымда таңдау пәндері бойынша 50 оқушы емтихан тапсырды. Оспан Расул

№	Пәні	Емтихан тапсырғаны	«5»	«4»	«3»	«2»	% үлгерім	% сапа
1	Дүние жүзі тарихы	14	4	7	2	0	100	84
2	Ағыршын	8	5	3	0	0	100	100
3	Физика (ЖМБ)	11	3	7	1	0	100	90
4	Қазақ әдебиеті (ЖМБ)	1	1	0	0	0	100	100
5	География (ЖМБ)	6	2	4	0	0	100	100
6	Физика (ҚГБ)	1	1	0	0	0	100	100
7	Қазақ әдебиеті (ҚГБ)	2	1	1	0	0	100	100
8	Биология (ҚГБ)	3	1	1	1	0	100	66
9	География (ҚГБ)	4	-	3	1	0	100	75

Жамбыл облысы, Тараз қаласында өтетін Азия Чемпионаты алдындағы (II кезең) оқу-жаттығу жиынына қатысуына байланысты таңдау пәндері бойынша емтиханнан босатылды.

Әр оқушы таңдау пәні бойынша жылдық бағаларын емтиханда дәлелдей білді,

Талдау нәтижелері: талдауға ұсынылатын зерттеу құжаттар оқушылардың дайындық деңгейі әрбір білім беру саласының ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған оқудың күтілетін нәтижелері арқылы анықталатынын. Осылайша, білім беру салаларындағы (және оқу пәндері бойынша) күтілетін оқыту нәтижелері негізгі орта білім берудің базалық мазмұнын анықтау үшін негіз болатыны анықталды.

Қорытынды: 9,11 сынып оқушыларының жылдық білім сапасының нәтижелері қорытынды аттестаттауда бағаларын растады. Бұл белгілі бір дәрежеде академиялық кезеңде пәндер бойынша білімін объективті бағалауды көрсетеді. Әрбір білім беру саласындағы (және оқу пәндері бойынша) оқушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) үлгілік оқу жоспарларына сәйкес білім деңгейіне сәйкес келеді және Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сай (қорытынды аттестаттау хаттамаларының көшірмелері қоса беріледі)

2022-2023 оқу жылында «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және «2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрығына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарының 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында 9-сынып – 75 оқушы, 11-сынып түлектері – 26 қорытынды аттестаттауға жіберілді.

2022-2023 оқу жылында 9-сынып оқушылары үшін 2023 жылы 02-13 маусым аралығында қорытынды аттестаттау келесі форматта өтті.

қазақ тілінен жазбаша емтихан- жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 02 маусым

математикадан (алгебра) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 06 маусым;

орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан - (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 09 маусым;

Таңдау пәні (Қазақстан тарихы, биология, география, ағылшын пәніне) жазбаша емтихан (тест)- 13 маусымда

9-сыныпта 75 оқушы болды. Қорытынды аттестацияға 75 оқушы қатысты. 9-сыныптың 9 түлегі (12%) – үздік аттестат алды; 27 оқушы (36%) 9-сынып түлектері «4» және «5» деген аттестатқа ие болды.

Қазақ тілі:

№	Оқушылардың жалпы саны	Емтихан тапсырғаны	«5»	«4»	«3»	«2»	% үлгерім	% сапа
1	75	75	10	40	25	0	100	66,6

2022-2023 оқу жылының 02 маусым күні қазақ тілі пәнінен емтихан тапсырды. Қазақ тілі пәнінен жылдық білім сапасы 62.7%, қорытынды аттестаттаудан 66,6% білім сапасын көрсетті. Жалпы жылдық білім сапасын және емтиханда алған білімдерімен салыстырғанда +3,9 % өскені байқалады. Оқушылар емтиханда өз білімдерін дәлелдей білді.

Математика (алгебра):

№	Оқушылардың жалпы саны	Емтихан тапсырғаны	«5»	«4»	«3»	«2»	% үлгерім	% сапа
1	75	75	12	26	37	0	100	50,6

Математика (алгебра) пәні бойынша емтихан тапсырмалары А бөлімінен 10 тапсырма, В бөлімінен 10 тапсырма I, II нұсқада барлығы 20 тапсырма бағдарламаға сәйкес берілген. 9 «А» сынып математика (алгебра) пәні бойынша жылдық білім сапасы 84% емтиханда 80% білім сапасын көрсетті. Ташмағанбетов Н емтиханда өз білімін дәлелдей алмай «3» -тік баға алды.

Сондықтан жылдық білім сапасымен емтихандағы білім сапасында-4% төмендеді.9 «Б» сынып математика (алгебра) пәні бойынша жылдық білім сапасы 38.46%,емтиханда 26.9% білім сапасын көрсетті.Әбдікәрім М.,Дерипсалин Р.,Қарбай К.жылдық бағасын емтиханда дәлелдей алмады.Сондықтан жылдық білім сапасымен емтихандағы білім сапасында -11,56%төмен көрсетті. 9 «Ә» сынып математика (алгебра) пәні бойынша жылдық білім сапасы 45,83% емтиханда өз білімдерін дәлелдеді.

Оры тілі мен әдебиеті:

Оқушылардың жалпы саны	Емтихан тапсырғаны	«5»	«4»	«3»	«2»	% үлгерім	% сапа
75	75	14	42	18	0	100	75

2022-2023 оқу жылында 9-сынып оқушылары орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан тапсырды. Емтиханға барлығы 75 оқушы қатысты..

Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен емтиханда 55 оқушы жылдық бағаны растаса, 1 (2%) оқушы жылдық бағадан жоғары баға алды. Пән бойынша жалпы жылдық білім сапасы 73,2%, емтихан нәтижесі бойынша 75 %, оқу үлгерімі 100% құрады.

9-сынып оқушыларына мынадай таңдау пәндері берілді: география, биология, физика, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы.

Таңдау пәндері:

Пәні	Емтихан тапсырғаны	«5»	«4»	«3»	«2»	% үлгерім	% сапасы
Информатика	1	0	1	0	0	100	100
Биология	36	9	19	8	0	100	72,2
Қазақстан тарихы	7	1	3	3	0	100	57
Физика	9	4	5	0	0	100	100
Ағылшын	7	4	2	1	0	100	85.7
География	14	2	5	7	0	100	50

Таңдау пәндерінен жазбаша емтихан қорытындысы бойынша оқу үлгерімінің жылдық үлгерім және емтихан нәтижесі бойынша 100% құрады.Таңдау пәндері бойынша қорытынды аттестаттау жылдық білім сапасы сәйкес келеді.

Қорытынды:Негізгі орта мектеп курсы бойынша қорытынды аттестаттау нәтижелері жыл сайынғы аттестаттау нәтижелерімен бірдей. Үздік білімдерін қорытынды аттестаттау бойынша негізгі орта білім туралы үздік аттестатқа ие болған 9 оқушы өз білімдерін дәлелдеп, үздік аттестат алды. Оқушылар өздерінің жылдық бағаларын растады, бұл мектеп мұғалімдері мен оқушыларының емтиханға дайындалуға жауапкершілікпен қарауымен түсіндіріледі.

11-сынып оқушылары үшін мемлекеттік қорытынды аттестаттау 2023 жылдың 05 маусым мен 19 маусымы аралығында өткізілді.

Қазақ тілінен эссе нысанында жазбаша емтихан (мақала, әңгіме, эссе)– 05 маусым алгебра және анализ бастамалары жазбаша емтихан (тест) – 08 маусым:

Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 12 маусым;

қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 15 маусым;
таңдаған пәннен жазбаша емтихан (физика, геометрия, дүние жүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет, шетел тілі (ағылшын) информатика – 19 маусым

2022-2023 оқу жылында 11 сыныпты 26 түлек бітірді. Қорытынды аттестацияға 26 оқушы қатысты.

Қазақ тілі

№	Барлық оқушы	Емтиханға қатысқан оқушылар	«5»	«4»	«3»	«2»	% үлгерім	% сапа
	26	26	4	19	3	0	100	88,4

Қазақ тілі пәнінен 2022-2023 оқу жылында 11 сыныптың білім сапасының нәтижелері 88,4% болса, қорытынды аттестаттау нәтижесі 88,4% көрсетті. Оқушылар өз білімдерін дәлелдей білді.

Алгебра және анализ бастамалар

2022-2023 оқу жылы 08 маусымда 11 сыныптың 26 оқушысы қорытынды аттестаттауға қатысты.

Қорытынды аттестаттау бойынша алгебра және анализ бастамалары пәні бойынша білім сапасының

№	Барлық оқушылар	Емтихан тапсырғаны	«5».	«4»	«3»	«2»	% үлгерім	% сапа
1	26	26	3	15	8	0	100	69,2

көрсеткіші 69,2% құрайды. Алгебра және анализ бастамалары пәні бойынша емтихан тапсырмалары А бөлімінен 15 тапсырма В бөлімінен 15 тапсырма, В бөлімінен 9 тапсырма І, ІІ нұсқада бағдарламаға сәйкес барлығы 24 тапсырма берілген. Оқушылар өз білімдерін емтиханда дәлелдеп көрсетті. 11 сынып алгебра және анализ бастамалары пәні бойынша жылдық білім сапасы 53,8%, емтиханда 69,2%, білім сапасын көрсетті. Қорытынды аттестаттауда білім сапасы +15,4%-ға өсті.

Қазақстан тарихы:

№	Барлық оқушылар	Емтихан тапсырғаны	«5».	«4»	«3»	«2»	% үлгерім	% сапа
1	26	26	7	13	6	0	100	76,9

2022-2023 оқу жылында 12 маусымда Қазақстан тарихы пәнінен қорытынды аттестаттау нәтижесі бойынша білім сапасы 76.9%, оқушылар жылдық білім сапасымен сәйкес дәлелдеп көрсетті.

Орыс тілі :

№	Барлық оқушылар	Емтихан тапсырғаны	«5».	«4»	«3»	«2»	% үлгерім	% сапа
1	26	26	9	14	3	0	100	88,5

2022-2023 оқу жылы 15 маусымда орыс тілі пәні қорытынды аттестаттау бойынша емтихан тапсырды. Орыс тілінен жылдық білім сапасы 88,5%, оқу үлгерімі 100%. Оқушылар емтиханда өз білімдерін дәлелдей білді. Қорытынды аттестаттау бойынша білім сапасы 88,5% көрсетті. Емтихан тапсырмалары бағдарламаға сәйкес берілген.

Таңдау пәндері:

Пәні	Оқушы саны	«5».	«4»	«3»	«2»	% үлгерім	% сапа
Физика	5	1	4	-	-	100	100%
География	4	0	3	1	-	100	75%
Биология	5	2	3	1	-	100	83,3%
Құқық негіздері	2	1	1	-	-	100	100%
Дүние жүзілік тарих	4	2	1	1	-	100	50%
информатика	5	3	1	1	-	100	80%
Шетел тілі (ағылшын)	2	1	1	-	-	100	100%

Таңдау пәндері бойынша емтихан қорытындысы бойынша оқу үлгерімінің жылдық және емтиханның қорытындысы бойынша пайыздық көрсеткіші 100% құрады.

Талдау нәтижесі: Оқушылардың жыл бойғы білім сапасын және емтихандарды салыстырсақ, қазақ тілі, орыс тілі мен әдебиетінен тұрақты, алгебра және анализ бастамалары пәнінен 15,4%, тарих пәнінен оң динамика байқалады. 2022-2023 оқу жылындағы қорытынды аттестаттау кезінде өз білімдерін нақты көрсете білді. Жалпы орта білім беру курсы бойынша білім беру бағдарламаларын 11-сынып түлектері игергенін атап өтуге мүмкіндік береді.

Қорытынды:

Барлығы 26 бітіруші жалпы орта мектеп курсы бойынша қорытынды аттестациядан сәтті өтті. Мемлекеттік қорытынды аттестаттау бойынша білім алушылар жылдық бағаларын растады, бұл оқушылардың оқу кезеңі бойынша пәндерден нақты бағасын көрсетті. Барлық түлектер белгіленген мерзімде тиісті үлгідегі білім туралы құжаттарын алды. Әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері) үлгілік оқу жоспарлары мен Мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білім беру деңгейіне сәйкес келеді. (Оқушылардың қорытынды аттестаттау хаттамаларының көшірмелері қоса беріледі)

2) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау: оқушылардың білімін бағалау критерийлеріне сәйкес оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау және қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарына сәйкестігі;

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқушылардың білімін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау түрінде жүзеге асырылады. Бағалау «Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығына және Білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен (2020 жылғы 28 тамыздағы № 375 өзгерістер мен толықтырулар) нормативтік құжаттарға сай **2021-2022 оқу жылында** пәндер бойынша БЖБ және ТЖБ жиынтық жұмыстарының саны оқу жоспарлары, әдістемелік нұсқаулық хаттың жылдық ұсыныстары, стандарт талаптарымен анықталды. Тоқсандағы жиынтық жұмыстың спецификациялары әр сыныптағы пәннің ұпай санын, мақсатқа сай тапсырмалардың түрлерін және жиынтық жұмыстың құрылымын анықтайды. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен (Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 373 бұйрығына өзгерістеріне сәйкес) 2020-2021 оқу жылынан бастап 1-сыныптар бағаланбайды. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сай барлық 2-11 сыныптарда жиынтық бағалау жүргізілді. Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ қажет болған жағдайда бөлімдерді біріктіре отырып тоқсанына екі реттен артық жүргізілмеді, және аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде қорытынды баға жартыжылдыққа қойылды. БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмеді. Бөлімдер/ортақ тақырыптар тоқсанына төрт және одан да көп бөлімдерді/ортақ тақырыптарды оқып-зерделеген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктірілді.

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес (2020 жылғы 28 тамыздағы № 373 өзгертулер мен толықтырулармен). Қалыптастырушы бағалау нәтижелері күнделікті электронды журналда 1-ден 10-ға дейінгі ұпайлар түрінде көрсетіліп, оқушылардың ынтасын арттыруға мүмкіндік берді. Қалыптастырушы бағалаудың максималды баллы 2-11 сыныптарда 10 балл: 1-3 балл төмен деңгей, 4-7 балл орташа деңгей, 8-10 балл жоғары деңгей критерийлеріне сәйкес келеді. Тоқсан ішінде қалыптастырушы бағалауға қойылған ұпайлар тоқсанға баға қою кезінде автоматты түрде есепке алынады. Яғни, тоқсандық баға мына формула бойынша қалыптасады: ТЖБ бағасының 50% (тоқсан бойынша жиынтық бағалау), 25% - БЖБ (бөлім бойынша жиынтық бағалау) + 25% - ағымдағы сабақтар бойынша қалыптастырушы бағалау. Әр оқушыға берілетін қалыптастырушы бағалау санын мұғалім өзі реттейді. Мектеп-гимназияда оқу процесінің шамадан тыс жүктелуіне жол бермеу үшін әр тоқсан сайын бір оқу күнінде үш БЖБ және үш ТЖБ -дан көп емес болуын есепке алу үшін, ТЖБ және БЖБ өткізу кестесі жасалып, бекітіледі. ТЖБ тоқсанның соңғы күні өткізілмейді.

Оқу процесінің сапасы тоқсан сайын бір рет бақыланды. Қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың уақытылы шығарылуы күнделікті бақылауға алынды.

ТЖБ мен БЖБ жауаптарында академиялық адалдықтары үшін жиынтық бағалау 2 және одан да көп нұсқада алынады. Сабақта БЖБ орындау үшін өткізу нысаны бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу және тағы да басқалар түрінде құрастырылып БЖБ-ның жүргізілу уақытын педагог дербес өзі айқындай отырып құрастырады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 09.02.2018 жылғы №47 бұйрығының 15-тармағына сәйкес "Көркем еңбек", "Музыка", "Дене шынықтыру", "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері", "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық", және бастауыш сыныптарда "Цифрлық сауаттылық" пәндері бойынша БЖБ мен ТЖБ өткізілмеді және тоқсан/жартыжылдық және оқу жылының қорытындысы бойынша "есептелінді" ("есептелінген жоқ") деген белгі жазылды.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 26.03.2021ж №125 бұйрығының 99 – қосымшасы мен 08.11.2012 ж №500 бұйрығына 99- қосымшасының негізінде 11-сыныптарда төмендетілген оқу жүктемесі бар инвариантты компоненттің *тереңдетілген* ҚГБ –ғы 11Ә және 11 Б сыныптарындағы дүнежүзі тарихы, 11Ә сыныбындағы құқық негіздері, 11Б сыныбындағы географиядан бағалау жүргізілді. *Стандартты деңгей пәндерін* таңдаудағы "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" оқу пәнінен басқа 11Б сыныбындағы физика, 11Ә сыныбындағы химия, 11Ә,Б сыныбындағы биология пәндері бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау жүргізілді.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 26.03.2021ж №125 бұйрығының 100 – қосымшасы мен 08.11.2012 ж №500 бұйрығына 100- қосымшасының негізінде ЖМБ бағытындағы 11 А сыныбында тереңдетілген деңгейдегі физика, география пәндері бойынша жиынтық бағалау жүргізілді, стандартты деңгейдегі "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" 11А сыныптары бойынша бағаланбады. Вариативтік компонент есебінен таңдалған 5-11-сыныптардағы оқу пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмеді.

Медициналық себептермен және ерекше білім беру қажеттіліктері бар үйде оқитын балалар үшін пән мұғалімдері оқу жүктемесі мен оқыған оқу материалын ескере отырып, жеке тапсырмалар әзірледі.

2022-2023 оқу жылында «Білім және ғылым министрінің бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 373 бұйрығына сәйкес 1-сыныптар бағаланбайды. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен негізделген бағалау барлық 2-11 сыныптарда жүргізіледі.

2022-2023 оқу жылына арналған жиынтық және қалыптастырушы бағалауды өткізу алгоритмі сақталған. Қалыптастырушы бағалау балдары күн сайын электронды журналға қойылады. Педагогтар күн сайын оқушылардың оқу жетістіктерінің үлгерімін балл түрінде журналға жазып отырды: қалыптастырушы бағалаудың максималды баллы 2-11 сыныптарда 10 балдан аспады. Тоқсанға баға қою кезінде қалыптастырушы бағалаудың орташа баллы ескеріледі. Оқушылардың қалыптастырушы бағалау балының санын мұғалімнің өзі анықтайды. БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болып құрастырылды. Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ қажет болған жағдайда бөлімдерді біріктіре отырып тоқсанына екі реттен артық жүргізілмеді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылды. ТЖБ балдары әр оқу пәнінің бекітілген спецификациясына сай қойылды.

Оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізілмеді ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейді. Бір оқу пәні бойынша БЖБ мен ТЖБ бір күнде өткізілмейді және ол үшін мектеп директорының бекітуімен кесте оқу жылының алғашқы күнінен құрастырылып бекітіледі.

"Көркем еңбек", "Музыка", "Дене шынықтыру", "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері", "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық", және бастауыш сыныптарда "Цифрлық сауаттылық" пәндері бойынша БЖБ мен ТЖБ өткізілмейді және тоқсан/жартыжылдық және оқу жылының қорытындысы бойынша "есептелінді" ("есептелінген жоқ") деген белгі жазылды.

ЖМЦ бағытындағы 10-сыныптарда (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығына 39-қосымша, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012ж 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымша) 10Ә, 11 А сыныптары бойынша вариативті компонент сағатының есебінен таңдалған оқу пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмеді.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының 26-қосымшасы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012ж 8 қарашадағы №500 бұйрығына 29-қосымшасына сай ҚГБ бағытындағы 10 А сыныптағы төмендетілген оқу жүктемесі бар инвариантты компоненттің тереңдетілген деңгейден 10А дүние жүзі тарихы, шетел тілі, стандартты деңгейінің 10 А сыныбындағы физика пәндері бойынша жиынтық бағалау жүргізілді, стандартты деңгейдегі "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" 10 А сыныбы бойынша бағаланбады.

2023-2024 оқу жылында әр оқу жылындағыдай қалыптасқан заңнамаларға сай жылдағыдай жиынтық бағалау жүргізілуде. Мектепшілік бақылау жоспарына сай «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрық өзгерістерімен қоса жүзеге асырылуы қатаң бақыланады.

"Көркем еңбек", "Музыка", "Дене шынықтыру", "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері", "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" және бастауыш сыныптарда "Цифрлық сауаттылық" пәндері бойынша БЖБ мен ТЖБ өткізілмейді және тоқсан/жартыжылдық және оқу жылының қорытындысы бойынша "есептелінді" ("есептелінген жоқ") деген бағалану түрі жазылуда.

Гимназия сыныптардағы 10-сыныптарда (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023жылы 18 тамыздағы №246 бұйрығына 19-қосымша, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012ж 8 қарашадағы №500 бұйрығына 29-қосымшаға сай) төмендетілген оқу жүктемесі бар инвариантты компоненттің тереңдетілген деңгейден 10А дүние жүзі тарихы, құқық негіздері , 11 А шетел тілі , дүниежүзі

тарихы және стандартты деңгейінің 10 А сыныбындағы биология, 11 А сыныбындағы физика пәндері бойынша жиынтық бағалау жүргізілді, стандартты деңгейдегі "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" 10 А, 11А сыныптары бойынша бағаланбады. Вариативті компонент сағатының есебінен таңдалған 10-11-сыныптардың оқу пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмеді, оқу жылының соңында "есептелінді" ("есептелінген жоқ") деген белгі жазылады. Вариативтік компонент есебінен таңдалған 5-9-сыныптардағы оқу пәндері бойынша (инварианттық компоненттегі таңдау пәндері) жиынтық бағалау өткізілмеді, оқу жылының соңында "есептелінді" ("есептелінген жоқ") деген белгі жазылады."

Мектеп басшысының орынбасарлары БЖБ мен ТЖБ -ның ұйымдастырылуын бақылауды мектепшілік бақылау жоспарына сай жүзеге асырады және ««Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы негізінде әр жылдың басында пәндердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарымен қоса, тоқсандар бойынша БЖБ мен ТЖБ кестесі құрастырылады. "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 қарашадағы № 509 бұйрығына сай жұмыстар атқарылды.

Мектепшілік бақылау аясында ІІ тоқсанда оқу мақсаттарының БЖБ және ТЖБ мақсаттарына сәйкестігін бақылау мақсатында БЖБ және ТЖБ мониторингі жүргізілді. БЖБ және ТЖБ талдаулары бірлестік отырыстарында қаралады. Бастауыш, орта және орта мектептердің барлық пәндері бойынша жиынтық жұмыстар бақыланды. Бақылау барысында өрескел ережелерді бұзушылықтар болған жоқ. Болған ескертулер екінші бақылау кезеңінде жедел дұрысталып отырды. Нақты тоқталар болсақ, көбіне тапсырмалардың 2 нұсқадан ғана аспауы және құрастыру барысындағы күрделі мақсаттарға тапсырмалардың қарапайым құрастырылуы. Ұсыныстар жасалды. Екінші бақылау барысында бұл кемшіліктер де жөнделді. Жиынтық жұмыстарды модерациялау оқушы пен оның заңды өкілдерінің арасында қойылған баллмен келіспеушілік жағдайында жүзеге асырылатынымен мұғалімдер таныс бірақ, мектеп-гимназияда даулы мәселелер туындаған жоқ.

Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізген.

Жыл бойы формативті бағалауға, тақырыптар бойынша оқу тапсырмаларына, оқушылардың білім олқылықтарын толтыруға арналған оқу мақсаттарына, аяқталған оқу материалын қайталауға және бекітуге ерекше көңіл бөлінді.

2-11 сыныптарда бақылау үшін бастапқы бақылау жүргізіліп, нәтижесінде үлгерімі төмен оқушылар анықталды. Осындай оқушыларға білімдерін толықтыру жоспарлары жасалып, 2023-2024 оқу жылының күрделі тақырыптары белгіленді. Олқылықты толықтыру жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп, мектеп әкімшілігімен мектепшілік бақылау жоспары аясында бақылауға алынды. Үлгерімі төмен оқушылармен пән мұғалімдері кесте бойынша белгілі бір күндері жеке консультациялар жүргізді. Сондай-ақ оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, білім-білік дағдыларын қолданудағы жетістіктерін бағалау жұмыстары да жүргізілді. Оқушылар сұранысына орай функционалдық сауаттылық дағдыларын дамыту үшін BilimCenter.kz платформасы, Onlien Mektep.kz., U-Study ақылы сынақ нұсқалары тұрақты түрде қолданылады.

2023-2024 оқу жылында ҚҒБ бағытындағы 10 «А», 11 «А»-сыныптарда (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылы 18 тамыздағы № 264 бұйрығына 19-қосымша, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012ж 8 қарашадағы №500 бұйрығына 29-қосымша) төмендетілген оқу жүктемесі бар таңдау бойынша пәндерден тереңдетілген деңгейдегі 10А дүние жүзі тарихы, құқық негіздері және стандартты деңгейінің 10 А биология пәнінде бағалау жүргізілді. Стандартты деңгейдегі 10А, 11 А сыныптарындағы "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" оқу пәнінен басқа таңдаудың стандартты

